

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК
ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
ГРАММАТИКАСЫ**

Ж. Түймебаев
М. Ескеева
Н. Журакузиев
Н. Киличов

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ



ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ


ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТИ
БАСПА ҮЙІ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты

Ж. Түймебаев
М. Ескеева
Н. Журакузиев
Н. Киличов

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ

(Кестелі-сипаттамалы)

Оқу құралы

ТҮРКІТАНУ СЕРИЯСЫ

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

ӘОЖ 80/81
ББК 81.2
Қ 17

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (№ 11 хаттама 27.06.2023 жыл)
және Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі
мен әдебиеті университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Н. Рахмонов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Г. Сағидолда**

Авторлар:

Ж. Түймебаев, М. Ескеева,
Н. Журакузиев, Н. Киличов

Қ 17 Қазақ және өзбек тілдерінің салыстырмалы грамматикасы
(кестелі-сипаттамалы): оқу құралы / Ж. Түймебаев, М. Ескеева,
Н. Журакузиев, Н. Киличов. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.
– 244 бет.

ISBN 978-601-04-6377-6

Еңбек қыпшақ тобындағы қазақ және қарлұқ тобындағы өзбек тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысын салыстырмалы тұрғыдан сипаттауға, ортақ белгілер мен ерекшеліктерді кесте түрінде көрсетуге бағытталған. Лингвистикалық терминдер екі тілде берілген.

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарындағы түркітану, қазақ филологиясы, өзбек филологиясы мамандықтарының білім алушыларына және түркі тілдерінің құрылымына қызығатын көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2**

ISBN 978-601-04-6377-6

© Түймебаев Ж., Ескеева М.,
Журакузиев Н., Киличов Н., 2023
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2023

КІРІСПЕ

Қазіргі түркі тілдерінің синхрониялық қалып-күйін деңгейлік жүйе бойынша (фонетика-фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік) саралап, түркі тілдерінің жүйелі салыстырмалы-синхронды корпусын сомдау; интеграциялық және дифференциациялық лингвоиндикаторларды толық қамтитын түркі тілдері грамматикалық құрылымының бірізді моделін түзу мәселесі – заманауи лингвистикалық түркітанудың негізгі міндеттерінің бірі. Бұл міндетті орындау диахрониялық зерттеулерге негізделеді.

Түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты бірі дәуірлеп, бірі құлдырап, бірі жаңадан құралып жатқан мемлекеттік деңгейдегі түркі бірлестіктері мен қағанаттары құрамындағы түркі халықтарының тілдері үнемі даму үстінде болды, қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де базалық лексикасы мен фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерінің белгілері сол кездерде-ақ негіз-тіл, одан кейінгі макротоптор құрамындағы диалектілер жүйесінде дамыды. Сондықтан тілдік даму мен түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты дербес тіл ретінде ажыраған тілдердің бәрінде де негіз-тілдің сілемдері мен макротоптардың белгілері сақталады, сонымен қатар жаңа белгілермен толығуы – тілдің табиғи дамуындағы универсалды заңдылық. Ортақ бастауларға негізделген туыс тілдердегі әрбір жаңа құбылыс белгілі бір орталықтан тарап, интралингвистикалық және экстралингвистикалық ықпалдарды қабылдай отырып, олардың дербес тілдік ерекшеліктерін қалыптастырады, интегративті белгілер көмескіленгенімен өзара сабақтастық үзілмейді.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілінің диалектілерінен дамыған дербес түркі тілі болып табылады. Қарлұқ тобындағы өзбек тілі – көне қарлұқ диалектілері негізінде дамып, түрлі кезеңдерде оғыз, қыпшақ

тайпалары тілдерін, сондай-ақ түркілік емес иран, араб, моңғол тілдері диалектілерін өзіне сіңіре отырып, ұлттық тіл ретінде қалыптасқан дербес түркі тілі.

Біздің заманымызға дейінгі сақтардың, одан кейінгі ғұндардың тілімен ұласып жатқан жалпытүркілік негіз-тілден бастау алатын қазақ және өзбек тілдерінің V–XVIII ғасырлар аралығындағы тарихи дамуы Түрк қағанаты → Дешті қыпшақ → Жошы, Шағатай ұлыстары → Алтын орда → Ноғай ордасы → Өзбек хандығы → Қазақ хандығы мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады. Өзбек тілі Қарлұқ, Қараханидтер мемлекеттеріндегі, Шағатай ұлысы мен Шайбани мемлекетіндегі тілдік жағдаймен тікелей сабақтастықта дамыды. Қарлұқ, Қараханидтер, Шағатай мемлекеттеріндегі тілдік жағдай қазақ тілінің дамуында да маңызды орын алады. Қазақ және өзбек тілдерінің қалыптасуы мен дамуы үдерісінде Шайбаний, Бұхар, Хиуа хандықтарындағы (XVI–XX ғ.) лингвистикалық ахуалдың да ізі қалды.

Қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі көне қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайтыны белгілі. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып ескі қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанын қыпшақ ескерткіштері тіліндегі диалектілік ерекшеліктер дәлелдейді. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі белгілері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасу мүмкіндігін көрсетеді.

Қыпшақ тобына кіретін тілдерде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы о бастағы қыпшақтық кезеңге тән болса, енді біразы Алтын орда дәуірінде дамып, о бастағы қыпшақтық сипат тереңдей түсті. Алтын орда дәуірінде моңғолдардың түркілену үдерісінің қарқындылығы олардың қыпшақ тайпаларының құрамына біржолата сіңіп кетуімен сипатталатыны белгілі. Бұл құбылыстың басты факторы ретінде қыпшақтардың мәдени-экономикалық деңгейінің жоғарылығын; тілінің белсенді түрде ресми әрі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын; жартылай отырықшы өмір салтын; дүниетанымының, этностық санасының беріктігін атауға болады.

Қыпшақ тілдерінің үш бұтаққа бөлінуі XI ғасырдың алғашқы жартысына (1010–1055 ж.) сәйкес қарастырылады. Тілдік топтың іштей дифференциациялану үдерісі сол кездегі миграциялық үдерістердің нәтижесі ретінде, оғыздардың ығысуымен, хазарлар территориясын половецтердің қоныс аударуымен сипатталады. Өзіндік ерекшеліктері айқындала бастаған қыпшақ-половец, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-ноғай тілдік топтарының одан әрі ыдырау үдерісі де XIV–XVI ғасырлар аралығындағы тарихи оқиғаларға байланысты жүріп отырды. Қыпшақ-половец тілдік тобының іштей бөлінуі Ақсақ Темір шапқыншылығымен байланысты болса, қыпшақ-бұлғар тобының іштей ыдырауы Алтын орданың құлдырауымен, қыпшақ-ноғай тобы тілдерінің іштей ыдырау кезеңі Ноғай ордасының құлауымен сәйкес келеді¹.

Қазақ тілі. Қазақ халқының ана тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақтардың жалпы саны – жиырма миллион шамасында. Қазақстаннан тыс аймақтардағы қазақтардың ең көп шоғырланған жері – Қытай мен Моңғолия, басқа алыс және жақын шетелдерде де шағын диаспоралық топтар мен тілдік анклавтар шашырай таралған. Ортаазиялық түркі жазба әдеби тілінің дәстүрін жалғастыра отырып, XVI–XVIII ғасырларда ескі қазақ тілі, XIX ғасырда жалпыхалықтық тіл негізінде қазіргі қазақ жазба әдеби тілі қалыптасты.

XIV–XIX ғасырларда қазақ тіліне қатысты алғашқы еңбектер – грамматикалар мен сөздіктер, тілашарлар, хрестоматиялар жарыққа шығып, түркі тіл білімі аясындағы қазақ тіл білімінің іргетасы қалана бастады.

Қазақ тілі – араб-парсы ықпалына аз ұшыраған, түркілік табиғатын терең сақтаған тілдердің бірі, сондай-ақ диалектілік ерекшеліктері бәсең, монолитті тіл. Әдеби нормадан көп ерекшеленбейтін төрт ареалдық топ ажыратылады: батыс, оңтүстік, орталық-солтүстік, шығыс. Қазақ тілі – фонетика-фонологиялық жүйесі мен лексика-грамматикалық құрылымында көне белгілерді де, жаңа белгілерді де молынан сақтаған тіл.

Түркілер тарихындағы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. мемлекеттік деңгейдегі ұлы тайпалық одақтардың, дулат, арғын, керей, найман,

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – М.: РГГУ, 2009. – С. 30-36

қоңырат, адай, т.б тәрізді ірі тарихи тайпалардың атауын өзінің этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесінде сақтап қалған; мемлекеттік территориясы ежелгі сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері территорияларының негізгі аумағын, көне дәуірдегі Түрік қағанаты мен орта ғасырдағы Дешті қыпшақ мемлекеті аумағының басым бөлігін, бірнеше этникалық топтар мекендеген ұлы Тұран даласының негізгі бөлігін, кейінгі түркілердің төл бесігі саналатын Түркістан аймағын қамтитын қазақ халқының тарихи-лингвистикалық негізі оның тарихи-этникалық негізімен тығыз байланысты². ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына дейінгі зерттеулер мен тарихи құжаттарда қазақ халқы қырғыздар, дала қырғыздары, қырғыз-қайсақтар, қырғыз-қазақтар, қайсақтар деп аталып келді.

Түркі тілдері этнонимдер жүйесіндегі қазақ лексемасы тарихи жазбалардағы *коссак, касак, касак, косог* атауларымен байланыста қарастырылады.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілі диалектілерінің бірі болып табылады. Жалпытүркілік тектілден бастау алатын қазақ тілінің б.з. V ғасырынан кейінгі дамуы Түрік қағанаты → Дешті қыпшақ → Алтын орда → Ноғай ордасы → Қазақ хандығы мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады. Қазақ хандығының құрылуы халық тілінің жүйеленуіне, даму бағытының бір арнаға түсуіне ықпал етті.

Өзбек тілі. Өзбек халқының ана тілі, Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі. Өзбек тілінде сөйлейтін адамдардың жалпы саны дүниежүзі бойынша отыз бес миллионнан асады. Өзбек ұлтына жататын халықтың негізгі бөлігі Өзбекстан Республикасын мекендейді, сондай-ақ Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Ресей, Түркия мемлекеттерінде де өзбектер тұрады.

Өзбек халқы көп ғасырлық тарихқа және бай мәдени мұраға ие түркі тілдес халықтардың бірі. Ұлт ретінде белгілі болған – өзбек этнонимін ресми түрде ХХ ғасырдың басында алған болса да, қазіргі

² Ескеева М.К. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.; Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика: ұжымдық монография / авторлық ұжым: Б. Сағындықұлы, Р. Досжан, М. Ескеева, М. Сабыр, Б. Сүйерқұл. – Алматы: «Алдоңғар» МДК, 2013. – I том. Бірінші кітап. – 236 б.; I том. Екінші кітап. – 348 б.

Өзбекстан аймағында өзбек ұлты этникалық негізінің қалыптасуы ерте дәуірлерден басталады. Ақын Еркін Вахидовтің өлеңінде:

Tarixingdur ming asrlar ichra pinhon, o'zbekim,
Senga tengdosh Pomir-u oqsoch Tiyonshon,
o'zbekim, –

деп көрсетілгендей, өзбек халқы негізінің Өзбекстан (және оған жақын) аймақтарында қалыптасуы IX және одан алдыңғы ғасырларға тиісті³. Бұның жарқын дәлелі сол дәуір жазба ескерткіштерінде тіркелген топонимдер мен антропонимдер болып табылады. Соның ішінде Өзбекстанда *будун* формасы арқылы жасалған көптеген топонимдерді кездестіреміз: Шербудун, Қусбудун, Қызбудун. Бұл топоним құрамындағы *будун* сөзі ескі түркі тілінде, X-XI ғасырларда, «халық, ел, ұлыс» мағынасында өте кең қолданылған. Демек, Шербудун – сыр халқы, сыр елі мағынасын білдіреді. *Шыр, сыр, чыр* атымен ескі түркі халықтарының бірі аталған. Сыр будун – «сыр елі», «сыр тайпасы» мағынасында Құтты білік ескерткішінде (732 жыл) кең қолданылады. Демек, Бұқара қаласынан 5 шақырым шығыста орналасқан және Бұқара әмірлігі резиденцияларының бірі болған Шербудун елді мекені атауының құрамында сақталған *будун* сөзі бұл топонимнің сол сөз қолданылған дәуірге (яғни X-XI ғасырларға) тиістілігін, сол уақыттарда Бұқараның дәл ортасындағы бір мекенде түркі халықтарына тиісті сыр, шыр, чыр тайпасы маңызды болғанын білдіреді. Себебі көп жағдайларда елді мекендер сол жерді мекендейтін тұрғындар ру (тайпа, елді мекен) атымен аталып келген, мысалы: маңғыт, қыпшақ, қарлұқ, жалайыр, саят, олат, арабон, арабхана, өзбекон, оғызрабат, т.б. Сондықтан Шербудун топонимінің құрамындағы *шыр, сыр, чыр* компоненті Сырдария және Шыршық гидронимдерінде де көрініс беруі бек мүмкін. Шыршық атауы VII ғасыр ескерткіштерінде де, Чыр суы, Шыр суы тұлғасында одан кейінгі дәуірлерде де қолданылған. *Будун* және *сыр≈шыр≈чир* компоненттерінен жасалған ономастикалық лексиканы бүкіл Өзбекстан аймағынан кездестіруге болады. Бұдан шығатын қорытынды, түркі тайпаларына жататын халықтардың қазіргі Өзбекстан аймағында ерте заманнан бері маңызды орын алып келгені.

³ Sayfullayeva R. va b. Hozirgi o'zbek adabiy tili. – T., 2010. – 10-11-b.

Деректерден белгілі болғандай, бұл аймақтарда V-VI ғасырларда үстемдік еткен эфталиттар түркі халықтарына тиісті болған. Өзбекстан аймағында ерте дәуірлерден бастап түркі және ирандық халықтар (қазіргі кездегідей) көршілес әрі тату өмір сүріп келеді. Өзбек халқының тарихи негізі де сол ескі дәуірлерге барып тіреледі. Сондықтан өзбек халқының, өзбек тілінің қалыптасу арналарын орта ғасырларда қазіргі Өзбекстан аймағын мекендеген түркі халықтарының қарлұқ тайпасына тиісті Ілікхан (Қараханидтер) мемлекетінің орнауымен, ресми тіл ретінде түрк жұртына ортақ түркі тілінің қолданылуымен тікелей байланыстыруға болады.

XI-XII ғасырлардағы түркі жазба мұралары тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін салыстыру нәтижелері Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрк» еңбегіндегі «түрк тілі», Жүсіп Баласағұнның «түркшесі» және Ахмед Йүгнекидің «түркшесі» негізінен бір тіл екенін көрсетеді. Бұл тіл Хорезмидің «Мухаббатнама», Хожандидің «Латофотнама» шығармаларында, Сейф Сараи, Жүсіп Әмір, Атои, Сакаки, Лутфи еңбектерінен көрініс табады. Әлишер Науаи шығармаларының тілі – өркендеу кезеңіне көтерілген ескі өзбек тілінің ең алғашқы даму кезеңі.

Махмұд Қашқари Қараханидтер мемлекетінің халқын түрк деп атай отырып, оларды сол аймақты мекендейтін оғыз, түрікмен және ұйғырлардан ажыратып көрсетеді. Қарлұқ тайпасына тиісті түркі халқы қазіргі өзбек ұлтының негізін құрады және IX ғасырдан бастап этникалық негізі «түрк (түрктер)», тілі «түрк тілі» деп аталды. IX–XVI ғасырларда бұл түркілер өздерімен көршілес қыпшақ, оғыз, ұйғыр тайпаларын, IX ғасырдан бастап бай әрі қоныс етуге қолайлы, жоғары мәдениетке ие аймаққа көптеп көшіп келген және отырықшылыққа ауысқан арабтарды, XI–XIV ғасырларда Шыңғыс, Бати, Шағатай, Жошы сияқты моңғол әскербасыларының әскері құрамында болған әртүрлі моңғол және сол дәуірде оңтүстік-шығыс Сібір, Солтүстік Қытай, қазіргі Моңғолия, Алтай аймақтарын мекендеген қырғыз, ұйғыр тайпаларына жататын түркі рулары мен тайпаларын, XIV–XV ғасырларда иран тектес, араб тектес, Рим (Шығыс Рим империясы, Византия – қазіргі Түркияның Анадолысы), Кавказ, Еділ бойы өлкелерінен көшіп келген түркілік және түркілерден басқа халық өкілдерін түрк этнонимін сақтай отырып, өз құрамына сіңіріп келді. Әлишер Науаи да бұл халық пен тілді сол атпен – түріктер және түркілік деп атайды және ол түрлі тайпалар

мен руларға бөлінетініне қарамастан, тілі (оның ішінде әдеби) мен мәдениеті бір екенін көрсете отырып:

Agar bir qavm, va gar yuz, yo'qsa, mingdur –
Muqarrar turk ulusi xud meningdur.
Olibmen taxti farmoning'a oson
Cherik tortmay Xitodin to Xuroson.
Ko'ngul bermish so'zimga turk jon ham,
Na yolg'iz turk, balkim turkmon ham («Фархад пен Шырын»), –

деп мақтанышпен жырлайды және «түрік сарттан да тез ұғынады» («Мухокаматул луғатаин») деп жазады. Әлішер Науайдан келтірілген үзіндіде түрк және түркмен этнонимдері жеке-жеке халық атауы ретінде көрсетіледі, сондай-ақ түрк сөзі кең мағынада да, тар мағынада да жұмсалады. Тар мағынада түрк сөзі қарлұқ тайпасына тиісті, өзбек халқының қалыптасуына тірек-негіз болған отырықшы халық аталған. Кавказ, Түркия, Алтай, Еділ бойы, Балтық жағалауы, Шығыс Еуропа аймағында қолданылған түрк сөзінің тар мағынасы (қай халық яки этникалық топтың түрк аталуына байланысты) дәуірі және аймағы жай-жағдайларына сәйкес анықталады және әрбір дәуір сол аймақ үшін ерекшелікке ие.

XVI ғасырда қазіргі Өзбекстан халқының құрамында үлкен өзгерістер болды: Темурийлер мемлекеті Дешті қыпшақтағы (Сырдарияның оң жағасынан солтүстік-шығысқа орналасқан Қазақстан шөлдерінде) Мұхамед Шайбанихан басшылығында қыпшақ тайпасына тиісті көшпелі өзбектер тарапынан басып алынады және 92 руға тиісті болған көшпелі өзбек тайпалары өкілдері бұл аймаққа көптеп келіп орналаса бастайды. Көшпенділер отырықшы халықты сарт деп атағаны себепті көшпелі өзбектер өздері басып алған және өздерін түрк деп атайтын отырықшы (қалада тұратын, суармалы диқаншылықпен шұғылданатын) халықты тұрмыс жағдайына қарап сарт деп атайды. Нәтижеде XVI ғасырда және одан кейінгі дәуірде қазіргі Өзбекстанда (Шайбанилер мемлекеті аймағында) халықты сарт-өзбекке ажырату кең таралды. Сарт атауымен Қараханид-Шыңғыс-Темуридтер мемлекетінде түрік деп аталған, қарлұқ тайпасына жататын түркі тектес (және екі тілді) отырықшы халықтың (оларға сіңіп кеткен басқа елдердің) ұрпақтары, өзбек этнонимімен қыпшақ тайпасына жататын Шайбаниханмен келген

көшпенді шаруашылықпен яки өнімді диқаншылықпен шұғылданатындар аталды. XVII–XIX ғасырларда көркем шығармада сарт және өзбек атауларының қолданылуы да осы өзгерістермен байланысты. Фарғани поэзиясынан, Абдулла Қадридін «O'tkan kunlar» және «Mehrobdan chayon» шығармаларынан өзбек және сарт этнонимдерінің ерекшеліктерін көруге болады. Сондай-ақ Турди ғазалдарында да бәйіттер бар:

O'zbek o'g'li o'qisa tafsir ila mishkotni,
Ro'z savm-u shab qiyom afzun etib tootni,
Etsa toroji havodis, jam' o'lub avboshha der:
«Sahmgin solib suron ur, molin olg'il sortni».

Қазіргі өзбек тіліндегі *өзбек* сөзінің «жуас», «ақ көңіл», «дұрыс» сияқты мағыналарының сақталуы да жоғарыда көрсетілген жағдайлармен байланысты: *Sevsam, sevibman-da, o'zbekman, sodda* (Ғ. Ғұлом).

Орыс отаршылдығы дәуірінде де IX–X ғасырлардағы түркілердің ұрпағы – өзбек халқы *sart/sart* этнонимімен аталды. Сондықтан XIX ғасыр соңында өзбек тілі бойынша Н.П. Остроумов, М.С. Андреев, Л.А. Зимин, т.б. тарапынан түзілген алғашқы еңбектерде де сарттар, сарт тілі терминдері қолданылды.

XX ғасыр басында бүгінгі өзбек ұлтының ресми аталуы біраз пікірталастарға себеп болды. Негізгі пікірталас *түрік, түркістандық, сарт, өзбек* атауларына қатысты еді. Сол дәуірде жетекші ғалымдар көбірек өзбек атауын мақұлдады.

Өзбек сөзі этноним ретінде ескі дәуірде-ақ қолданыста болған. IX ғасыр араб деректерінде өзбектер батыр, ержүрек болғаны, сондықтан халифат басшылары олардан өздері үшін қорғаушылар жалдағаны туралы мағлұмат бар. Бірақ орыс және кеңес дәуірі ғылымында *өзбек* сөзі Алтын ордада 1313–1342 жылдары хан болған Сұлтан Мұхаммед Өзбекхан атымен байланысты деген пікір кең таранды. Бұл – қате пікір. *Өзбек* лексемасы этноним ретінде XIV ғасырдан біраз алдында қолданылғанын дәйектейтін деректер бар. Сондықтан, керісінше, Сұлтан Мұхаммед Өзбекханға қойылған есім *өзбек* этнонимі негізінде қалыптасқан этноантропоним болып табылады.

Батыс Еуропа өзбек тілімен, мәдениетімен XVII–XVIII ғасырлардан бастап таныса бастады және ескі өзбек тілі Батыс Еуропада

шағатай тілі терминімен белгілі болды. Бұл термин Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай ибн Шыңғыс (1185–1242 ж.) құрған Шағатай ұлысының (1224–1346 ж.) атымен байланысты қалыптасты. Әмудария, Сырдария, Мәуереннахр, Жетісу, Іле, Шығыс Түркістан аймақтарын қамтыған кең-байтақ аумақты мекендеуші барлық түркі халықтары Шағатай ұлысына қарасты болды. Осы аумақтағы барлық түркі халықтарына ортақ жазба-әдеби тіл шағатай тілі аталды. XVII және одан кейінгі ғасырлардағы өзбек ойшылдары мен шайырлары өзбек тілін де шағатай тілі деп атады, бұл шағатай тілін ескі өзбек тілі ретінде қарастыруға негіз болды. Еуропада «шағатай тілі» терминінің кеңінен таралуына Герман Вамберидің XIX ғасыр түркологиясындағы маңызды еңбегі «Chagatayische sprachstadium» («Шағатай тілі оқулығы») оқулығы ықпал етті. Сондай-ақ өзбек тілі Еуропада қараханий, шығыстық түрікше, шығыстық Түркістан тілі, ислами шығыстық түркі, шігілдік, түркілік тұрани, Науаи түркшесі және басқа аттармен мәлім. Бұл атаулардың әрбірінің өзіндік ғылыми-тарихи негізі бар.

Өзбек халқының этникалық негізі ерте дәуірлерден басталып, қарлұқ тайпаларын, түрлі кезеңдерде оғыз, ұйғыр, қыпшақ сияқты басқа да түркі тайпаларын, сондай-ақ иран, моңғол тайпалары өкілдерін өзіне сіңіріп, біртұтас ұлт ретінде қалыптасты. Халықтың этнологиялық тарихына сәйкес өзбек тілі де көне түркі тілінен бастау алып, қарлұқ тайпаларының диалектілерін арқау ете отырып, туыс оғыз, ұйғыр, қыпшақ тайпаларының, иран, араб, моңғол тілдерінің элементтерін қабылдады. IX-X ғасырлардан басталған үздіксіз лингвистикалық даму нәтижесінде қазіргі өзбек тілі қалыптасты. Бұл күрделі тарихи-лингвистикалық үдерістің әсері өзбек тілінің диалектілік жіктелісінен (өзбек жалпыхалықтық тілі үш үлкен диалектіге бөлінеді), лексика-грамматикалық ерекшелігінен (мысалы, ілік септіктің қарлұқша *-нің* қосымшасымен қатар мен, сен есімдіктерінен кейін оғыздық белгі *-ің* қосымшасының қолданылуы; жылан сөзінің оғыздық *ilon* нұсқасының әдеби нормаға енуі, оның қарлұқша *yilon* тұлғасының ескіруі және қыпшақ диалектісінде қыпшақтық *žilan* нұсқасының сақталуы; тарихи араб, парсы кірме сөздерінің молдығы, моңғол тілі элементтерінің болуы, т.б.) өз көрінісін тауып отыр⁴.

⁴ Sayfullayeva R. va b. Hozirgi o'zbek adabiy tili. – T., 2010. – 10-17-b.

«Қазақ және өзбек тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» қыпшақ тобындағы қазақ және қарлұқ тобындағы өзбек тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысын салыстырмалы тұрғыдан сипаттауға, ортақ белгілер мен ерекшеліктерді кесте түрінде көрсетуге бағытталған. Лингвистикалық терминдер екі тілде беріледі. Қазақ тіл білімінде қазақ және өзбек тілдерінің салыстырмалы грамматикасы алғаш рет дайындалып отыр. Авторлық ұжым қазақ және өзбек лингвистерінен тұрады. Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы түркітану және қазақ филологиясы, өзбек филологиясы Білім беру бағдарламалары бойынша «Қазіргі түркі тілдері», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» курстарын оқыту барысында пайдалануға бағытталған. Сондай-ақ түркі тілдерінің құрылымы қызықтыратын көпшілік қауымға арналады.

**БІРІНШІ
БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК
ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ ФОНЕТИКАСЫ**

§ 1. ГРАФИКА ЖӘНЕ ӘЛІПБИ

Графика – графемалар мен тыныс, екпін белгілерін қамтитын жазу құралдарының жиынтығы; дыбыстық жазу бойынша графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімінің саласы. Әліпби (алфавит) – жазу-сызуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы⁵.

Жазу – адамзат ақыл-ойы дамуының жетістігін көрсететін мәдени құндылықтар қатарына жататындықтан, барлық халықтың өркениет әлеміне аяқ басуы, материалдық игіліктерді меңгеруі жазба дәстүрдің қалыптасуынан басталады. Барша түркі жұртшылығына ортақ көне түркі жазба дәстүрінен, манихей, көне ұйғыр, араб, латын, армян, т.б. әліпбилерімен хатқа түскен түркі жазба мұралары тілінен бастау алатын қазақ және өзбек халықтарының жазба тілі де араб, латын, орыс әліпбилерінің негізінде дамып, қалыптасып, өзіндік дәстүрі бар жазба тілге айналып отыр. Қазақ тілінің де, өзбек тілінің де дыбыстық ерекшеліктерін толық қамтитын әліпби жүйесі қалыптасты.

Қазақ халқының жазба тілі халықтық дәуірге дейінгі жазбаша әдеби тіл және халықтық дәуірден басталатын жазбаша әдеби тіл деген екі кезеңге бөлініп қарастырылады⁶. Халықтық дәуірге дейінгі жазба тілге VII–XIV ғасырлардағы көне түркі, көне ұйғыр, араб, латын, т.б. жазуларымен жазылған ескерткіштер тілі жатады. Бұл өзбек халқының жазба тіліне де қатысты. Халықтық дәуірден басталатын жазба тілі қазіргі түркі халықтарының дербес этнос ретінде қалыптасуынан бастап (XV ғ.) Кеңес үкіметіне дейінгі, негізінен,

⁵ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – 49, 87-б.

⁶ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – 129-б.

араб, орыс, латын жазуларымен жазылған мұралардың тілін қамти отырып, қазіргі таңдағы жазба тілге жалғасады. Жазба тіл – жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл, ауызша сөйлеу тілінің белгілі бір орфографиялық заңдылықтарына бағына отырып, сол тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып жазбаша көрініс табуы, хатталуы. Бұл жазба тілге синхрондық тұрғыдан, ұзақ уақыт даму жолынан өткен жүйелі тіл мен таңбалар жиынтығынан тұратын, жетілген дыбыстық жазу негізінде берілген анықтама.

Түркі халықтарына ислам дінінің таралуына байланысты қазақ және өзбек халықтары ұзақ жылдар араб әліпбиін қолданды. Консонантты араб әліпбиін қолданған қазақ халқы 1912 жылы араб графикасы негізінде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық қамтитын қазақ әліпбиін (А. Байтұрсынұлының әліпбиі) қолданысқа енгізеді. 1928 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіп, 1940 жылдан бастап кириллица бойынша жасалған әліпби қолданылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *ә, ө, ұ, ү, ғ, ң, қ, һ, і*. Әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін – дыбыс жүйесінің табиғи қалпының бұзылмауы әліпбиге байланысты. Тілдің дыбыс жүйесі тілдің тұтас грамматикалық құрылымына, әсіресе лексикалық, морфологиялық деңгейлердің өзгерістері мен дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан тілдің әуезділігі мен буынаралық, сөзаралық үйлесімділікпен байланысы сингармонизм заңына құрылған түркі тілдері үшін әліпбидің дыбыстық ерекшеліктерді толық қамтуы аса маңызды.

Әліпби – мемлекеттің дамуы мен мемлекеттік тілдің табиғи фонетика-фонологиялық жүйесін сақтаудың негізі. Жазба дәстүрі ерте қалыптасса да, түркі халықтары түрлі тарихи-саяси жағдайларға байланысты ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде бірнеше әліпби жүйелерін қолданып келді. Қазақ халқы қолданған араб, латын, кириллица жазуларына негізделген әліпбилердің өзіндік артықшылықтарымен қатар, кемшіліктерінің болғаны да белгілі. Қазақ жазуының латын әліпбиіне, одан кейін кирилл әліпбиіне ауыстырылуы Одақтық деңгейде шешіліп отырды. Қазақ әліпбиін

қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін толық сақтайтын деңгейге жеткізуге ұлттық кадрлардың мүмкіндіктері де шектеулі болды.

Қазіргі таңда заман талабына сәйкес қазақ тілінің фонетика-фонологиялық ерекшеліктерін дәл беретін латиницаға негізделген әліпби қабылдау мәселесі қарастырылуда. Бұл қазақ тілінің табиғатын бұзатын басы артық кірме дыбыстардан арылуға мүмкіндік беретін маңызды әрі жауапты реформа. 1991 жылдан басталған жаңа қазақ жазуын реформалау мәселесі бойынша қазақ әліпбиінің бірнеше жобасы жасалып талқылануда.

1923 жылы араб графикасы негізінде өзбек тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық қамтитын өзбек әліпбиі қолданысқа енгізілді. Реформаланған араб әліпбиінде 32 әріп болды. 1928 жылдың соңында латын графикасы негізіндегі жаңа өзбек әліпбиі бекітілді.

1936 жылдан бастап бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында кирилл графикасына негізделген жазуға өту процесіне сәйкес 1940 жылы 5–8 мамыр күні Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің қарарымен кирилл графикасына негізделген жазуға өту үшін екі жыл мерзім белгіленді. Бұл әліпби 35 әріптен тұрады, 10 әріп дауысты дыбыстарды, 23 әріп дауыссыз дыбыстарды, 2 әріп (*ʋ*, *ʋ*) жіңішкелік және айырым белгілерін білдіретін қосарлы дыбыстарды таңбалайды. Кириллицаға негізделген өзбек әліпбиінде орыс әліпбиіндегі барлық әріп пайдаланылады, сондай-ақ өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше фонемаларды таңбалайтын 4 әріп бар: *z*, *q*, *x*, *ʏ*.

1993 жылы 2 қыркүйекте латын графикасына негізделген жаңа өзбек әліпбиі қабылданды. 1995 жылы 6 мамырда бұл әліпбиге кейбір өзгерістер кіргізілді. Латын графикасына негізделген өзбек әліпбиінде 26 әріп 3 қосар бірікпе (*sh*, *ch*, *ng*) және 1 апостроф белгісі (*'*) бар. Латын графикасына негізделген өзбек әліпбиін жетілдіру шаралары жүргізілуде. Қазіргі уақытта кирилл және латын жазуы қатар қолданылуда. Мемлекеттік мекемелердің ресми ісқағаздары мен оқу орындарында латын жазуына негізделген жаңа әліпби қолданылады, кириллицаны, негізінен, ересек адамдар қажеттілігіне қарай пайдаланады.

Қазақ және өзбек тілдерінің әліпби жүйесі
Qozoq va o'zbek tillarining alifbolari

Қазақ және өзбек тілдерінің әліпбиі Qozoq va o'zbek tillarining alifbolari						
Қазақ тілі			О'zbek tili			
№	Әріп	Транскрипция	№	Kirill alifbosi	№	Lotin alifbosi
1	Аа	Aa	1	А а	1	A a
2	Әә	Ää		-		-
3	Бб	Bb	2	Б б	2	B b
4	Вв	Vv	3	В в	3	V v
5	Гг	Gg	4	Г г	4	G g
6	Ғғ	γ	5	Ғ ғ	5	G' g'
7	Дд	Dd	6	Д д	6	D d
8	Ее	Ee	7	Е е		-
9	Ёё	jo	8	Ё ё		-
10	Жж	Žž	9	Ж ж	7	J j
11	Зз	Zz	10	З з	8	Z z
12	Ии	Ij ij	11	И и	9	I i
13	Йй	Jj	12	Й й	10	Y y
14	Кк	Kk	13	К к	11	K k
15	Ққ	Qq	14	Қ қ	12	Q q
16	Лл	Ll	15	Л л	13	L l
17	Мм	Mm	16	М м	14	M m
18	Нн	Nn	17	Н н	15	N n
19	ң	Ŋŋ		-	16	Ng ng

1-кестенің жалғасы

Қазақ тілі			О'zbek tili			
№	Әріп	Транскрипция	№	Kirill alifbosi	№	Lotin alifbosi
20	Оо	Оо	18	О о	17	Oo
21	Өө	Öö	19	Ў ў	18	O'o'
22	Пп	Pp	20	П п	19	P p
23	Рр	Rr	21	Р р	20	R r
24	Сс	Ss	22	С с	21	S s
25	Тт	Tt	23	Т т	22	Tt
26	Уу	Ww/uw, üw/		-		-
27	Ұұ	Uu	24	У у	23	Uu
28	Үү	Ü ü		-		-
29	Фф	Ff	25	Ф ф	24	F f
30	Хх	Xx	26	Х х	25	X x
31	Һ	h	27	Ҳ ҳ	26	H h
32	Цц	Ts ts	28	Ц ц	-	-
33	Чч	Čč	29	Ч ч	27	Ch ch
34	Шш	Šš	30	Ш ш	28	Sh sh
35	Щщ	šš		-	-	-
36	Ъ		31	Ъ	-	-
37	Ыы	İ i		-	-	-
38	Іі	Ii		-		-
39	ь		32	ь	-	-
40	Ээ	`e	33	Э э	29	E e
41	Юю	juw	34	Ю ю	-	-
42	Яя	ja	35	Я я	-	-

Латын әліпбиіне негізделген жаңа өзбек әліпбиі (ретімен)
Lotin alifbosiga asoslangan yangi o'zbek alifbosi (tartibda)

№	әpin/harf	№	әpin/harf	№	әpin/harf	№	әpin/harf
1	A a	9	J j	17	R r	25	O' o'
2	B b	10	K k	18	S s	26	G' g'
3	D d	11	L l	19	T t	27	Sh sh
4	E e	12	M m	20	U u	28	Ch ch
5	F f	13	N n	21	V v	29	Ng' ng
6	G g	14	O o	22	X x		
7	H h	15	P p	23	Y y		
8	I i	16	Q q	24	Z z		

Қазақ әліпбиіндегі жіңішкелік белгісі мен айырым белгісі өзбек тілінің кириллицаға негізделген бұрынғы әліпбиінде де бар. Екі тілде де *ь, ъ* таңбалары орыс немесе басқа батыс тілдерінен енген сөздерді жазуда ғана қолданылады, қазақ және өзбек тілдерінің төл сөздерін жазуда пайдаланылмайды. Өзбек тілінде *ь* (юмшатиш) мен *ъ* (айириш белгиси) таңбалары *киби* деп аталады. Өзбек тілінің латиницаға негізделген жаңа әліпби жүйесінде *киби* таңбалары қолданылмайды.

Қазақ және өзбек кирилл әліпбиіндегі ь, ъ таңбалары
Qozoq va o'zbek kirill alifbosida ь, ъ belgilari

Дыбыс білдірмейді – Товуш ифодаламайди					
Қазақ тілі			O'zbek tili		
Қызметі	Таңба	Мысалдар	Вазифаси	Белги	Мисоллар
Жіңішкелік белгісі	ь	модель циркуль	Юмшатиш белгиси	ь	компьютер, циркуль
Қатаңдық (айырым) белгісі	ъ	съезд разъезд	Айириш белгиси	ъ	съезд, разъезд

§ 2. ФОНЕТИКА-ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Фонетика – тілдің дыбыстық құрылымын, дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық және перцептикалық белгілерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонеманың мазмұндық негізі мен функционалдық қырлары жайлы көзқарастар фонологияның немесе фонема теориясының қалыптасуына негіз болды. Фонология – фонемалардың сөз құрамындағы қызметін, сөздердің бір-бірінен өзгешелігін қамтамасыз ету қабілетін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін – дыбыс жүйесі. Әрбір тілдегі белгілі бір дыбыстың қалыптасуы өте баяу жүретін әрі өзіндік ерекшелігімен жүзеге асатын үдеріс екені белгілі. Тілдің дыбыс жүйесі тілдің тұтас грамматикалық құрылымына, әсіресе лексикалық, морфологиялық деңгейлердің өзгерістері мен дамуына тікелей ықпал етсе, осы арқылы синтаксистік құрылымға да әсерін тигізеді. Сондай-ақ дыбыс жүйесі тілдің әуезділігін, буынаралық, сөзаралық үйлесімділікті, сингармонизм заңының бұзылмауын қамтамасыз етеді.

Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне тән ортақ белгілер негізгі екі бұтақтың (батыс және шығыс) сипатына қарай, олардан тарайтын әрбір үлкен топтардың ерекшеліктеріне, олардың құрамындағы кіші топтардың өзгешеліктеріне, одан әрі әрбір жекелеген тілдің төл табиғатына байланысты қалыптасқан өзіндік белгілеріне сәйкес ажыратылады.

Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің ортақ белгілеріне негізделген жалпы сипаттамасы салыстырмалы-тарихи фонологиялық зерттеулер арқылы іске асырылады. Түркі тілдерінің қыпшақ және қарлұқ тобына жататын қазіргі қазақ және өзбек тілдерінің фонетикалық жүйесі жалпытүркілік ортақ белгілерді сақтай отырып, өздеріне тән ерекшеліктері арқылы ажыратылады.

Қазіргі қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Қазақ тіліндегі *в, ф, ч, ц, ш, э* фонемалары қазақ тілінің төл дыбыстары емес. Қазақ тіліне тән сөздер құрамындағы дауыссыз *х, һ* дыбыстары *қ* фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылады. Дауысты *у (ұу), и (іі)* дифтонг дыбыстар болғандықтан қазақ тілінің төл дауыстылар жүйесіне енбейді.

Қазіргі өзбек тілінде 6 дауысты, 24 дауыссыз дыбыс бар. Өзбек тілінде де *в, ф, ч, ц, ш* фонемалары өзбек тіліне тән дыбыстар емес.

Жаңа өзбек әліпбиінде орыс тілі арқылы енген қосарлы дауысты ю, я, ё, е дыбыстары жеке әріптермен таңбаланбайды.

4-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі дыбыстар
Qozoq va o'zbek tillarida tovushlar

Дыбыстар – Nutq tovushlari					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Дауысты дыбыстар – Unli tovushlar					
№	Дыбыстар	Мысалдар	№	Tovushlar	Misollar
1	а	аға	1	а	aka
2	ә	әже		-	-
3	ы	ыс		-	-
4	і	іні	2	і (и)	ini, ish, it
-	*и	ит (ійт)	-	-	-
5	е	етік	3	е (э)	etik, elektr
-	*э	электр		-	-
6	ұ	ұй, ұзын	4	u (y)	uy, uzun
-	*у	с(ұ)у, т(ұ)у		-	-
7	ү	үлкен		-	-
8	о	ол	5	о	ol
9	ө	көл	6	o'	ko'l
Дауыссыз дыбыстар – Undosh tovushlar					
№	Дыбыстар	Мысалдар	№	Tovushlar	Misollar
1	б	бала	1	b	bola
2	*в	вагон	2	v	vagon, suv
3	г	гүл	3	g	gul
4	ғ	ғалым	4	g'	g'ayrat
5	д	дала	5	d	dala

* дауысты и, у, э қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпайды, кірме сөздерде ғана қолданылады, қазақтың төл сөздерінің орфографиясында у дыбысы ұу/үу, и дыбысы ій/ый тіркестерін таңбалайды.

4-кестенің жалғасы

№	Дыбыстар	Мысалдар	№	Tovushlar	Misollar
6	ж	жарық журнал	6	j	jo'ra jurnal
7	з	заман	7	z	zamon
8	й	қой қайрақ	8	y	qo'y qayroq
9	к	кеме	9	k	kema
10	қ	қала	10	q	qal'a
11	л	лайық	11	l	lolo
12	м	мейіз	12	m	mayiz
13	н	намыс	13	n	nomus
14	ң	мұң (уайым)	14	ng	mung (qayg'u)
15	п	перде	15	p	parda
16	р	боран	16	r	bo'ron
17	с	сиыр сырға	17	s	sigir isirg'a
18	т	топырақ	18	t	tuproq
19	у(w)	тауық уық	19	-	-
20	ш	шаттық	20	sh	shodlik
21	*ф	фабрика	21	f	fabrika
22	*х	хабар	22	x	xabar
23	h	гауһар жиһан/жаһан	23	h	gavhar jahon
24	*ч	чекист	24	ch	chekist
25	*ц	цирк	-	-	-
26	*щ	щетка	-	-	-

* дауыссыз *в, ф, ч, ц, щ* қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпайды, кірме сөздерде ғана қолданылады, *щ* қазақтың төл сөздерінің орфографиясында *шиш* тіркесін таңбалайды.

§ 3. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесінде сегіз немесе тоғыз дауысты дыбыс тембрі ажыратылады, олар артикуляциялық белгілері бойынша анықталады; бірінші және екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар қолданылады; дауыстылар ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік фонемаларға жұптасып жіктеледі; кей тілдерде ерін дауыстылары (o, ö, u, ü) қосымша морфемалар құрамында мүлдем қолданылмайды.

Қазақ тіліне тоғыз дауысты дыбыс, өзбек тіліне алты дауысты дыбыс тән, созылыңқы дауыстылар қолданылмайды. Қазақ және өзбек тілдерінде грамматикалық категориялардың қосымшалары құрамында ерін дауыстылары қолданылмайды. Сондықтан бірінші буын вокализмі мен екінші, үшінші, т.б. буын вокализмдері сандық жағынан бірдей емес, әртүрлі болып келеді.

5-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі Qozoq va o'zbek tillaridagi unli tovushlarning tasnifi

<i>Дауысты дыбыстар – Unli tovushlar</i>							
Қазақ тілі				О'zbek tilida			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Xususiyati	Misollar
1	а	ашық, жуан, езулік, тіл арты, артқы қатар	ата ағаш тау бала	1	а	quyi keng, lablanmagan, til oldi	aka ana dala atom
2	ә	ашық, жіңішке, езулік, тіл ортасы, алдыңғы қатар	әке әлем әйнек әлсіз әдем тәте	-	-	-	-
3	е	ашық езулік, жіңішке, тіл ортасы, алдыңғы қатар	екі ене есік етік ертегі/ ертек мектеп				

5-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				O'zbek tilida			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Xususiyati	Misollar
	и (қазақ тілінің төл дыбысы емес)*	дифтонг, ій/ый тіркестері	ине (ійне) илеу (ійлеу) игі (ійгі) ирек (ійрек)	2	i	yuqori tor, lablanma- gan, til oldi	ini `ini` kishi`kici` o'simlik `өсімдік`
4	о	ашық, жуан, ерін, тіл арты, артқы қатар	он орақ оқушы топан қонақ	3	o	quyi keng, oraliq, til orqa	ong ota ona olim okean
5	ө	ашық, жіңішке, ерін, тіл ортасы, алдыңғы қатар	өсімдік көйлек өгіз өкпе көмір	4	o'	o'rta keng, lablangan, til orqa	o'simlik ko'ylak ho'kiz o'pka ko'mir
	у (қазақ тілінің төл дыбысы емес)*	жалған дифтонг, үү/уу тіркестері	су (сүү) ту(түү)	-			-
6	ұ	қысаң, жуан, ерін, тіл арты, артқы қатар	ұя ұйым ұйқы тұқым	5	u	yuqori tor, lablangan, til orqa	uua uyum uyqu tuxum
7	ү	қысаң, жіңішке, ерін, тіл ортасы алдыңғы қатар	үй үйрек үлкен күміс күбі сүйел	-	-	-	-
8	ы	қысаң, жуан, езу, тіл арты, артқы қатар	ым ырғақ ыдыс ыстық қымыз (ы)лақ	-	-	-	-

5-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				O'zbek tilida			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Xususiyati	Misollar
9	i	қысаң, жіңішке, езу, тіл ортасы, алдыңғы қатар	іні ішек кісі өсімдік	-	-	-	-
	э (қазақ тілінің төл дыбысы емес)*	ашық, тіл ортасы, алдыңғы қатар	электр экспорт эпилог	6	e	o'rta keng, lablanma- gan, til oldi	ekin es eshik etik ertak terak elektr

Өзбек тілінде -ий жалған дифтонгы екі фонеманың тізбегі саналады және ол екі таңбамен жазылады: *ilmiy, kitobiy, kiyim*. Қазақ тілінің орфографиялық емлесі бойынша -*ый/-ий, -ұу/-үу* дифтонгтары бір таңбамен жазылады: *ғылыми, кітаби, киім, су, құрай*, т.б.

6-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі
Qozoq va o'zbek tillarida unli tovushlar tasnifi

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Дауыстылар тобы	Дыбыстар	Мысалдар	Unlilir guruhi	Tovushlar	Misollar
I. Жақтың қатысына қарай					
Ашық	а, ә, о, ө, е	ата әке ошақ өзен ешкі	Keng	а, о, о'	ota aka o'choq ko'l

* Қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне жатпайтын *и, у, э* дауыстыларына реттік нөмір қойылмады.

6-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Дауыстылар тобы	Дыбыстар	Мысалдар	Unlilir guruhi	Tovushlar	Misollar
Қысаң	ы, і, ұ, ү	ыдыс іні ұлы ұйым үлкен үлес үлгілі	Tor	i, u, e	idish ini ulkan uy uyum ekin eshik
II. Ерін мен езудің қатысына қарай					
Еріндік	о, ө, ұ, ү	орақ өткір ұста үлес	Lablangan	o', u, o	o'roq o'tkir usta olim
Езулік	а, ә, е, ы, і	аға әлем еркін ыдыс іні	Lablanmagan	a, i, e	aka olam inson idish ekin
III. Жасалу орнына немесе тілдің қатысына қарай					
Тіл ортасы/ алдыңғы қатар	ә, і, ү, ө, е	әке ілгек іні үй өмір егін ерте	Til oldi/ old qator	i, e, a	ikki igna ekin eshik anor aka aql
Тіл арты/ артқы қатар	а, ы, ұ, о	ақыл ыдыс ұстаз орамал	Til orqa/orqa qator	u, o', o	uzun ustoz o'rmon ona
IV. Айтылуына/естілуіне байланысты					
Жуан	а, о, ұ, ы	асхана отын ұлтарак ықылым	-	-	-

6-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Дауыстылар тобы	Дыбыстар	Мысалдар	Unlilir guruhi	Tovushlar	Misollar
Жіңішке	ә, ө, ү, і, е	әйнек өнер үй ілгек егін	-	-	-

§ 4. ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Түркі тілдері консонантизмдер жүйесінде негізінен жиырма немесе жиырма екі дауыссыз дыбыс ажыратылады, олар жасалу орнына және (еріндік, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, увуляр, көмей), жасалу жолына қарай (қатаң, ұяң) жіктеледі⁷.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар, қ фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылатындықтан, *x*, *h* дыбыстары, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде қолданылатын *в*, *ф*, *ч*, *ш*, *ц* фонемалары төл дыбыстар қатарына жатқызылмайды.

Қарлұқ тобындағы өзбек тілінің консонанттар жүйесі 24 дауыссыз фонеманы қамтиды. Өзбек тіліндегі дауыссыздар жүйесінде кірме сөздер құрамында қолданылатын дауыссыздар да енеді, түркі тілдерінің табиғатына тән дыбыс жүйесіндегі дауыссыздар саны 19-ға дейін қысқарады. Қазақ тілінің де, өзбек тілінің де төл лексемаларының абсолют басында дауыссыз дыбыстар тіркесі қолданылмайды, яғни екі консонант дыбыс қатар келмейді.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар акустикалық және перцептикалық белгілеріне қарай үш топқа – қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді. Өзбек тіліндегі дауыссыз фонемалар екі топқа – *jarangsiz* (қатаң) және *jarangli* (үнді, ұяң) дауыссыздарға жіктеледі, сонор дыбыстар үнді дыбыстар тобының ішінде қарастырылады.

⁷ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984. – С. 403, 421, 439; *Томанов М.* Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 315-б.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар
Qozoq- o'zbek tillarida undosh tovushlar

<i>Дауыссыз дыбыстар – Undosh tovushlar</i>							
Қазақ тілі				О'zbek tili			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Tavsifi	Misollar
1	б	тоғысыңқы, ұяң, еріндік (қос ерін)	бала баба бағана бауыр бажа білек	1	b	portlovchi, shovqinli, lab-lab, jarangli	bola bobo boya botir boja bilak
	в*	жуысыңқы, ұяң, еріндік (ерін-тіс)	вагон вахта вокзал викторина	2	v	sirg'aluvchi, shovqinli, lab-tish, jarangli	vagon vaxta vokzal viktorigina vijdon, havo
2	г	тоғысыңқы, ұяң, таңдай ортасы	гүл бүгін жігіт үлгілі үлгерім үзеңгі	3	g	portlovchi, shovqinli, til orqa, jarangli	gul bugun yigit gilam 'kilam' guruch 'kypirsh'
3	ғ	жуысыңқы, ұяң, таңдай арты	ғалым ғарыш ғажайып тоғай ағаш	4	g'	sirg'aluvchi, shovqinli, chuqur til orqa, jarangli	g'oz 'qaz' g'ayrat 'qayrat' g'am yog'och
4	д	тоғысыңқы, ұяң, тіл алды (тіл ұшы)	дала дауыл даңқты	5	d	portlovchi, shovqinli, til oldi, jarangli	dala dovul dongdor

7-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				O'zbek tili			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Tavsifi	Misollar
5	ж	жуысыңқы, ұяң, тіл алды (таңдай алды)	жасыл жастық жайлау жүген әже ожау әжім	6	j	portlovchi/ sirg'aluvchi, shovqinli, til oldi, jarangli	janub jazo joylamoq jo'ra jirafa ajdar jurnal
6	з	жуысыңқы, ұяң, тіл алды (тіл ұшы)	заман азық аз зор атыз зергер	7	z	sirg'aluvchi, shovqinli, til oldi, jarangli	zamon oziq oz zor aziz zargar
7	й	жуысыңқы, үнді, тіл ортасы (тілшік)	йық тайғақ ай той қайрақ қаймақ байрақ тай	8	y	sirg'aluvchi, shovqinli, til o'rta, jarangli	yosh yoz oy to'y qayroq qaymoq bayroq toy
8	к	тоғысыңқы, қатаң, таңдай арты, тілшік (тіл ортасы)	кеме көшпелі күшті жүк екі ерік	9	k	portlovchi, shovqinli, til orqa, jarangsiz	kema ko'chma kuchli yuk ikki o'rik
9	қ	тоғысыңқы, қатаң, таңдай ортасы, тілшік (тіл ортасы)	қабық қала қазық қаймақ қайрақ қалың қатты тақта ақ	10	q	portlovchi, shovqinli, chuqur til orqa, jarangli	qovoq qal'a qoziq qaymoq qayroq qalin qattiq taxta oq

7-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				O'zbek tili			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Товуш	Тавсифи	Misollar
10	л	жанама жуысыңқы, үнді, тіл ұшы	(ы)лақ дала ауыл балдақ гүл тіл	11	l	sirg'aluvchi-portlovchi, sonor, til oldi, jarangli	uloq dala ovul lola gul til
11	м	тоғысыңқы, мұрын жолды, үнді, еріндік (қос ерін)	май мұрын мектеп кеме темір	12	m	portlovchi, sonor, lab-lab, jarangli	may maymun maktab kema qalam temir
12	н	тоғысыңқы, мұрын жолды, үнді, тіл ұшы	негіз нан тана нашар таныс құлан	13	n	sirg'aluvchi-portlovchi, sonor, til oldi, jarangli	naqsh non tana nozik tanish qozon
13	ң	тоғысыңқы, үнді, мұрын жолды, тілшік, таңдай арты	аң таң теңге деңгене доңыз кеңсе	14	ng	sirg'aluvchi-portlovchi, sonor, til orqa, jarangli	ong tong tanga dengiz ko'ngil singil
14	п	тоғысыңқы, қатаң, еріндік (қос ерін)	перде шапан балапан кітап пышақ	15	p	portlovchi, shovqinli, lab-lab, jarangli	parda chopon palapon paypoq paxta `мақта`
15	р	діріл жуысыңқы, үнді, тіл алды, таңдай алды (тіл ұшы)	рет рең рақмет арба тары құрық	16	r	sirg'aluvchi-portlovchi, sonor, til oldi, jarangli	raqs rang rahmat arava tariq quruq

7-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				O'zbek tili			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Tavsifi	Misollar
16	с	жуысыңқы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	сабыр сары самал қасық қарыс тас қарындас	17	s	sirg'aluvchi, shovqinli, til oldi, jarangsiz	sabr sariq sabzi issiq tekis bahs ehtiros
17	т	тоғысыңқы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	тау тас атыз атау ант қант	19	t	portlovchi, shovqinli, til oldi, jarangsiz	tog' tosh qatiq yutuq ont yurt
18	у	жуысыңқы, бүйір жолды, үнді, еріндік (қос ерін)	ауа тау су (сүү) оқтау атырау		-	-	-
-	ф*	жуысыңқы, қатаң, еріндік (ерін-тіс)	фермер фабрика шкаф кофе	20	f	sirg'aluvchi shovqinli, lab (lab-tish), jarangsiz	fermer fabrika shkaf kofe
-	х*	жуысыңқы, қатаң, таңдай арты	халық хат хан хабар асхана	21	x	sirg'aluvchi shovqinli, chuqur til orqa, jarangsiz	xalq xat xon xabar oshxona
-	h*	жуысыңқы, қатаң/ ұяң, жұтқыншақ	гауһар жауһар жиһаз жаһан қаһарман қаһарлы һәм	22	h	sirg'aluvchi, shovqinli, bo'g'iz, jarangsiz	rayhon gauhar jihoz jahon qahramon qahrli ham

7-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				О'zbek tili			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар	№	Tovush	Tavsifi	Misollar
-	ц*	жабысыңқы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	цемент цех цирк концерт доцент		-	-	-
-	ч*	жабысыңқы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	чемпион чех почта очерк	23	ch	qorishiq, shovqinli, til oldi, jarangsiz	champion chex pochta ocherk
19	ш	жуысыңқы, қатаң, таңдай алды, тіл ұшы	шаш шөп шана қошқар құлаш тыныш	24	sh	sirg'aluvchi, shovqinli, til oldi, jarangsiz	shamol shar sham tosh bashar tanish
-	щ*	жуысыңқы, қатаң, таңдай алды, тіл ұшы	щётка ащы (ашшы)	-	-	-	-

8-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелуі
Qozoq va o'zbek tillarida undosh tovushlarning tasnifi

Қазақ тілінде		О'zbek tilida	
I. Қатаң – Jarangsiz			
Дауыссыздар	Мысалдар	Undoshlar	Misollar
п, к, қ, т, с, ш, х	пышақ, пішен, пәрмен, киік, күлкі, кесте, кілем, қаймақ, қайрақ, қайрат, қас, темір, тас, түйме, тай, сүт, сурет, сабақ, шана, шаңғы, шанышқы, хабар, хат	p, k, q, t, s, sh, f, ch, x, h	pichoq, pichan, kiyik, kulgi, qatiq, qaymoq, qayroq, sut, surat, qosh, temir, tosh, toy, soch, chana, sanchqi, xabar, xizmat, havo, hayvon

* Қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне жатпайтын дыбыстарға реттік нөмір қойылмады.

8-кестенің жалғасы

II. Ұяң – Jarangli			
<i>Ұяң дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Jarangli tovushlar</i>	<i>Misollar</i>
б, г, ғ, д, з, ж, һ	бас, бесік, боран, гүл, үлгі, көген, ғарыш, ағаш, таға, дала, дауыл, дабыл, заң, зеңбірек, зер, жаз, жайлау, жақсы, ғауһар, жиһаз	b, g, g', d, z, j, v, y	bosh, bola, gul, g'ayrat, g'oz, tarvuz, yog'och, tog'a, dala, dovul, uzum, zamon, zar, yoz, yomg'ir, yaxshi
		Sonor (ovozdorlar)	Misollar
		m, n, ng, l, r	mol, ilm, marra, maqol, makon, non, ming, ong, tong, dengiz, ko'ngil, lola, nola, may, rayhon, raqs, qal'a, g'alla, arpa, tomir, tor
III. Үнді – Sonar			
<i>Дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	–	–
р, л, м, н, ң, й, у=[ú //w]	раушан, риза, рәсім, лақ, лауазым, лай, мұз, мұң, мың, мен, намыс, нар, нағашы, таң, шаң, теңіз, сең, той, тай, қой, бой, тау, сау, жау, бау	–	Өзбек тілінде үнді (sonor) дыбыстар ұяң дыбыстар (Jarangli tovushlar) тобында қарастырылады.

§ 5. ДЫБЫС СӘЙКЕСТІКТЕРІ

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын үдеріс. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі барлық тілдерге тән универсалды құбылыс – фонологизация процесі. Фонемалардың дифференциялануы негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады. Әр тілдің дара болмысымен қалыптасуына, ішкі жүйеліліктің ретке келуіне интралингвистикалық, экстралингвистикалық ықпалдар қатар қызмет атқарады және бұл ықпалдардың

әсері тілдік бірліктердің барлық деңгейінде көрініс беруі мүмкін, фонетика-фонологиялық деңгейдегі өзгерістер өзінен кейінгі морфемалық, лексемалық деңгейлердегі өзгерістердің негізін қалайтын басты тетік болып табылады.

Түркі тілдерінде сингармониялық заңдылықтың, ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдардың әсірінсіз-ақ қалыптасқан альтернативалық құбылыстар кездеседі. Түркілік тектің (прото-язык), бабатиілдің (праязык) даму бағытына, жалпытүркілік негіз тілдің тілдік топтарға, жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіне сәйкес орныққан мұндай тарихи дыбыс өзгерістері дербес түркі тілдерін бір-біріне ажырататын негізгі критерийлер қатарынан орын ала отырып, белгілі бір дәрежеде гомогенді сөздердің семантикалық дифференциациясымен, яғни сөзжасамдық құбылыстармен ұласып жатады. Дыбыс сәйкестіктері түркі тілдері арасында да, бір тіл ішінде де кездеседі, олардың бір бөлігі мағыналары бірдей фонетикалық варианттар қалыптастырса, енді бір бөлігі түбірлес сөздердің семантикалық деривациясы қатарындағы ортақ семаға негізделген әртүрлі ұғымдарды білдіретін параллельдерді құрайды. Сондықтан дыбыс сәйкестіктерін таза фонетикалық немесе таза морфологиялық құбылыс ретінде қарастыруға келмейді. Мұндай құбылыстарды фонетика және морфологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалар табиғатын фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фонеморфология немесе морфонология (морфофонология, морфофонемика) ілімі негізінде қарастыру қалыптасты. Тарихи дыбыс сәйкестіктері сөздің барлық шенінде – анлаут, инлаут, ауслаут позицияда кездесе береді.

Қыпшақ және қарлұқ тобындағы қазақ және өзбек тілдері арасында да бірнеше дыбыс сәйкестіктері кездеседі. Әрбір тілге тән фонетикалық ерекшеліктер кейбір кірме сөздердің тұлғасынан да көрініс береді. Кірме сөздерді қазақ және өзбек тілдерінің әртүрлі тұлғада қабылдауы әрбір тілдің өзіндік даму бағытын сипаттайды. Сондықтан қазақ және өзбек тілдеріндегі негізгі дыбыс сәйкестіктері мен протезалық, метатезалық, т.б. фонетика-фонологиялық құбылыстарды көрсетуде таза түркілік лексикамен қатар араб-парсы элементтері де қамтылды.

Сөздің бірінші буынындағы дауыстылар сәйкестігі
So'zning birinchi bo'g'inida unlilar almashishi

<i>Дыбыс сәйкестігі</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>O'zbek tilida</i>	<i>Дыбыс сәйкестігі</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>O'zbek tilida</i>
a≈o (анлаут)	ақ ақирет аққан ақсақал аққу ақтау ақуыз ақшам алу алға аламан алау алғыс алма алмаз алты алтын	оқ oxirat oqqon oqsoqol oqqush oqlamoq oqsil oqshom olmoq olg'a olomon olov olqish olma olmos olti oltin	ä≈a (анлаут)	әдеби әдебиет әбзел әбігер әділет әжептеуір әжім әзәзіл әзелден әзіз әйел әлбетте әлдеқайда әлдеқалай әліп әмір әнбие әпсана әскер	adabiy adabiyot afzal abgor adolat ajabtovur ajin azozil azaldan aziz ayol albatta allaqayda allaqanday alif amr anbiyo afsona askar
a≈o (инлаут)	лай лайық қасық тас	loy loyiq qoshiq tosh	ä≈o (анлаут)	әдеп әлем әумин	odob olam omin
a≈u (инлаут)	махаббат	muhabbat	ä≈a (инлаут)	мәлімет мәнті нәпақа сәлемет	ma'lumot manti nafaqa salomat
a≈i (инлаут)	саясат	siyosat	e≈a (инлаут)	кемел керуен мекен мекиен мемлекет	kamol karvon makon makiyon mamlakat

9-кестенің жалғасы

<i>Дыбыс сәйкестігі</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>O'zbek tilida</i>	<i>Дыбыс сәйкестігі</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>O'zbek tilida</i>
a≈o' (анлаут)	ақыраю	o'qraymoq	ü≈u (анлаут)	үй	uy
ü≈e (инлаут)	сүйікті	sevimli	ü≈u (инлаут)	зүмірет жүген жүгіру	zumrad yugan yugurish
ï≈i (инлаут)	ыстық	issiq	ï≈i (анлаут)	ынсап ырыс	insof iris

10-кесте

Сөздің екінші буынындағы дауыстылар сәйкестігі
So`zning ikkinchi bo`g`inidagi unilarning almashishi

<i>Дыбыс сәйкестігі</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>O'zbek tilida</i>	<i>Дыбыс сәйкестігі</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>O'zbek tilida</i>
a≈o (инлаут)	ақсақ сақал алау ақпарат алуан әруақ байрақ жаһан	oqsoq soqol olov axborot alvon arvoh bayroq jahon	e≈a (инлаут)	әбдесте әдебиет әлем әскер зүмрет құрмет	obdasta adabiyot olam askar zumrad hurmat
a≈u (инлаут)	дастарқан	dasturxon	e≈o (инлаут)	дәурен кемел керуен қошемет пәрмен сәлемет	davron kamol karvon xushomad farmon salomat
ï≈i (инлаут)	анжыр алғыр тағдыр алғыс алтын	anjir olg'ir taqdir olqish oltin	ï≈u (инлаут)	мысық құқық	mushuk huquq

10-кестенің жалғасы

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
і≈u (инлаут)	мәлімет	ma'lumot	ï≈i (ауслаут)	алты қамшы	olti qamchi

11-кесте

Сөздің бірінші буынындағы дауыссыздар сәйкестігі
So'zning birinchi bo'g'inida undosh tovushlarning almashishi

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
б≈p (анлаут)	балапан бәкене байпақ балуан	palapon pakana pauroq polvon	к≈g (анлаут)	кедей кез (өлшем) керең куә күмән күмбез күнә күмбір- күм- бір кілем	gado(y) gaz (o'lchov) garang guvoh gumon gumbaz gunoh gumbur- gumbur gilam
q≈g' (анлаут)	қайрат құнан	g'ayrat g'o'nan	q≈x (анлаут)	қошемет қызмет	xushomad xizmat
q≈h (анлаут)	қазір қарекет қасірет құжат құқық құрмет	hozir harakat hasrat hujjat huquq hurmat	q≈x (ауслаут)	бақтияр бақ/бақыт тақ	baxtiyor baxt taxti
q≈t (анлаут)	қарбыз	tarvuz	ð≈t (анлаут)	дайын даяр	tayin tayyor
m≈b (анлаут)	мейрам мұндай	bayram bunday	p≈b (анлаут)	пенде пірәдар	banda birodar

11-кестенің жалғасы

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
γ≈q (инлаут)	тағат тағдыр таға	toqat taqdir taqa	p≈f (инлаут)	әпенді	afandi
m≈f (анлаут)	мұрсат	fursat	x≈h (анлаут)	хауыз	hovuz
η≈m (инлаут)	жаңбыр	yomg'ir	š≈ch	аш-	och-
w≈v (инлаут)	хауыз кеуде	hovuz gavda	x≈x (анлаут)	хакім	hakim
w≈g (ауслаут)	тау сау	tog sog'	w≈g' (ауслаут)	жау- (жаңбыр жауды)	yog'- (yomg'ir yog'di)
c≈sh (анлаут)	сенбі сәрсенбі	shanba chorshanba	c≈sh (ауслаут)	ас бас жас	och bosh yosh
ž≈y (анлаут)	жүген жүгіру	yugan yugurish	c≈sh (инлаут)	бесік есек/ешек	beshik eshak

12-кесте

Сөздің екінші буынындағы дауыссыздар сәйкестігі
So`zning ikkinchi bo`g`inidagi undosh tovushlarning almashishi

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
p≈f (инлаут)	әліппе кіріптар	alifbo giriftor	p≈b (инлаут)	ақпарат	axborot
d≈n (инлаут)	міндет	minnat	b≈v (инлаут)	албасты қарбыз	alvasti tarvuz

12-кестенің жалғасы

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
s≈sh (инлаут)	дүйсенбі мысық қасық	dushanba mushuk qoshiq	k≈g (инлаут)	күкірт	gugurt
b≈v (инлаут)	кебіс-мәсі	ka- vush-mahsi	x≈h (инлаут)	махаббат	muhabbat
d≈l (инлаут)	имамдық дәмді емдеу кепілдік кереңдік маңдай өздік сөздік	imomlik ta'mli emlash kafillik garanglik manglay o'zlik so'zlik	t≈l (инлаут)	атты аттану бапталу бастаушы достық бастық	otli otlanmoq boplamoq boshlovchi do'stlik boshliq

13-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі фонетика-фонологиялық құбылыстар
Qozoq-o'zbek tillaridagi boshqa fonetika-fonologik o'zgarishlar

Фонетикалық құбылыстар	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Фонетикалық құбылыстар	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
ø(a)≈h (протеза)	ақиқат айт айуанат/ хайуанат адал ауа	haqiqat hayt hayvonot halol havo	ø(ä)≈h (протеза)	әзіл әзір әрекет	hazil hozir harakat
ø(y)≈h (протеза)	үр- (ит үрді)	hur- (it hurdi)	ø≈h(e) (протеза)	еш ешкім үкімет	hech hech kim hukumat

* Қазақ тілінде анлаут позициядағы *o*, *e* дауыстыларынан дифтонгтық сипаттың белгілері аңғарылады (*yo*, *ye*).

11-кестенің жалғасы

Фонетикалық құбылыстар	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Фонетикалық құбылыстар	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
k↔p (метатеза)	өкпе	o'pka	ø(o)≈v (протеза)	отан*	vatan
z→zz (қосарлану)	тізе	tizza	ø(e)≈h (протеза)	есеп*	hisob
ø≈q (элизия, ауслаут q-ның қазақ тілінде нөлдік формаға айналуы)	сары	sariq	γ≈ø (элизия, анлаут, инлаут γ-ның өзбек тілінде нөлдік формаға айналуы)	ғажайып ғазиз ғашық ғибрат ғылым қанағат	ajoyib aziz oshiq ibrat ilm qanoat

§ 6. СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

Сөз құрамындағы дыбыстардың белгілі бір жүйе бойынша орналасуын қамтамасыз ететін сингармонизм заңдылығы түркі тілдеріне тән ерекше белгі болып табылады.

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың гармониялық үндесім заңдылығы екі түрлі позицияда көрінеді: палатальдық гармония немесе дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне қатысты үндесімі (дауыстылардың алдыңғы және артқы қатар бойынша үндесімі); лабиалдық гармония немесе дауысты дыбыстардың ерінге қатысты үндесімі (ерін үндестігі).

Түркі тілдеріндегі лабиальдық үндесім палатальды үндесімге қарағанда жүйесіздеу. Қазіргі түркі тілдерінде ерін үндестігі бірыңғай сипатта емес, кей тілдерде жақсы сақталса, кей тілдерде жартылай сақталған, енді бір бөлігінде лабиал гармониясы байқалмауы да мүмкін. Лабиалдық гармониясын жартылай сақтаған тілдерде түбір сөздің еріндік сипаты негізінен екінші буында сақталып, одан кейінгі буында үндесім сапасын өзгертеді. Дауыссыз дыбыстардың тілдің қатысына (тіл алды дауыссыздары, тіл арты

дауыссыздары) қарай жуан, жіңішке айтылуына байланысты жүйелілікті сақтауы дауыстылардың палатальдық үйлесімділігіне қатысты жүзеге асады. Кейбір түркі тілдеріндегі әлсіз лабиалдық үндесімді қалыптасқан орфографиялық норма тіптен көмескілендіріп жібергенін байқауға болады.

Қазақ тіліне дауысты дыбыстардың артикуляциялық жақындасуынан болатын жуан-жіңішкелік буын үндестігі тән (qızdaǵım `қыздарым`, inilerim `інілерім`), лабиальды үндестік әлсіз және бірінші буыннан кейінгі ерін үндестігі белгілері орфографиялық нормада ескерілмейді.

Қазақ тіліндегі жуан-жіңішкелік үндестігіне кейбір күрделі сөздер, бір нұсқалы қосымшалар жалғанған сөздер және басқа тілден енген сөздер бағынбайды. Бұл құбылыс түркі тілдерінің көпшілігіне тән. Қазақ тілінде үндестік заңына сәйкес кейбір қатаң дауыссыздарға аяқталатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, негізгі сөз (түбір, туынды түбір) соңындағы қатаң фонема ұяңданады.

Өзбек тілінің қалыптасу тарихындағы ерекшеліктерге байланысты араб, парсы кірме сөздерінің көп болуы, ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін ұласып келе жатқан өзбек-тәжік лингвонтактологиялық үдерістері сингормонизм заңдылығының біршама бұзылуына ықпал етті. Дыбыстар үндесімділігі өзбек тілінің кейбір диалектілерінде біршама жақсы сақталған.

14-кесте

Қазақ тіліндегі үндестік заңы

Үндестік заңы		
№	Ереже/қағида	Мысалдар
1	Түбірдің, негіздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады.	аналар, ойыншық, қалалар, балалар, қыздар, тастар, сыбырла, даланың, т.б.
2	Түбірдің, негіздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады.	бөлме, бишілер, күшті, көшпелі, керегенің, үйлер, жүрекке, теректің, т.б.

14-кестенің жалғасы

№	Ереже/қағида	Мысалдар
3	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяң не үндіден басталады.	балаға, бөлмеге, үлгіге, әкеміз, аталар, даламыз, қалаға, т.б.
4	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады.	тойға, қойдың, таулар, қыздар, тұздық, күздік, қырда, қырманға, т.б.
5	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар да қатаңнан басталады.	сандыққа, тұрмысқа, шашты, тастың, күрекке, жастық, төстік, т.б.
6	Түбір, негіз құрамында еріндік дауысты болса, оған жалғанатын қосымшаның құрамында еріндік дауысты орфографияда сақталмайды.	бүтін, өтініш, ұйым, үлгіні, күнде, т.б.

15-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі қатаң дыбыстардың ұяңдануы

Қазақ тілі			O'zbek tilida		
Қатаң қ, к, п дауыссыз дары	Дауыстыдан басталатын қосымша алдында ұяңданады	Мысалдар	Jarangsiz q, k undoshlari	Unli bilan boshlanuvchi qo'shimcha qo'shilganda jarangliga almashadi	Misollar
қ	ғ	қасық – қасығым	q	g'	qoshiq – qoshig'im
к	г	күрек – күрегім	k	g	kurak – kuragim
п	б	кітап – кітабың	-	-	-

§ 7. БУЫН

Буынды анықтап, оның шегарасын тану – түркі тіл біліміндегі күрделі мәселенің бірі. Дауыссыздардың тіл алды, тіл арты жұптарының, дауыстылардың үндесім қатысына байланысты жұптарының қарсы қойылуы, дауыстылардың тіл алды үндесімі мен ерін үндестігінің қатарласуы тәрізді фонемалардың дистрибутивті қатынасы түркі тілдерінің буын жүйесінің ерекше типологиялық сипатын анықтайды. Бірінші буын кейінгі буындардың өзімен сингармониялық заңдылыққа сәйкес үндесім табатын фонетикалық варианттарын қабылдайды. Үндестік заңына бағынатын агглюнативті тілдерге жататын түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтауда буын құрылымы мен буын түрлері, олардың өзара тіркесу үйлесімділігі ерекше маңызды.

Барлық тілдерге тән сөйлеу барысындағы ауа ағымының (демнің) жіктелісіне негізделетін буын өзара іргелес бір немесе бірнеше фонеманың сөйлеу актісінде үзіліссіз айтылатын біртұтас бөлшегі болып табылады. Буын сөздің өзегі (ядросы) іспеттес мағына айырғыштық сипаты бар буын құраушы фонемалардан және буын тасымалдаушы фонемалардан тұруы мүмкін. Буынның универсалды табиғаты қазіргі тілдерге диахрониялық-реконструкциялық талдаулар жүргізілген кезде ғана айқын аңғарылуы мүмкін, кез келген тірі тілдің статикалық күйі архебуындарды бірден ажыратуға кепіл бола алмайды.

Түркі тілдеріндегі буын жүйесінің жалпы сипаты: буынның саны дауыстыларға байланысты анықталады; буын жасаушы дауысты дыбыстар өзімен бір үйірлесе жүретін дауыссыздардың акустикалық көрсеткіші қызметін атқарады; буын бір немесе бірнеше дыбыстар тіркесінен тұрады; сөздер бір буынды да, көп буынды да болып келеді; сөздегі дыбыс санына қарай буын құрылымы бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты болады; буынның түркі тілдеріне тән құрылымдық типтері V, CV, VC, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады; буындағы дауысты жіңішке болса, үйіріндегі дауыссыздар да жіңішке болады, жуан болса, дауыссыздар да жуан болады; буын соңындағы дауыссыздан гөрі буын басындағы дауыссыз күштірек айтылады; дауыссыздар бітеу буында әртүрлі экспирация басқыштарымен айтылады; буын құрауда, буынның тұтастығын

сақтауда екпін мен үндестік заңының, дауыссыздар ассимиляциясының қызметі маңызды.

Қыпшақ және қарлұқ тобындағы қазақ және өзбек тілдеріндегі буын дыбыстық құрылымына қарай негізгі үш топқа бөлінеді: ашық буын/*ochiq bo'g'in* және тұйық буын/*yoriq bo'g'in*, бітеу буын/*berkitilgan bo'g'in*. Бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында тұйық буын мен бітеу буын бір топта қарастырылып, буын түрінің екі тобы көрсетіледі: ашық буын және тұйық буын⁸. Агглютинативті құрылымға негізделген түркі тілдерінің табиғатын анықтауда лексема құрамындағы буын жігін дұрыс ажырату аса маңызды.

16-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі буын түрлері
Qozoq va o'zbek tillarida bo'g'in turlari

Буын – Bo'g'in				
№	Буын түрлері	Ереже	Қазақ тілі	O'zbek tili
1	Ашық буын/ Ochiq bo'g'in	Жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын түрі.	а+ла қа+ла ба+ла ке+ме кі+ші кі+сі кү+бі	o+ta da+la bo+la ke+ma ki+shi no+la do+no
2	Тұйық буын/ Yoriq bo'g'in	Дауыстыдан басталып дауыссызға аяқталатын буын түрі.	ат ел аң ақ іс	ot el ong oq is
3	Бітеу буын/ Berketilgan bo'g'in	Дауыссыздан басталып дауыссызға аяқталатын буын.	бас тау көз тас қар жұрт бел көл	bosh tog ko'z tosh qor yurt bel ko'l

⁸ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 99-110 б.

§ 8. ЕКПІН

Екпін – сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуы⁹.

Сөз құрамындағы белгілі бір буынның қарқынды, көтеріңкі айтылуымен байланысты екпін сөйлеу үдерісінің толыққандылығын сипаттайды. Сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындау, сөздің тұтастығын қамтамасыз ету, тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыру екпіннің тілдегі мәнін сипаттайды. Түркі тілдеріне тән екпін мен әуезділік олардың төл табиғатына сәйкес қалыптасқан құбылыс¹⁰.

Фонетикалық табиғатына байланысты екпін негізгі екі түрге бөлінеді: лебізді-динамикалық екпін және үнді-әуезді (музыкалық) екпін. Э. Тенишев ежелгі алтайлық тектілде екпіннің екі түрінің болу мүмкіндігін көрсетеді: бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; бірінші буында динамикалық, екінші-үшінші буындарда әуезді екпін¹¹. Түркі тілдері лексикасының бірінші буынына динамикалық шұғыл екпін, дисиллабтар мен полисиллабтардың соңғы буынына әуезді музыкалық екпін тән.

Түркі тілдеріндегі екпіннің кей жағдайда жылжымалы болып келуіне, бастапқы түркі түбірлерінің моносиллабтық құрылымға негізделуіне, кейбір қосымшалардың екпін қабылдау қабілетінің төмендігіне байланысты екпіннің соңғы буынға түсуі агглютинациялық құрылымның қалыптасуымен, сөздің күрделенуімен қатар орныққан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылады. «Тілдің полисинтетикалық немесе аморфты құрылымы агглютинацияға ауысуымен бірге екпін бір буынды бірнеше түбірді бір грамматикалық топқа ұйыстырудың тәсіліне айналды. Ондай топтың құрамындағы түбірлердің біреуі (бірінші орындағы) ғана лексикалық мағына иесі болады да, қалғандары грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарады. Алғашқы түбір құрамына түскен екпін біртұтастықты белгілеу үшін кейінгі буынға жылжиды»¹². Түркі тілдеріндегі

⁹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 99-б.

¹⁰ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М.: Наука, 1984. – С. 403-410.

¹¹ Тенишев Э. В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С. 9.

¹² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 100-б.

логикалық екпін барлық үш акустикалық элементтен тұрады, бірақ олардың біреуі басым болып келеді, негізгі қызметі – фраза деңгейіндегі делимитативтік және кульминативтік, сол сияқты интонация құрамындағы модальдықты көрсету.

Қыпшақ және қарлұқ тобындағы қазақ және өзбек тілдерінде де негізгі екпін сөз соңына түседі, сөзге қосымшалар жалғану ба-рысында екпін келесі буынға жылжып отырады. Кейбір қосымшалар мен шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі. Қазақ тілінде сөздің айтылу мақсатына, экспрессиялық-эмоциялық реңкіне байланысты екпіннің сөз шеніндегі орны құбылып, эмфазалық сипат алуы жиі кездеседі.

17-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі екпін
Qozoq va o'zbek tillarida urg'u

Екпін – Urg'u						
Қазақ тілі			O'zbek tili			
Екпін теориясы бойынша	Мысалдар		Urg'u nazariyasi bo'yicha	Misollar		
1	Екпін соңғы буынға түседі.	кітап ақылды қайта	1	Urg'u oxirgi bo'g'inga tushadi	kitob aqlli maktab	
2	Сөзге қосымша жалғанғанда екпін келесі буынға жылжиды.	бала балалар балаларды қызыл қызылырақ	2.	So'zga qo'shimcha qo'shilishi bilan urg'u keying bo'g'inga ko'chadi	bola bolalar bolalarga qizil qizilroq	
3	Екпін әрдайым бірінші буынға түседі.	а) сұрау есімдіктері	3		а) so'roq olmoshlari	qayda? qachon? qaysi?
		ә) бұйрық райдың II жағы, сypайы түрі			жеңіз түсіңіз тұрыңыз	б) buyruq maylining II shaxsi (hurmat ma'nosida)

17-кестенің жалғасы

Қазақ тілі			O'zbek tili		
Екпін теориясы бойынша	Мысалдар		Urg'u nazariyasi bo'yicha	Misollar	
4 Кейбір қосымшамен шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі.	а) етістіктің болымсыз мәнінің жалғауы: -ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	Ұйықта – ұйықтама	4 Ba'zi qo'shimchalar urg'u olmaydi, bunday so'zlarda urg'u oldingi bo'g'inlarga tushadi	Fe'ning bo'lishsizlik shakli: -ma	tur-turma ber-berma so'ra-so'rama bor-borma
	ә) жіктік жалғаулары: -мын/-мін, -сың/-сің, -быз/-біз, т.б.	Мен оқушымын. Біз қонақпыз.		b) shaxs-son shakllari: -man, -san -miz, -siz	Men o'quvchiman. Biz mehmonmiz.
	б) үстеу тудыратын жұрнақтар: -тай/-тей, -дай/-дей, -ша/-ше	Сендей болғым келеді. Менше істе.		d) ravish yasovchi qo'shimchalar: -day, -dek, -cha	senday, oydek o'zicha
	в) сұраулық шылаулар: -ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	Бардың ба? Бар ма? Келдің бе?		e) qo'shimcha shaklidagi barcha yuklamalar: -mi, -chi, -a, -ya, -u, -yu, -da, -ku, -oq, -yoq, -dir	bordingmi? Sen-chi? Keldi-yu! Aytdi-ku!
	г) болжалдық мән беретін -ды/-ді, -дүр қосымшасы ескі қазақ тіліне тән өнімсіз жұрнақ.	Бәлки келгенді. Жылқы кісіней-дүр.		f) eski turkiy tilga xos -durur// -turur ko'makchi fe'lining qisqargan -dur// -tur, shakllari; -di zamon shakli	Ular kelibdurlar. O'qidi. Bilgandur.

17-кестенің жалғасы

Қазақ тілі				О'zbek tili			
Екпін теориясы бойынша		Мысалдар		Urg'u nazariyasi bo'yicha		Misollar	
5	Өрқашан да екпінді айтылады.	күшейтпелі мәнді шылаулар: ең, тым, т.б. күшейтпелі шырай тудыратын буындар.	өте сұлу ең ұзын аппақ	5	Har doim urg'u bilan talaffuz qilinadi.	Sifatlarning orttirma darajasini hosil qiluvchi eng, juda, g'oyat, nihoyatda shakllari	eng kuchli, juda yaxshi, g'oyat go'zal, oppoq .
6	Қазақ тілінің екпін ережесі сақталмайды.	Орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдер	химия, алгебра, концерт, фонетика, филармония	6	О'zbek tilining urg'u o'rni o'zgaradi.	Rus tili orqali kirib kelgan baynalmilal terminlar	ximiya , algebra , konsert , fonetika , filarmoniya

ЕКІНШІ
БӨЛІМ

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
МОРФОЛОГИЯСЫ

§ 1. МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Морфология – тіл білімінде екі мағынада қолданылады: сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің дербес саласы; сөз құрылымына байланысты грамматиканың бір бөлімі. Морфологияның ішкі морфемдік құрылым мен сыртқы құрылымды сабақтастыра қарастыруы түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмашылығын сипаттайды. Сөздің мән-мағынасы, грамматикалық, стильдік, функционалдық қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды. Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны, оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасып, морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы грамматикалық-семантикалық белгілері бойынша сәйкес, жекелеген грамматикалық белгілері бойынша өзара ерекшеленетін сөздер тобынан¹³ сөз құрылымын анықтау оларды жалпы және жекелеген белгілері бойынша жүйелеудің негізгі тетіктерінің бірі қызметін атқарады.

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема. Морфема – әрі қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. Морфема нақты морфтардың инварианты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нөлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема, т.б.

¹³ Суник О.П. Общая теория частей речи. – М.-Л., 1966. – С. 26-27.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұрады. Тілдің морфологиялық құрылысы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың жиынтығын; тілдегі морфемалардың түрлері мен құрылысын, олардың бір-біріне және тұтас сөзге қатынасын қарастыратын морфемиканың негізгі зерттеу нысанын морфемалар, морфемалардың формальды өзгерген түрлері – морфтар (алломорфтар, морфема варианттары) және олардың өзара қатарласып тіркесу ерекшеліктері құрайды. Грамматикалық морфемалар немесе қосымша морфемалар грамматиканың объектісі болғандықтан, морфемика грамматиканың морфология, сөз жасам салаларына қатысты бөлігі болып табылады. Морфемика өз ішінде морфемалардың сөздегі орны мен қызметіне, білдіретін мағыналарының түрлеріне, морфемалық деңгейдегі синтагматикалық, парадигматикалық тіл бірліктеріне, морфемалар құрамында болатын морфологиялық өзгерістерге байланысты бірнеше шағын салаларға ажыратылады.

Түркі тілдері морфологиялық құрылымының негізгі ерекшеліктері: сөз құрылымындағы морфемааралық жіктің айқындығы; негіз сөздің тұрпаттық-мазмұндық жағынан біршама тұрақтылығы; зат есім мен сын есімдердің негізгі тұлғасын ажырататын арнайы морфологиялық көрсеткіштің болмауы; тек категориясының ажыратылмауы. Түркі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы түбір морфемадан және қосымша морфемалардан тұрады. Түркі тіл білімінде түбір морфемалар мен қосымша морфемаларды «толық мағыналы» және «көмекші (служебные) морфемалар» деп атау дәстүрі де қалыптасқан¹⁴. Бұл жіктеу бойынша морфемалардың дердестік/дербессіздік қасиеттері негізге алына отырып, дербес қолданылмайтын көмекші морфемаларға қосымшалармен бірге барлық көмекші сөздер, шылаулар мен одағайлар да шартты түрде енгізіледі.

Жалғамалы тілдік жүйенің заңдылықтары бойынша жұрнақтар мен жалғаулардан тұратын қосымшалар түбір сөзге бірінен кейін бірі қосарланып жалғана береді. Сондықтан сөздер де морфологиялық құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер;

¹⁴ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. – С. 5.

түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип іштей екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

§ 2. ТҮБІР МОРФЕМА

Синхрониялық тұрғыдан қарастырғанда сөздің негізгі лексикалық мағынасын беретін, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі саналатын түбір морфема императив етістік пен есім сөздердің дербес мағыналы бір, екі буынды тұлғаларына сай келеді. Ал диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда түбір морфемалардың дербес лексемалық сапада қолданылуы міндетті емес. Агглютинативті түркі тілдерінде морфемалық жігі айқын ажыратылмайтын сөздер құрамында ғана сақталған, дербес лексемалық қабілеті жоқ өлі түбірлер көп.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жүйесінің құрылымдық типтері V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады. Бір ғана дауысты дыбыстан жасалған V моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде бес-алты сөзді қамтиды. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінің көрінісі болып табылатын бір құрамды түбір морфемалар қазіргі түркі тілдерінде дербес лексикалық қабілетінен ажыраған, өте сирек кездеседі. Қазақ-өзбек тілдеріндегі III жақ жіктеу есімдігінің септік категориясымен түрлену барысындағы түбір тұлғасы дауысты дыбыстан тұратын бір құрамды типке сәйкес келеді: *o+ның – u+ning, o+ған – u+nğa, o+ны – u+ni*, т.б. Қазақ-өзбек тілдерінде: *e/ye → eđim/yedim → em, e → eđiñ/yediñ → eñ; e → eđi/yedi → em және e → ken* көмекші етістігі қолданылады.

Қыпшақ және қарлұқ топтарына жататын қазіргі қазақ және өзбек тілдеріндегі түбір морфемалар (дербес мағыналы түркілік түбірлер) негізінен VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады, V моделі кейбір одағайларға сәйкес келеді. Қазіргі түркі тілдері лексикалық жүйесінде синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмей-

тін CVCVC, CVCV, VCV, VCVC, VCCV модельді сөздер де жиі қолданылады: сұл(ұ)у – *go'zal*, қара – *qora*, бала – *bola*, ара – *ora*, өзгіз – *egiz*, өкше – *olti*, т.б. Тілдің қазіргі қалып-күйі бойынша түбір ретінде танылатын мұндай сөздер тілдік даму үдерісінде қалыптасқан тарихи негіздер болып табылады.

1-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі түбір морфемалар құрылымы
Qozoq va o'zbek tillarida o'zak morfemalarning tuzilishi

Түбір морфема – O'zak morfema			
№	Түбір морфемалардың құрылымдық модельдері / O'zak morfemalarining struktur modellari	Қазақ тілі	O'zbek tili
1	CV моделі (дауыссыз, дауысты)	не? *ма(ған) же- де-	bu shu ye- de-
2	VC моделі (дауысты, дауыссыз)	ақ ал ел үй іл-	oq ol el uy il-
3	CVC моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз)	бат- біл- күш қол тас	ber ko'r kel qol tosh
4	VCC моделі (дауысты, дауыссыз, дауыссыз)	ант арт- өрт ерт	ont ust ost ayt
5	CVCC моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауыссыз)	жұрт қайт- тарт- төрт шерт-	qurt qayt- tort- to'rt chert-

1-кестенің жалғасы

№	Түбір морфемалардың құрылымдық модельдері / O'zak morfemalarining struktur modellari	Қазақ тілі	O'zbek tili
6	VCV моделі (дауысты, дауыссыз, дауысты)	ала ара ора-	ola ota ora-
7	VCCV моделі (дауысты, дауыссыз, дауыссыз, дауысты)	өкше өксі-	olti o'ksi-
8	VCVC моделі (дауысты, дауыссыз, дауысты, дауыссыз)	асық өгіз	oshiq egiz
9	CVCV моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауысты)	бала жара жыла- қара	bola yara tila- qora
10	CVCVC моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауысты, дауыссыз)	сұл(ұ)у табан	go'zal tovon

§ 3. ҚОСЫМША МОРФЕМА

Жалғамалы тілдердің морфологиялық құрылымының негізі ерекшеліктері аффиксация үдерісінің реттілігі арқылы айқындалады. Мәні мен қызметі әртүрлі аффикстер рет-ретімен бір-біріне қабаттасып, қосарланып жалғана береді. Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан өзгерістерге ұшырауымен, жаңаруымен, вариациялануымен тығыз байланысты. Сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын қосымшалардың құбылуы олардың көпфункционалдық және көпваленттілік сипатымен түсіндіріледі. Өздері жалғанатын сөздердің семантикалық ауқымы кеңіп, мағыналық топтар санының өсуіне сәйкес қосымшалардың дерексіз (тиянақсыз) грамматикалық мағыналары да ұлғая береді. «Бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ғана түрінің әртүрлі семантикалық топқа жататын сөздерге ғана емес, әртүрлі сөз

таптарына жататын сөздерге де жалғануына мүмкіндік береді»¹⁵. Сөз немесе сөз тұлғасы құрамындағы қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан жаңаруы – олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап, фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады.

Грамматикада, негізінен, сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім (сөзөзгерім) ұғымдары қолданылады. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында қосымша морфемалар сөз тудырушы қосымшалар және форма тудырушы қосымшалар деп екі үлкен топқа бөлініп қарастырылады¹⁶. Өзбек тілінде де қосымша морфемалар `qo'shimcha morfemalar` сөз жасаушы қосымшалар `so'z yasovchi qo'shimchalar` және форма жасаушы қосымшалар `shakl yasovchi qo'shimchalar` болып ажыратылады.

Сөзжасам мәселесі – дербес ұғымның лексикализациялануына тікелей қатысты болғандықтан, ономонологиялық, семасиологиялық үдерістерге сай жүретін құбылыс. Сондықтан сөзжасам мәселесі фонология мен морфологияға, лексикология мен семантикаға

¹⁵ Тектігүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 4-б.

¹⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 183-б.

бірдей қатысты жеке сала ретінде морфологиядан бөлек қарастырылуда. Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әртүрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз етеді¹⁷.

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды: тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім (сөзөзгерім) аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім аффикстерін қабылдайды; тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады; тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды; кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді; тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды¹⁸. Негізінен сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқаратын жалғаулардың нөлдік формада қолданылуы да жиі кездеседі.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қарлұқ тобындағы өзбек тілдеріндегі қосымша морфемалар/*qo'shimcha morfemalar* жүйесі

¹⁷ Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – М.: Известия АН СССР, 1976. – № 6. – С. 518.

¹⁸ Қараңыз: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. – Л.: Наука, 1986; Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976; Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С. 71-72; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л., 1977. – С. 33; Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – М., 1986. – № 2. – С. 7-8; Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – 72, 73-б., т.б.

негізінен ортақ болып келеді, бірен-саран фонетикалық ерекшеліктер ғана кездеседі. Өзбек тіліне қарағанда қазақ тіліндегі қосымшалардың вариациялық нұсқалары ауқымды.

2-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі қосымша морфемалардың түрлері
Qozoq va o'zbek tillarida qo'shimcha morfemalarning turlari

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
№	Қосымша морфема түрлері		№	Qoshimcha morfemalar turlari	
I	Сөзжасам қосымшалары	<i>Мысалдар</i>	I	So'z yasovchi morfemalar	<i>Misollar</i>
	Зат есімнің сөзжасам жұрнақтары	балықшы жұмысшы байланыс егіншілік қарындас құрдас аштық бөлме		Ot yasovchi morfemalar	baliqchi ishchi sevgi dehqonchilik qarindosh sinfdosh ochlik tortma
	Сын есімнің сөзжасам жұрнақтары	ақылды атақты білімді сауатты тұзды мұртты жылауық мазасыз әлсіз ғылыми айнадай ашушаң аталас		Sifat yasovchi qo'shimchalar	aqli sabrli bilimli savodli tuzli mo'ylovli kasalmand mazasiz suvsiz ilmiy qorday ishchan tarbiyaviy
Етістіктің сөзжасам жұрнақтары	баста балтала тұзда үнде достас зырылда түзе сана байы	Fe'l yasovchi qo'shimchalar	boshla boltala tuzla o'rtoqlash do'stlash chirilla bo'sha sana boyi		

2-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
№	Қосымша морфема түрлері		№	Qoshimcha morfemalar turlari	
II	Тұлғажасам қосымшалары (модификациялық және категориялық қосымшалар)	Мысалдар	II	Shakl yasovchi qo'shimchalar	Misollar
	Зат есімнің реңктік мәнді жұрнақтары (құрметтеу, еркелету мәнді)	апай, апатай ағай, ағатай інішек келіншек ботақан жеңгежан балақай		Otning kichraytirish-erkalash shaklini hosil qiluvchi qo'shimchalar	opajon akaxon uycha kelinchak bo'taloq qo'zichoq qizcha
	Сын есім шырайларының жұрнақтары	жақсырақ күштірек толықтау қызғылт/ қызғыш сарғылт/сарғыш		Sifatning daraja shaklini hosil qiluvchi qo'shimchalar	yaxshiroq kuchliroq oqish/oqimtir qizg'ish/ qizilimtir sarg'ish/ sarg'imtir
	Реттік сан есімнің жұрнақтары	бірінші екінші үшінші төртінші бесінші алтыншы жетінші сегізінші		Tartib son hosil qiluvchi qo'shimchalar	birinchi ikkinchi uchinchi to'rtinchi beshinchi oltinchi yettinchi sakkizinchi
	Етіс категориясының жалғаулары	жуын жамыл көрін бұрыл сөйлес көріс алдыр сөндір		Fe'l kategoriyalari qo'shimchalari	yuvin aytil ko'rin buril so'zlash ko'rish oldir aytdir
	Болымсыз етістік жалғаулары	айтпады оқымады жазбады билемеймін		Fe'ning bo'lishsizlik shakllari	aytmadi o'qimadi yozmadi bilmayman

2-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida	
№	Қосымша морфема түрлері		№	Qoshimcha morfemalar turlari
II	Тұлғажасам қосымшалары (модификациялық және категориялық қосымшалар)	Мысалдар	II	Shakl yasovchi qo'shimchalar <i>Misollar</i>
	Есімшенің қосымшалары	білген оқыған жазған аққан (су) ұмтылар келер кетер айтатын		Sifatdosh shaklini hosil qiluvchi qo'shimchalari bilgan o'qigan tekkan oqqan (suv) intilar kelar borayotgan aytadigan
	Көсемшенің қосымшалары	жазып барып бермей көрмей сөйлей-сөйлей бара алмай айтқалы кеткелі барғалы шаршағанша үйреткенше		Ravishdosh shaklini hosil qiluvchi qo'shimchalari yozib borib bermay ko'rmay ayta-ayta bora olmay aytgani ekkani chiqqani kulgan kelgach
	Рай категориясының жалғаулары	алса берсе келсе келмек барғым келеді бармақ болды		Mayl kategoriyasi qo'shimchalari olsa bergin o'qisin chiqqin boray to'qiy aytaylik ketmoqchi
	Шақ категориясының жалғаулары	отырамын отырасың отырады отырамыз отырасыз отырады		Shaxs-son kategoriyasi qo'shimchalari o'tiraman o'tirasan o'tiradi o'tiramiz o'tirasiz o'tiradi(lar)

2-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
№	Қосымша морфема түрлері		№	Qoshimcha morfemalar turlari	
II	Тұлғажасам қосымшалары (модификациялық және категориялық қосымшалар)	Мысалдар	II	Shakl yasovchi qo'shimchalar	Misollar
	Көптік жалғауы	балалар теректер қыздар таулар гүлдер көздер ормандар көлдер тастар		Ko'plik shaklini hosil qiluvchi qo'shimchalar	bolalar daraxtlar qizlar tog'lar gullar ko'zlar o'rmonlar ko'llar toshlar
	Жіктік жалғауы	жыршымын жыршысың жыршысыз жыршымыз жыршысыңдар жыршысыздар		Shaxs-son qo'shimchalari	shoirman shoirsan shoirmiz shoirsiz shoirsizlar
	Тәуелдік жалғауы	балам балаң баласы баламыз балаларың балаларыңыз қолым қолың қолы қолымыз		Egalik qo'shimshalari	bolam bolang bolasi bolamiz bolangiz bolalari qo'lim qo'ling qo'li qo'limiz
	Септік жалғауы	кітап кітаптың кітапқа кітапты кітапта кітаптан кітаппен		Kelishik qo'shimchalari	kitob kitobning kitobga kitobni kitobda kitobdan

Қазақ-өзбек тілдеріндегі тұлғажасам қосымшалары
Qozoq-o'zbek tillarida shakl yasovchi qo'shimchalar

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жалғаулар	Жалғаулар мағынасы	Мысалдар	Qo'shimchalar	Qo'shimchalar ma'nolari	Misollar
-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер	Көптік жалғауы	Кітаптар	-lar	Ko'plik qo'shimchasi	kitoblar
-м, -ым/-ім	Тәуелдік жалғауы: I жақ, жекеше	атам көзім	-m, -im	Egalik qo'shimchasi: I shaxs, birlik	otam ko'zim
-ң, -ың/-ің -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз	Тәуелдік жалғауы: II жақ, жекеше	атаң/ атаңыз көзің/ көзіңіз	-ng, -ing	Egalik qo'shimchasi: II shaxs, birlik	otang ko'zing
-ы/-і, -сы/-сі	Тәуелдік жалғауы: III жақ, жекеше	атасы көзі	-si, -i	Egalik qo'shimchasi: III shaxs, birlik	otasi ko'zi
-мыз/-міз, -ымыз/ -іміз	Тәуелдік жалғауы: I жақ, көпше	атамыз көзіміз	-miz, -imiz	Egalik qo'shimchasi: I shaxs, ko'plik	otamiz, ko'zimiz
(-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер) + -ың/-ің -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз	Тәуелдік жалғауы: II жақ, көпше	аталарың/ аталарыңыз үстелдерің/ үстелдеріңіз	-ngiz, -ingiz -lari	Egalik qo'shimchasi: II shaxs, ko'plik Egalik qo'shimchasi: I shaxs, ko'plik	otangiz ko'zingiz otalari, ko'zlari
-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін	Жіктік жалғауы: I жақ, жекеше	оқушымын етікшімін студентпін	-man	Shaxs-son qo'shimchasi: I shaxs, birlik	o'quvchiman etikchiman talabaman

3-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жалғаулар	Жалғаулар мағынасы	Мысалдар	Qo'shimchalar	Qo'shimchalar ma'nolari	Misollar
-сың/-сің, -сыз/-сіз	Жіктік жалғауы: II жақ, жекеше	оқушысың етікшісің студентсің	-san	Shaxs-son qo'shimchasi: II shaxs, birlik	o'quvchisan etikchisan talabasan
-мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз	Жіктік жалғауы: I жақ, көпше	оқушымыз етікшіміз студентпіз	-miz	Shaxs-son qo'shimchasi: I shaxs, ko'plik	o'quvchimiz etikchimiz talabamiz
-сыңдар/ -сіңдер, -сыздар/ -сіздер	Жіктік жалғауы: II жақ, көпше	оқушы- сыңдар етікшісіңдер студентсің- дер	-siz	Shaxs-son qo'shimchasi: I shaxs, ko'plik	o'quvchisiz etikchisiz talabasiz
-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің	Ілік септігі жалғаула- ры	адамның көршінің/ қоңсының	-ning	Qaratqich kelishigi qo'shimchasi	odamning qo'shning
-ға/-ге, -қа/-ке	Барыс септігі жалғаула- ры	аңға ауылға	-ga, -ka, -qa	Jo'nalish kelishigi qo'shimchalari	ovga elakka quloqqa bog'ga
-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті	Табыс септігі жалғаула- ры	Отанды адамды кітапты	-ni	Tushum kelishigi qo'shimchasi	Vatanni odamni kitobni
-да/-де, -та/-те	Жатыс септігі жалғаула- ры	қайықта қалада/ шаһарда бізде	-da	O'rin-payt kelishigi qo'shimchasi	qayiqda shaharda bizda
-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен	Шығыс септігі жалғаула- ры	алтыннан елінен кітаптан бізден	-dan	Chiqish kelishigi qo'shimchalari	oltindan xalqidan kitobdan bizdan
-мен/-бен/ -пен	Көмектес септігі жалғаула- ры	ұшақпен баламен көзімен	ø	ø	ø

3-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жалғаулар	Жалғаулар мағынасы	Мысалдар	Qo'shimchalar	Qo'shimchalar ma'nolari	Misollar
-мыс (-міс), -мыш (-міш), -ау	Бол-жалдық демеуліктер	айтты-ау кетті-ау айтып-ты-мыс	-dir	Gumon yuklamasi	kelgandir kelgandir
-шы/-ші	Өтініш мәнді де-меуліктер жеке қарастырылмайды	айтшы берші қойшы айтсаңшы берсеңші қойсаңшы	-chi	So'roq-taajjub yuklamasi	ayt-chi ber-chi aytsang-chi bersang-chi
-а/-е, -й+ (жіктік жалғауы)	Етістік: ауыспалы осы шақ, ауыспалы келер шақ	біледі кетеді жазады сөйлейді	-а, -у (shaxs-sonda tuslanishi)	Hozirgi-kelasi zamon	biladi ketadi yozadi so'zlaydi
-ды/-ді, -ты/-ті	Етістік: жедел өткен шақ	жазды оқыды көрді алдық	-di	Aniq o'tgan zamon	yozdi o'qidi ko'rdi oldik
-ған/-ген, -қан/-кен	Етістік: бұрынғы өткен шақ	көрген бөлінген тіккен егілген	-gan -kan -qan	Uzoq o'tgan zamon	ko'rgan bo'lingan tikkan chiqqan
-р, -ар/-ер	Етістік: болжалды келер шақ	келер барар көрер алар	-r, -ar	Kelasi zamon gumon fe'li	o'qir ishlar ko'rar olar
-сын/-сін	Бұйрық рай: III жақ, жекеше/көпше	жазсын айтсын оқысын келсін	-sin, -sinlar	Buyruq mayli: III shaxs, birlik/ko'pplik	Yozsin aytsin o'qisin kelsinlar
-са/-се	Шартты рай жалғаулары	оқысы барса алса келсе	-sa	Shart mayli qo'shimchasi	o'qisa borsa kelsa olsa

3-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жалғаулар	Жалғаулар мағынасы	Мысалдар	Qo'shimchalar	Qo'shimchalar ma'nolari	Misollar
-ғы/-гі,-қы/-кі,-ғай/-гей,-қай/-кей +жіктік жалғаулары+көмекші етістіктер	Қалау рай жалғаулары	айтқым келеді барғым келеді алғың келеді жегісі келді барғайсың жегейсің	ø	ø	ø
-р, -ар/ -ер+ көмекші етістік	Тілек мәнді рай	күтер едім іздер едім барар едім көрген болар еді	ø	ø	ø
-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе	Болымсыз етістік жалғаулары	көрінбе ұйықтама жазба қарама сөйлеме	-ma	Fe'lning bo'lishsiz shakli	ko'rinma uxlama yozma qarama aytma
-н, -ын/-ін	Өздік етіс жалғаулары	киін көрін жуын таран	-n, -in	Fe'lning o'zlik nisbati shakli	kiyin ko'rin yuvin taran
-л, -ыл/-іл	Ырықсыз етіс жалғаулары	айтылды жазылды көрсетілді	-l, -il	Fe'lning majhul nisbat qo'shimchalari	aytildi yozildi ko'rildi
-с, -ыс/-іс	Ортақ етіс жалғаулары	теріс сөйлес ойлас	-sh, -ish	Fe'lning birgalik nisbat shakli	terishdi bajarishdi o'qishdi
-дыр/-дір, -тыр/-тір, -қыз/-кіз, -ғыз/-гіз, -т	Өзгелік етіс жалғаулары	алдыр көндір жандыр жаздыр/ жазғыз жегіз қызарт	-dir, -tir, -giz, -g'iz, -kiz, -qiz, -t, -gaz, -kaz, -qaz	Fe'lning orttirma nisbati	yozdir kestir kirgiz to'lg'iz ketkiz yotqiz ko'rgaz o'tkaz tutqaz yurgiz o'qit

3-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жалғаулар	Жалғаулар мағынасы	Мысалдар	Qo'shimchalar	Qo'shimchalar ma'nolari	Misollar
-у→(-үү/ үү, -ыу/-іу)	Қимыл есімі/ Ортақ етістік	жымию шығу	-v, -uv	Harakat nomi shakli	aytuv ishlov ketuv o'quv
-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек		бармақ келмек	-moq, -mak		bormoq aytmak
-рға/-рге, -арға/-ерге		барарға (керек) қарарға (керек)	ø		ø
-п, -ып/-іп	Көсемше жалғаула- ры	оқып барып тарап	-b, -ib	Ravishdosh shakli	o'qib borib tarab
-а/-е, -й		бара көре сөйлей- сөйлей	-a, -y		bora-bora ayta-ayta yig'lay- yig'lay
-ғанша/ -генше, -қанша/ -кенше, -ғалы/-гелі, -қалы/-келі, -майынша/ -мейінше		келгенше болғанша басталғалы шыққалы келгелі кеткелі	-gancha, -kancha, -qancha, -gani, -kani, -qani, -gali		kulgancha, tekkancha, boqqancha o'qigani, ekkanı, tuqqani, o'qigali
-ған/-ген, -қан/-кен,	Есімше жалғаула- ры	жанған тігілген оқыған жазған білген	-gan, -kan, -qan	Sifatdosh shakli	borgan tekkan chiqqan
-р, -ар/-ер		айтар көрер оқыр	-r, -ar		borar, o'qir
-атын/-етін, -йтын/-йтін		оқитын баратын	-adigan, -yidigan		boradigan, o'qiydigan
-ушы/-уші		барушы келуші	-yotgan, -ayotgan		o'qiyotgan borayotgan

§ 4. СӨЗ ТАПТАРЫ

Сөз таптары – сөзді жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жүйелеп, жіктейтін лингвистикалық категория. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады.

Сөздерді сөз таптарына бөліп топтастыру әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы ғана айқындалмайды, сөз таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілері бойынша жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс. Тілдік жүйедегі әрбір сөз сөйлеу үдерісінде өзіндік лексикалық мағынасын сақтай отырып, жалпыланып, абстракцияланып жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жалпы грамматикалық мағыналар негізінде лексикалық мағынасы әртүрлі сөздер ортақ сипатқа ие болады. Сөздердің сөз таптарына топтастырылуы грамматикалық сипаттағы осы ортақ белгілерге негізделеді. Сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі ұстанымдары: семантикалық принцип (сөздің лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)¹⁹. Түркі тілдеріндегі әрбір сөз табының өзіне тән сөз тудыру жұрнақтары мен түрленім жүйесін қамтамасыз ететін жалғаулары бар.

Қазақ және өзбек тілдерінде 10 сөз табы/*soʻz turkumlari* бар: зат есім/*ot*, сын есім/*sifat*, сан есім/*son*, есімдік/*olmosh*, үстеу/*ravish*, етістік/*feʻl*, еліктеуіш сөздер/*taqlid soʻz*, шылаулар/*yordamchi soʻzlar*, одағай/*undov soʻzlar*, модаль сөздер/*modal soʻzlar*. Сөз табы қолданылу ерекшеліктеріне қарай дербес және көмекші сөз таптары деп екі топқа бөлінеді. Дербес сөз таптары: зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу. Көмекші сөз таптары: жалғаулық, септеулік, демеулік, модаль сөздер, одағай.

¹⁹ *Исаев С.* Сөз таптары // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 363-б.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі сөз таптары
Qozoq va o'zbek tillarida so'z turkumlari

Сөз таптары – So'z turkumlari							
Қазақ тілі			O'zbek tili				
Сөз табы	Мәні	Сұрақтары	Мысалдар	So'z turkumi	Ma'nosi	So'roqlari	Misollar
Зат есім	Заттық ұғымды білдіреді.	кім? кімдер? не? нелер?	ана бала қыздар кітап гүл	Ot	Shaxs, narsa- buyum va joy nomlarini bildiradi.	kim? nima? qayer?	ona bola qizlar kitob gul
Сын есім	Заттың белгілерін білдіреді.	қандай?	ақ ащы сұлу жақсы күшті	Sifat	Shaxs, narsaning belgi- xususiyatini bildiradi.	qanday? qanaqa?	oq achchiq go'zal yaxshi kuchli
Сан есім	Заттың санын, ретін білдіреді.	қанша? неше? қаншасыншы? нешінші? қаншадан? нешедең?	бес алты жетеу бірінші екінші үшінші бесінші	Son	Narsalarning son-sanog'i, tartibini bildiradi.	qancha?necha? nechanchi?	besh olti yettov birinchi ikkinchi uchinchi beshinchi

Қазақ тілі			О'zbek tili				
Сөз табы	Мәні	Сұрақтары	Мысалдар	So'z turkumi	Ma'nosi	So'roqlari	Misollar
Үстеу	Іс-әрекет белгілерін білдіреді.	қашан? қай уақытта? қашаннан? қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша? қайтп? не үшін? неліктен?	тез жай ерте тосыннан едәуір жорта әсте кеше ертең	Ravish	Haraka-holat belgisini bildiradi.	qachon? qay vaqtda? qanday? qay tarzda? qanday qilib? qancha? nega? nima sababdan?	tez astoydil erta to'satdan biroz jo'rttaga sekin kecha ertaga
Есімдік	Есім сөздер орнына жұмсалып, жалпылама мән береді.	Қандай сөз табы орнына жұмсалса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.	мен сен/ сіз ол біз осы бұл анау мынау бәрі	Olmosh	Olmosh gapda boshqa so'zlar o'rimda almashinib keluvchi so'zlardir.	Qaysi so'z tukumi o'rimda qo'llansa, o'sha so'zning so'rog'iga javob bo'ladi.	men sen/siz u biz o'sha bu ana u mana bu bari barcha hamma
Етістік	Қимыл іс-әрекетті білдіреді.	Не істейді? Не істеген?	келді тұздады жедім іштім оқыдық тегісте домала	Fe'l	Harakat-holat ma'nosini bildiradi	nima qildi? nima bo'ldi?	keldi tuzladi yedim ichding o'qidik tekisla dumala

Қазақ тілі			О'zbek tili				
Сөз табы	Мәні	Сұрақтары	Мысалдар	So'z turkumi	Ma'nosi	So'roqlari	Misolilar
Еліктеуіш	Дыбыс тар мен қимыл-қозалыстарды бейнелейді.	Қалай?	жалғ-жұлт тық-тық бүлк-бүлк тарс-түрс күлк-күлк	Taqlid so'zlar	Tovushga yoki holatga taqlidini, o'xshatishni bildiradigan so'zlar.	qanday?	yalt-yult taq-taq bilq-bilq tars-turs ship-ship
Одағай	Адамның көңіл күйі, сезімін білдіру, үй малды, үй хайуандарын шақыру, айдау мақсатында жұмсалады.	алақай! пай-пай! пах-пах! охо! қап! тәйт! тек, әуц, жә, моһ-моһ, көс-көс, шөре-шөре, әүкім-әүкәм, кә-кә, міш-міш, айтақ-айтақ, әлди-әлди, күц, т.б.		Undov so'zlar	Kishilar ning quvonchi, hayron qolish, g'azab-nafrat, og'riq singari hissiyotlarini hamda kishilar diqqatini tortish, jonivorlarni haydash, chaqirish va to'xtatish uchun qo'llaniladi.	hoy, eh, eha, iyce, bay-bay, voy-bo', uf, oh, voy, o'h-ho', hey, tss, uh, e, chu, chip-ship, xo'sh, kishit, hoy, voh, pish-pish va b.	
Модаль сөздер	Сөйлеушінің алынған ақпаратқа, хабарға жеке қатынасын білдіреді.	ия, жоқ, мүмкін, әлбетте, бәлкі, бәлкім, шынныңда, лазым, тиіс, (-са) керек, т.б.		Modal so'zlar	Modal so'zlar bayon qilinayotgan fikrga so'zlovchining ishonch, gumon, quvonch, afsuslanish kabi munosabatlarini bildiradi.	ha, yo'q, mumkin, albatta, balki, haqiqatan, zarur, lozim va b.	

		Қазақ тілі			О'zbek tili		
Сөз табы	Мәні	Сұрақтары	Мысалдар	So'z turkumi	Ma'nosi	So'roqlari	Misollar
Шылау сөз үш топқа бөлінеді:	Дербес мағынасы жоқ.			Yordamchi so'zlar uch guruhga bo'linadi:	Mustaqil ma'no anglatmaydi		
Жалғаулық	Бірүлғай сөйлем мүшелері мен сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалады.		мен/бен/пен, және, әрі, да/де, та/те; әлде, бірде, біресе, я, не, немесе, не болмаса, мейлі; бірақ, әйтсе де, әйткенмен, дегенмен, сөйтсе де, алайда; себебі, өйткені, неге десең, сондықтан, сол себепті; егер, егер де, алда-жалда; ал, енде-ше, демек, яғни.	Bog'lovchi	Gapning uyushiq bo'laklarini va tarkibidagi qo'shma gap sodda gaplarni o'zaro bog'lash uchun xizmat qiladi.	va, hamda, ham, ammo, lekin, biroq, yo, yoki, goh...goh, dam...dam, bir...bir, xoh...xoh va b.	
Септеуліктер	Нысан ардың ара-сындағы немесе объект мен қимыл-қозғалыс арасындағы қатынасты білдіреді.		Үшін, сайын, сияқты, тәрізді, сынды, секілді, сықылды, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, арқылы, бойы, бойынша, шамалы, шақты, қаралы, нұрлы, нұрлым; шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу; гөрі, соң, кейін, басқа, бөлек, өзге, бері, әрі, бұрын; қатар, бірге, қабап, қоса	Ko'makchilar	Gapda vosita, maqsad, sabab, vaqt, makon va shu kabi sintaktik munosabatlarni ifodalash uchun qo'llaniladigan so'zlardir.	bilan, sari, sayin, uchun, kabi, qadar, singari, uzra, tufayli, haqida; ost, yon, ust, old, orqa, ro'para, oldin, avval, keyin, so'ng, tomon, qosh, bo'ylab, qarab, ko'ra, deya, deb, atab va b.	
Демеуліктер	Сөздер мен сөйлемдерге қосымша мән жүктеу үшін қолданылады.		ма/ме, ба/бе, па/пе, ше; -ау, -ақ, да/де, та/те; қой/қой, -ды/-ді, -ты/-ті; ғана, -ақ, тек; -мыс/-міс, -екеш, -ау; тұрсын, тұрмақ, түгіл	Yuklamalar	Ayrim so'z yoki gapga qo'shimcha ma'no berish uchun qo'llaniladi.	axir, hatto, faqat, ham, xuddi, go'yo, go'yoki, naq, hech, sira, nahotki, na; -mi, -chi, -gina (-kina, -qina), -dir, -u, -yu, -da, -a.	

§ 5. ЗАТ ЕСІМ

Түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өрісі аса кең сөз таптарының бірі – зат есімдер. «Айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер»²⁰. Зат есімдер морфологиялық тұрғыдан алғанда өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік.

Зат есімдер мағынасына қарай екіге бөлінеді: 1) жалқы есім/*atoqli otlar* – бір тектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, адамдардың атауларын жеке-дара бөліп айту үшін қызмет атқаратын зат есімнің түрі: *Қазақстан – Qozog‘iston, Өзбекстан – O‘zbekiston, Астана – Ostona, Ташкент – Toshkent, «Абай жолы» – «Abay yo‘li», Ернарар – Ernazar, Айгүл – Oygul*, т.б. 2) жалпы есім/*turdosh otlar* – бір тектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, қалыптың жалпы атауы; *қала – shahar, қыз – qiz, ауыл – qishloq (ovul), есім – ism*, т.б.

Түркі тілдерінің табиғатына сәйкес қазақ, өзбек тілдерінде адамнан басқа жанды зат атауларына *не?/nima?* сұрақтары қойылады, сондай-ақ тек категориясының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, лексикалық негізде ажыратылады: *шал – chol (qariya), кемпір (кейуана) – kampir, ата – ota, әже – ona, бала – bola, қыз – qiz*, т.б.

Зат есімдер құрылымына, жасалуына қарай – түбір/*tub*: *ac – osh, бел – bel, ic – ish*; туынды/*yasama*: *білім – bilim, жұмысшы – ishchi, байланыс – o‘roq, құрдас – sinfdosh, бөлме – tortma*, т.б.; күрделі/*qo‘shma*: *аққу – oqqush, дос-жаран – do‘st-yor, Қазақстан Республикасы (ҚР) – Qozog‘iston Respublikasi (QR), Өзбекстан Республикасы – O‘zbekiston Respublikasi (O‘zR)*, т.б. болып үш топқа бөлінеді. Қазақ тілі грамматикасы бойынша күрделі зат есімдер іштей бірнеше топқа жіктеледі: біріккен (кіріккен) күрделі зат есімдер, қосарлы күрделі зат есімдер, тіркесті күрделі зат есімдер, қысқарған күрделі зат есімдер. Туынды зат есімдер ретінде негізінен сөзжасам жұрнақтары

²⁰ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 442-б.

арқылы жасалған сөздер қарастырылады. Өзбек тілінде күрделі зат есімдерді құрамына қарай төмендегіше бөлуге болады: қосарланған зат есімдер, қайталанған зат есімдер, тіркескен зат есімдер.

Зат есімдердің құрамындағы сөз санына байланысты дара және күрделі деп бөлу дәстүрі де бар. Зат есімдер көптік, жіктік, тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді.

Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Қазақ және өзбек тілдерінде көптік мән лексикалық негізде де айқындалады, мысалы: балашаға – *bola-chaqa* `bolalar`.

Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсуінің негізгі амалы болып табылады²¹. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі²².

Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді. Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік, т.б. грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі зат есімдердің сөйлем құрамындағы қолданысы – бастауыш қызметінде жұмсалады: *ана ас пісіріп жатыр* – *ona osh pishiryabdi*; баяндауыш қызметін атқарады: *кітап* – *білім бұлағы* – *kitab* – *bilim bulog'i*; толықтауыш болады: *мен бұл әңгімені өте жақсы көремін* – *men bu gapni juda yaxshi ko'raman*; анықтауыш қызметін атқарады: *баланың кітабы ашық тұр* – *bolaning kitobi ochiq turibdi*; пысықтауыш қызметінде қолданылады: *үйде ешкім жоқ* – *uyda hech kim yo'q*.

²¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 458-б.

²² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – 150-б.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі зат есімдер
Qozoq-o'zbek tillaridagi otlar

Зат есім – От			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Жалқы есім	Жалпы есім	Атоқли от	Turdosh ot
Астана, Ташкент, Арал, Қаратау, Ерназар, Айхан	тау, кітап, гүл, өзен, көл, қала, кісі/адам, ат/есім	Ostona, Toshkent, Orol, Qoratog', Farhod, Zuhra	tog', kitob, gul, daryo, ko'l, shahar, kishi/odam, ot/ism
Зат есімдердің құрылымы – Otlarning tuzilishi (yasalishi)			
Түбір	бас, іс, тау, көл, мұз, қол, жең, жел, жыл, жол, қыс	Asos	bosh, ish, tog', ko'l, muz, qo'l, yeng, yel, yil, yo'l, qish.
Туынды	-шы/-ші: балықшы, етікші; -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/тік: орыңдық; -тас/-тес, -дас/-дес: жолдас, қарындас, құрдас, сыныптас; -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе: бөлме, сүзбе; -қыш/-кіш , -ғыш/-гіш: ұшқыш, сүзгіш, ұшқыш, алжапқыш; -с, -ыс/-іс: байланыс, жеңіс, табыс, т.б.	Yasama	-chi: baliqchi, etikchi; -lik:, toshkenlik; -dosh: sinf-dosh, yurt-dosh, mahalladosh; -ma: tortma, suzma, to'g'rama -gich, -kich, -qich, -g'ich: suzgich, kulgich, tepkich, ochqich, chizg'ich;
Күрделі:	білезік, биыл, аяқ киім, көзәйнек, ата-ана, аға ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атын- дағы Еуразия ұлт- тық университеті, ЕҰУ, т.б.	Qo'shma so'zlar:	bilaguzuk, qo'larra, gulbeor, qo'yboqar, asalari, ko'zoynak; ota-ona, og'a-ini; Markaziy Osiyo, Alisher Nauay nomidagi Toshkent davlat o'zbek tili va adabiyoti universiteti, va b.
1. Біріккен (кіріккен) күрделі зат есімдер. 2. Қосарлы күрделі зат есімдер. 3. Тіркесті күрделі зат есімдер. 4. Қысқарған күрделі зат есімдер.		1. Qo'shma otlar. 2. Juft otlar. 3. Takroriy otlar. 4. Birikmali otlar. 5. Qisqartma so'zlar.	

5-кестенің жалғасы

Зат есімдердің сандық сапасына қатысты ажыратылуы – Otlarning son kategoriyasi						
Жекеше		Көпше		Birlik		Ko'plik
қала ауыл бөлме топ қыз		қалалар ауылдар бөлмелер топтар қыздар		shahar mahalla xona koptok qiz		shaharlar mahallalar xonalar koptoklar qizlar
Зат есімнің септік формасы – Otlarning kelishik kategoriyasi						
Атау Bosh	Ілік Qaratqich	Барыс Jo'nalish	Табыс Tushum	Жатыс O'rin- payt	Шығыс Chiqich	Көмектес (o'zbek tilinda yo'q)
<u>Бала</u> ұйықтап жатыр/ <u>Bola</u> <u>uxlayapti</u>	<u>Баланың</u> кітабы/ <u>Bolaning</u> <u>kitobi</u>	<u>Балаға</u> қара/ <u>Bolaga</u> <u>qara</u>	<u>Баланы</u> жақсы көремін/ <u>Bolani</u> <u>yaxshi</u> <u>ko'raman</u>	<u>Балада</u> ойын- шық бар/ <u>Bolada</u> <u>o'yinchoq</u> <u>bor</u>	<u>Баладан</u> алдым/ <u>Boladan</u> <u>oldim</u>	<u>Баламен</u> келдім Ø
Тәуелдік тұлғалы зат есімдер – Otlarning egalik shakli						
Жақ – Shaxs		Жекеше – Birlik		Жақ – Shaxs		Көптік – Ko'plik
I жақ/shaxs менің mening		балам – bolam үстелім – stolim		I жақ/shaxs біздің bizning		баламыз – bolamiz үстеліміз – stolimiz
II жақ/shaxs сенің/sening сениң/sizning		балаң – bolang балаңыз – bolangiz үстелің – stoling үстеліңіз – stolingiz		II жақ/shaxs сендердің/ сіздердің – sizning sizlarning		балаң – bolangiz балаңыз – bolangiz үстелдерің/ үстелдеріңіз – stolingiz/ stollaringiz
III жақ/shaxs оның uning		баласы – bolasi үстелі – stoli		III жақ/shaxs олардың ularning		баласы – bolasi үстелі – stollari

5-кестенің жалғасы

Жіктік тұлғалы зат есімдер – Otlarda shaxs-son shakllari			
<i>Жақ/Shaxs</i>	<i>Жекеше – Birlik</i>		<i>Көпше – Ko'plik</i>
I жақ/shaxs	Мен оқушымын – Men o'quvchiman		Біз оқушымыз – Biz o'quvchimiz
II жақ/shaxs	Сен оқушысың/ сіз оқушысыз – Sen o'quvchisan/siz o'quvchisiz		Сендер оқушысыңдар/ сіздер оқушысыздар – Sizlar o'quvchisizlar
III жақ/shaxs	Ол оқушы – U o'quvchi		Олар оқушы – Ular o'quvchi
<p>Нақтылық және белгісіздік – Aniqlik va mavhumlik Табыс септігі мен ілік септігінің аффикстері жалғанып, біршама нақтылықты сипаттайды. Табыс септігі мен ілік септігі кейде нөлдік формада қолданылады, бұл жағдай біршама белгісіздікті аңғартады. Tushum kelishigi bilan qaratqich kelishigi qo'shimchalari qo'shilib, muayyan bir aniqlikni bildirsa, ba'zida kelishik qo'shimchalari yashirin tarzda kelib, mavhumlik, noaniqlikni bildiradi.</p>			
Табыс септігі – Tushum kelishigi		Ілік септігі – Qaratqich kelishigi	
Нақтылық мән/ Aniqlik ma'nosi	Белгісіздік мән/ Noaniqlik ma'nosi	Нақтылық мән/ Aniqlik ma'nosi	Белгісіздік мән/ Noaniqlik ma'nosi
Мен кітапты оқимын – Men kitobni o'qyman. Мен қаланы көрдім – Men shaharni tomosha qildim.	Мен кітап оқимын – Men kitob o'qyman. Мен музей араладым – Men muzey tomosha qilaman.	Үйдің сыртында адамдар бар. maktabning bog'i; daftarning varag'i.	Үй сыртында адамдар бар. maktab bog'i; daftar varag'i.
Қолданысы – Qo'llanilishi			
Бастауыш – Ega		Бала ұйықтап жатыр – Bola uxlayapti.	
Баяндауыш – Kesim		Біз – студент – Biz – talaba .	
Толықтауыш – To'ldiruvchi		Анам сорпа пісіріп жатыр – Onam sho'rva pishiryapti.	
Анықтауыш – Aniqlovchi		Кітаптың беті ашық – Kitobning varag'i ochiq.	
Пысықтауыш – Hol		Оны көшеде жолықтырды/ұшыраттық – Uni ko'chada uchratdik.	

Қазақ-өзбек тілдеріндегі зат есімнің сөзжасам жұрнақтары
Qozoq-o'zbek tillarida ot yasovchi qo'shimchalar

Зат есімнің сөзжасам жұрнақтары Ot yasovchi qo'shimchalar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Қосымшалар	Мысалдар	Qo'shimchalar	Misollar
-шы/-ші	балықшы етікші оқушы тігінші аңшы	-chi	baliqchi etikchi o'quvchi tikuvchi ovchi
-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/тік	жастық егіндік орындық балалық мұздық	-lik	yoshlik urug'lik shaharlik bolalik muzlik
-с,-ыс/-іс	жеңіс жарыс қоныс ұрыс табыс	-gi, -ki, -g'i, -qi	supurgi, sevgi tepki yoqilg'i tutatqi achitqi
-лас/-лес -тас/-тес, -дас/-дес	жолдас кұрдас ауылдас жерлес жақтас	-dosh	yo'ldosh sinf-dosh qishlo- qdosh yurtdosh
-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе	бөлме сүзбе ықтырма бастырма тартпа	-ma	jamg'arma suzma qichima bostirma tortma
-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек	қармақ оймақ қаймақ құймақ	-moq	quymoq
-у/-ау, -еу, т.б.	бояу көсеу тұсау сайлау	-v	saylov tanlov

6-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Қосымшалар	Мысалдар	Qo'shimchalar	Misollar
-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш	жүзгіш қысқыш тұтқыш сыпырғыш сүзгіш	-qich, -gich, -g'ich, -kich	qisqich tutqich, suzgich o'chirg'ich, ko'rsatkich
-шын/-шін, -сын/-сін	құлақшын бұрқасын	-chin	quloqchin

§ 6. ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ КӨПТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Зат есімдер сандық сапасына байланысты екі түрлі тұлғада қолданылады: жекеше (берлек) және көпше (күплек). Зат есімнің жекеше түрі негізгі атау тұлғаға сәйкес келеді, арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ: *ағаш – yog'och*, *бала – bola*, *қала – shahar*. Зат есімнің көпше түрі көптік жалғаулары жалғану арқылы жасалады: *ағаштар – yog'ochlar*, *балалар – bolalar*, *қалалар – shaharlar*.

Түркі тілдерінде көптік жалғауларын жалғамай-ақ көптік мағына білдіретін зат есімдер кездеседі, мысалы, қазақ және өзбек тілдеріндегі қосарлы зат есімдердің көптік мәні бар: *дос-жаран – do'st-yoron*, *тамыр-таныс – tanish-bilish*, *ата-ана – ota-ona*, *бала-шаға – bola-chaqa*, *ыдыс-аяқ – qozon-tovoq*, *қатын-қалаш/қыз-қырқын – хотин-xalaj*, *жеміс-жидек – yer-yemish*, *азық-түлік – oziq-ovqat*, т.б. Сондай-ақ қазақ-өзбек тілдеріндегі басқа да дара зат есімдердің лексикалық мағынасы көптік, жинақтық мән береді: *мал – mol*, *сүт – sut*, *тұз – tuz*, *қаймақ – qaumoq*, *махаббат – muhabbat*, *достық – do'stlik*, т.б. Сондықтан лексикалық мағынасында көптік, жинақтық мән бар зат есімдер көптік жалғауын қабылдамайды.

Қазақ және өзбек тілдерінде сан есімдерден кейінгі зат есімдер тек жекеше түрде қолданылады, көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: (алма/алмалар) бір жасыл алма – *bitta ko'k olma*; он жасыл алма – *o'n ko'k olma*; (кітап/кітаптар – *kitob/kitoblar*) *екі кітап – ikki kitob*; *сегіз кітап – sakkiz kitob*.

Көпшілдік ұғымының мән-маңызының адам санасында қорытылуына байланысты қалыптасқан көптік жалғаулары объектінің

сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытып, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметтерін атқарады. Түркі тілдері бойынша көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішін *-лар/-ләр/-лер* форманты және оның фонетикалық варианттары құрайды.

Қазақ тілінде көптік жалғауларының *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер* көрсеткіштері, өзбек тілінде *-lar* аффиксі қолданылады.

7-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі зат есімдердің көптік жалғауларымен түрленуі
Qozoq va o'zbek tillarida otlarning ko'plig qo'shimchalari

Көптік жалғаулары – Ko'plik qo'shimchalari							
Қазақ тілі					O'zbek tili		
Егер түбір (негіз) сөз төмендегі дыбыстарға аяқталса:	Көптік жалғауының варианттары			<i>Мысалдар</i>	Har qanday to-vush bilan tugagan so'zlardan keyin:	Ko'plik qo'shim-chasi	<i>Misollar</i>
	Жуан дауысты дыбысы бар сөз	Жіңішке дауысты дыбысы бар сөз					
1	а, ә, ы, і, е, й, у, р	-лар	-лер	балалар кафелер* кісілер қойлар таулар қасқырлар	-lar	–	bolalar kafelar kishilar echkilar qizlar kitoblar
2	д, м, н, ң, з, ж	-дар	-дер	көлдер қыздар гараждар	-	-	
3	б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ	-тар	-тер	кітаптар тастар жидектер жігіттер цехтар	-	-	

* Кірме сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелілігі негізге алынады.

§ 7. ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТӘУЕЛДІК КАТЕГОРИЯСЫ

Тәуелдік жалғауы – заттың үш жақтың біріне меншікті, тәуелді екенін білдіретін грамматикалық категория. Түркі тілдеріндегі (жалпы алтай тілдерінде) жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпытүркілік (жалпыалтайлық) архетипі жіктеу есімдіктерінің жақтық тұрғыдан жіктелісімен сабақтастықта қарастырылады.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттар арасындағы иелік, меншіктік қатынастар, белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншік екені тәуелділік жалғаулары арқылы беріледі. Тәуелдік жалғауының үш жағы ілік септігі тұлғасындағы жіктеу есімдіктеріне (менің – *mening*, сенің/сіздің – *sening*, оның – *uning*; біздің – *bizning*, сендердің/сіздердің – *sizning*, олардың – *ularning*) сәйкес жасалады: *менің анам – mening opat*, *сенің анаң – sening opang*, *оның анасы – uning onasi*.

Қазақ және өзбек тілдерінде тәуелдік тұлғасындағы сөздердің алдында жіктеу есімдіктерінің тұруы міндетті емес: *қаламым жоқ – qalaim yo'q*, *үйлерің кең – uylari keng*. Қазақ хәм өзбек тілінде тәуелдік жалғауының болымсыз формасы *емес/emas* сөзі арқылы жасалады.

Қазақ-өзбек тілдерінде тәуелдік мағына *-ныкі/-нікі, -тыкі/-тікі, -дікі/-дыкі* (қазақ тілінде), *-niki* (o'zbek tilida) аффикстері арқылы да жасалады: *кітап менікі – kitob meniki*, *кітап ағамдікі – kitob dadamniki*, *кітап анамдікі – kitob opatniki*.

Тәуелдік категориясымен субстантивтенген сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, қимыл есімі, есімшелер, кейбір модаль сөздер де түрленеді: *бұл менің кітабым емес – bu mening kitobim emas*; *бұл кітап менікі емес – bu kitob meniki emas*.

Түркі тілдерінде бірінші көптік жалғауы, одан кейін тәуелдік категориясының көрсеткіші жалғанады, мысалы: *менің достар+ым – mening do'st+lar+im*. Иеленуші екі не одан көп, иеленетін зат біреу болған жағдайда тәуелдік категориясының көпше түрі қосымшасы бірден жалғанады: *біздің дос+ымыз – bizning do'st+imiz*. Иеленуші де, иеленетін зат та екі не одан көп болған жағдайда бірінші көптік жалғауы, содан кейін тәуелдік категориясының көрсеткіші жалғанады, мысалы: *біздің қонақтарымыз – bizning mehmonlarimiz*.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі тәуелдік жалғаулары
Qozoq va o'zbek tillarining egalik qo'shimchalari

Тәуелдік жалғаулары – Egalik qo'shimchalari					
Жақ/ Shaxs	Қазақ тілінде		O'zbek tilida		
	Жекеше	Көпше	Birlik	Ko'plik	
	Дауысты дыбыстарға аяқталатын сөздерден кейін Unli tovush bilan tugagan so'zlardan keyin				
I	-м	-мыз/-міз	-m,	-miz	
II	-ң -ңыз/-ңіз	-ң -ңыз/-ңіз	-ng,	-ngiz	
III	-сы/-сі	-сы/-сі	-si	-lari	
Жақ/ Shaxs	Дауыссыз дыбыстарға аяқталатын сөздерден кейін		Undosh tovush bilan tugagan so'zlardan keyin		
	I	-ым/-ім	-ымыз/-іміз	-im	-imiz,
	II	-ың/-ің -ыңыз/-іңіз	-ың/-ің -ыңыз/-іңіз	-ing	-ingiz
	III	-ы/-і	-ы/-і	-i	-(lar)i

Тәуелдік жалғаулары және зат есімдердің жақ бойынша түрленуі
Qozoq va o'zbek tillarining egalik qo'shimchalari

Тәуелдік жалғаулары – Egalik qo'shimchalari					
Дауысты дыбысқа аяқталатын сөздерден (түбірлер мен негіздер) кейін					
Жекеше/ Көпше	Жақ Shaxs	Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
		Тәуелдік жалғауы	Мысалдар	Egalik qo'shimchalari	Misollar
Жекеше/ Бирлік	I	-м	атам балам көршім кесем	-m	otam bolam qo'shnim piyolam
	II	-ң -ңыз	атаң/атаңыз балаң/балаңыз көршің/көршіңіз кесең/кесеңіз	-ng	otang bolang qo'shningpiyolang

9-кестенің жалғасы

Жекеше/ Көпше	Жақ Shaxs	Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
		Тәуелдік жалғауы	Мысалдар	Egalik qo'shim- chalari	Misollar
	III	-сы -сі	атасы баласы көршісі кесесі	-si	otasi bolasi qo'shnisipiyolasi
Көпше/ Көплек	I	-мыз -міз	атамыз баламыз кесеміз көршіміз	-miz	otamiz bolamiz piyolamiz qo'shni- miz
	II	-ң -ңыз	атаң/аталарың атаңыз/аталарыңыз балаң/балаларың балаңыз/балала- рыңыз кесең/кеселерің кесеңіз/кеселеріңіз көршің/көршілерің көршіңіз/көр- шілеріңіз	-ngiz	otangiz bolangiz piyolagniz qo'shni ngiz
	III	-сы -сі	атасы/аталары баласы/балалары кесесі/кеселері көршісі/көршілері	-i, -si	otasi bolasi piyolasi qo'shnisi
Дауыссыз дыбысқа аяқталатын сөздерден (түбірлер мен негіздер) кейін					
Жекеше/ Көпше	Жақ Shaxs	Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
		Тәуелдік жалғауы	Мысалдар	Egalik qo'shim- chalari	Misollar
Жекеше/ Бірлік	I	-ым -ім	кітабым көзім тұрмысым күнім	-im	kitobim ko'zim turmushim kunim
	II	-ың -ің -ыңыз -іңіз	кітабың/ кітабыңыз көзің/көзіңіз тұрмысың/ тұрмысыңыз күнің/күніңіз	-ing	kitobing ko'zing turmushing kuning

9-кестенің жалғасы

Жекеше/ Көпше	Жақ/ Shaxs	Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
		Тәуелдік жалғауы	Мысалдар	Egalik qo'shim- chalari	Misollar
	III	-ы -і	кітабы көзі тұрмысы күні	-i	kitobi ko'zi turmushikuni
Көпше/ Көплік	I	-ымыз -іміз	кітабымыз көзіміз тұрмысымыз күніміз	-imiz	kitobimiz ko'zimiz turmushimiz kunimiz
	II	-ың -ің -ыңыз -іңіз	кітаптарың/ кітаптарыңыз көзің/көзіңіз көздерің/ көздеріңіз тұрмысың/ тұрмысыңыз күнің/күндерің күніңіз/ күндеріңіз	-ngiz	kitobingiz ko'zingiz turmushingiz kuningiz
	III	-ы, -і	кітабы/кітаптары көзі/көздері тұрмысы/ тұрмыстары күні/күндері	-i	kitobi ko'zi turmushikuni

10-кесте

Көптік тұлғалы зат есімдердің тәуелденуі
Ko'plik shaklidagi otlarning turlanishi

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жақ/ Shaxs	Жеке (иеленуші біреу, иеленетін зат көп)	Көпше (иеленуші де, иеленетін зат та көп)	Жақ/ Shaxs	Birlik (qaratqich bir- likda, qaralmish ko'plikda)	Ko'plik (qaratqich ham, qa- ralmish ham ko'plikda)
I	(менің) қонақтарым	(біздің) қонақтарымыз	I	(mening) kitoblarim	(bizning) kitoblarimiz

10-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Жақ/ Shaxs	Жеке (иеленуші біреу, иеленетін зат көп)	Көпше (иеленуші де, иеленетін зат та көп)	Жақ/ Shaxs	Birlik (qaratqich bir- likda, qaralmish ko'plikda)	Ko'plik (qaratqich ham, qa- ralmish ham ko'plikda)
II	(сенің) қонақтарың (сіздің) қонақтарыңыз	(сеңдердің) қонақтарың (сіздердің) қонақтарыңыз	II	(sening) kitoblaring	(sizning) ki- toblaringiz
III	(оның) қонақтары	(олардың) қонақтары	III	(uning) kitoblari	(uning) Kitoblari

§ 8. СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

Септелу – сөйлемдегі сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, дәнекерлесуі²³. Септік жалғаулары – сөздерді бір-бірімен байланыстыратын түрі көп, мағыналары мен грамматикалық қызметі әр алуан морфологиялық тұлға.

Қазақ тілінде 7 септік, өзбек тілінде 6 септік бар. Қазақ тіліндегі көмектес септігі өзбек тілінде қолданылмайды. Өзбек тілінде көмектес септігінің мәні мен қызметі көмекші сөздер арқылы жасалады: Мен қызыммен келдім/Men qizim bilan keldim.

Әр тілдің фонетика-фонологиялық табиғатына, үндестік заңының сақталу деңгейіне, сөздің соңғы дыбысының артикуляциялық-акустикалық сапасына байланысты септік жалғаулары бірнеше вариантты болып келеді. Атау септігінің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ.

²³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 456-б.

Септік категориясы – Kelishik kategoriyasi

Қазақ және өзбек тілдеріндегі септіктер Qozoq va o'zbek tillarida kelishiklar			
Септік – Kelishik	Септік мағыналары Kelishik ma'nolari	Септік сұрақтары Kelishik so'roqlari	Мысалдар Misollar
Атау – Bosh	Затты (жанды, жансыз), құбылысты, үдерісті білдіреді. – Bosh kelishikdagi otlar maxsus grammatik ko'rsat- kichga ega emas.	кім? – kim? адамға қатысты ғана қолданылады. не? – nima? барлық жанды тіршілік иелеріне, (адамнан басқа) заттар мен құбылыстарға қатысты қолданылады.	кісі – kishi кітап – kitob ат – ot жауын – yomg'ir нан – non ожау – o'choq тау – tog' тіршілік – tirikchilik
Ілік – Qaratqich	Иелік, меншіктеу мәнін білдіреді, ілік септігінің жасырын тұруы иелік мағынаға белгісіздік реңк береді. – Qaratqich kelishigi biror narsa-buyumning shu kelishikdagi otdan anglash- ilgan shaxs, predmetga qa- rashli ekanligini ifodalaydi.	белгілі/ aniq	кімнің? – kimning? ненің? – nimaning?
		белгісіз- дік /noaniq	nima?
Барыс – Jo'nalish	Қимылдың, іс-әрекеттің бағытын, мақсатын білдіреді. – Jo'nalish kelishigi yo'nal- ganlik, xoslik, tenglashtirish kabi ma'nolarni bildiradi.	кімге? – kimga? неге? – nimaga? қайда? – qayerga?	әкеме айтуға – dadamga aytishga; тауға шығуға – tog'ga chiq- ishga

11-кестенің жалғасы

<i>Септік – Kelishik</i>	<i>Септік мағыналары Kelishik ma'nolari</i>		<i>Септік сұрақтары Kelishik so'roqlari</i>	<i>Мысалдар Misollar</i>
Табыс – Tushum	Нысанды білдіреді, табыс септігінің жасырын тұруы нысандық мағынаға біршама белгісіздік реңк береді. – Gapdagi ish-harakatni o'ziga qabul qilgan predmetni anglatadi.	айқын/ aniq (affiksli)	кімді? – kimni? нені? – nimani?	кітапты оқыдым – kitobni o'qidim, үйді тазаладым – uyni tozaladim
		белгісіз/ noaniq (affiks-siz)	не? – nima?	кітап оқыдым – kitob o'qidim тамақ (ауқат) жедім – ovqat yedim, үй тазаладым – uy tozaladim
Жатыс – O'rin-payt	Заттың орнын, құбылыстың, іс-әрекеттің орындалған жерін, мекенін білдіреді. – Ish-harakatning bajarilish o'rni, vaqti, sharoiti, holati, sababi, maqsadi kabi ma'nolarni ifodalaydi.		кімде? – kimda? неде? – nimada? қайда? – qayerda? қашан? – qachon?	қалада тұрады – shaharda yashaydi, кітапта жазылған – kitobda yozilgan
Шығыс – Chiqish	Адамның, заттың, құбылыстың шыққан жерін, шығу нүктесін білдіреді. – Ish-harakatning chiqish nuqtasini bildiradi.		кімнен? – kimdan? неден? – nimadan? қайдан? – qayerdan?	анамнан білдім – onamdan bildim; жұмыстан келді – ishdan keldi
Көмектес (o'zbek tilida mavjud emas) ø	Іс-әрекеттің жүзеге асу құралын, жолын білдіреді. ø		кіммен? немен? ø	атпен машинамен жолмен ø

Зат есімдердің септік жалғаулары
Otning kelishik qo'shimchalari

Септік жалғаулары – Kelishik qo'shimchalari							
Қазақ тілінде				O'zbek tilida			
Септік	а, ә, ы, і, е, м, н, ң дыбыс тары- нан кейін	з*, л, р, у, й дыбыс тарынан кейін	б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ц, ч, ш дыбыс- тарынан кейін	Kelishik	k va q tovush- lari bilan tuga- magan barcha so'zlarga	k tovushi bilan tugagan so'zlarga	q tovushi bilan tugagan so'zlarga
Қазақ тілінде қосымшаның жуан-жіңішке варианттарының қолданылуы соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне негізделеді.				O'zbek tilida faqat jo'nalish kelishigida variantlilik mavjud bo'lib, k va q tovushi bilan tugagan so'zlardagina qo'llaniladi.			
Атау	–	–	–	Bosh	–		
Ілік	-ның/-нің	-дың/-дің	-тың/-тің	Qaratqich	-ning		
Барыс	-ға/-ге	-ға/-ге	-қа/-ке	Jo'nalish	-ga	-ka	-qa
Табыс	-ны/-ні	-ды/-ді	-ты/-ті	Tushum	-ni		
Жатыс	-да/-де	-да/-де	-та/-те	O'rin-payt	-da		
Шығыс	-нан/-нен	-дан/-ден	-тан/-тән	Chiqish	-dan		
Көмектес	-мен	-мен -бен (з-дан кейін)	-пен	ø	ø		

Қазақ-өзбек тілдеріндегі септік жалғауларына мысалдар
Qozoq-o'zbek tillaridagi kelishik qo'shimchalarga misollar

Септік жалғаулары – Kelishik qo'shimchalari					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Септік	I топ	II топ	III топ	Kelishik	O'zbek tilida kelishik qo'shimchalarining ko'p variantlari mavjud emas. O'zbek tilida sептік жалғауларының варианттары көп емес.
	а, ә, ы, і, е, м, н, ң дыбыс- тарынан кейін	з, л, р, у, й дыбыс- тарынан кейін	б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ц, ч, ш, ф дыбыс- тарынан кейін		

13-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде жуан-жіңішке қосымшалар соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне негізделеді.				O'zbek tilida faqat jo'nalish kelishigida variantlilik mavjud bo'lib, k va q tovushi bilan tugagan so'zlardagina qo'llaniladi.			
Атау	апа ине күн қалам	ауыл көз тай қар	балық жігіт терек қамыс	Bosh	opa igna kun qalam	terak elak tilak bilak	baliq qishloq quloq buloq
Ілік	апаның иненің күннің қаламның	ауылдың көздің тайдың қардың	балықтың жігіттің теректің қамыстың	Qarat-qich	opaning ignaning kunning qalamning	terakning elakning tilakning bilakning	baliqning qishloqning quloqning buloqning
Барыс	I, II топ		III топ	Jo'nalish	I guruh	II guruh	III guruh
	а, ә, ы, і, е, м, н, ң, з, л, р, у, й дыбыстарынан		б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ц, ч, ш, ф дыбыстарынан кейін		k va q tovushlari bilan tugagan so'zlarga	k tovushi bilan tugagan so'zlarga	q tovushi bilan tugagan so'zlarga
	апаға инеге күнге қаламға	ауылға көзге тайға қарға	балыққа жігітке терекке қамысқа		opaga ignaga kunga qalamga	terakka elakka tilakka bilakka	baliqqa qishloqqa quloqqa buloqqa
Табыс	апаны инені күнді қаламды	ауылды көзді тайды қарды	балықты жігітті теректі қамысты	Tushum	opani ignani kunni qalamni	terakni elakni tilakni bilakni	baliqni qishloqni quloqni buloqni
Жатыс	I, II топ		III топ	O'rin-payt	ø		ø
	а, ә, ы, і, е, м, н, ң, з, л, р, у, й дыбыстарынан кейін		б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ц, ч, ш, ф дыбыстарынан кейін		ø		ø
	апада инеді күнде қаламда	ауылда көзде тайда қарда	балықта жігітте теректе қамыста		opada ignada kunda qalamda	terakda elakda tilakda bilakda	baliqda qishloqda quloqda buloqda

13-кестенің жалғасы

Шығыс	ападан инеден күннен қалам- нан	ауылдан көзден тайдан қардан	балық- тан жігіттен теректен қамыс- тан	Шығыс	opadan ignadan kundan qalamdan	terakdan elakdan tilakdan bilakdan	baliqdan qishloq- dan quloqdan buloqdan
Көмек тес	апамен инемен күнмен қалам- мен	ауылмен көзбен таймен қармен	балық- пен жігітпен терекпен қамыс- пен	ø	ø	ø	ø

14-кесте

Көптік тұлғалы зат есімдердің септелуі
Ko'plikdagi otlarning kelishik qo'shimchalari bilan turlanishi

Септік жалғаулары – Kelishik qo'shimchalari					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Септік-тер	Септік жалғаулары	Мысалдар	Kelishiklar	Kelishik qo'shimchalari	Misollar
Атау	-	қалалар бөлмелер бұйрықтар қыздар	Bosh	-	qishloqlar maktablar buyruqlar qizlar
Ілік	-дың/-дің	қалалардың бөлмелердің топтардың бұйрықтардың қыздардың	Qarat qich	-ning	qishloqlarning- maktablarning buyruqlarning qizlarning
Барыс	-ға/-ге	қалаларға бөлмелерге топтарға бұйрықтарға қыздарға	Jo'na lish	-ga/-ka/-qa	qishloqlarga maktablarga buyruqlarga qizlarga
Табыс	-ды/-ді	қалаларды бөлмелерді топтарды бұйрықтарды қыздарды	Tushum	-ni	qishloqni maktablarni buyruqlarni qizlarni

14-кестенің жалғасы

Жатыс	-да/-де	қалаларда бөлмелерде топтарда бұйрықтарда қыздарда	О'rinpayt	- da	qishloqlarda maktablarda buyruqlarda qizlarda
Шығыс	-дан/-ден	қалалардан бөлмелерден топтардан бұйрықтардан қыздардан	Chiqish	-dan	qishloqlardan maktablardan buyruqlardan qizlardan
Көмектес	-мен	қалалармен бөлмелермен топтармен бұйрықтармен қыздармен	ø	ø	ø

15-кесте

Тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септелуі
Egalik shaklidagi otlarning kelishik qo'shimchalari bilan turlanishi

Тәуелдік жалғаулы (жекеше) зат есімдердің септелуі							
Egalik qo'shimchali (birlik) otlarning turlanishi							
Қазақ тілінде				O'zbek tilida			
Септік-тер	Тәуелдік жалғаулары			Keli-shiklar	Egalik qo'shimchalari		
	I жақ: -м, -ым/-ім	II жақ: -ң, -ың/ -ің	III жақ: -ы/-і, -сы/-сі		I shaxs: -m, -im	II shaxs: -ng, -ing	III shaxs: -i, -si
	Септік жалғаулары				Kelishik qo'shimchalari		
Атау	-	-	-	Bosh	-	-	-
Ілік	-ның/ -нің	-ның/ -нің	-ның/ -нің	Qarat-qich	-ning	-ning	-ning
Барыс	-а/-е	-а/-е	-на/-не	Jo'na-lish	-ga (-ka, -qa)	-ga (-ka, -qa)	-ga (-ka, -qa)
Табыс	-ды/-ді	-ды/-ді	-н	Tu-shum	-ni	-ni	-ni

15-кестенің жалғасы

Жатыс	-да/-де	-да/-де	-нда/ -нде	O'rin- payt	-da	-da	-da
Шығыс	-нан/ -нен	-нан/ -нен	-нан/ -нен	Chi- qish	-dan	-dan	-dan
Көмек- тес	-мен	-мен	-мен	ø	ø	ø	ø

16-кесте

Тәуелдік жалғауының I жағындағы зат есімдердің септелуі
Otlarning I shaxs egalik qo'shimchalari bilan turlanishi

Тәуелдік жалғауының I жағы – I shaxs egalik shakli					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Тәуелдік формасының I жағының жалғаулары -м, -ым/-ім . Атау септік осы тұлғада болады.			Egalik qo'shimchalarining I shaxs shakli -m, -im . Bosh kelishik shu ko'rinishda bo'ladi.		
<i>Септік</i>	<i>Жекеше түрі</i>	<i>Көпше түрі</i>	<i>Kelishik</i>	<i>Birlik</i>	<i>Ko'plik</i>
Атау	балам қолым үйім	балаларым қолдарым үйлерім	Bosh	bolam qo'lim uyim	bolalarim qo'llarim uyларim
Ілік	балам+ның қолым+ның үйім+нің	балаларымның қолдарымның үйлерімнің	Qarat- qich	bolamning qo'limning uyimning	bolalarimning qo'llarimning uyларimning
Барыс	балам+а қолым+а үйім+е	балаларым+а қолдарым+а үйлерім+е	Jo'na- lish	bolamga qo'limga uyimga	bolalarimga qo'llarimga uyларimga
Табыс	балам+ды қолым+ды үйім+ді	балаларым+ды қолдарым+ды үйлерім+ді	Tushum	bolamni qo'lim- niuyimni	bolalarimni qo'llarimni uyларimni
Жатыс	балам+да қолым+да үйім+де	балаларым+да қолдарым+да үйлерім+де	O'rin- payt	bolamda qo'lim- dauyimda	bolalarimda qo'llarimda uyларimda
Шығыс	балам+нан қолым+нан үйім+нен	балаларым+нан қолдарым+нан үйлерім+нен	chiqish	bolamdan qo'limdan uyimdan	bolalarimdan qo'llarimdan uyларimdan
Көмектес	балам+мен қолым+мен үйім+мен	балаларым+мен қолдарым+мен үйлерім+мен	ø	ø	ø

Иеленуші де, иеленетін зат та екі не одан көп болған жағдайда бірінші көптік жалғауы, содан кейін тәуелдік категориясының, көрсеткіші, одан соң септік жалғаулары жалғанады, мысалы: *біздің қонақтарымызды ұнатты – bizning kitoblarimizni o'qidi.*

17-кесте

Тәуелдік жалғауының II жағындағы зат есімдердің септелуі
Otlarning II shaxs egalik qo'shimchalari bilan turlanishi

Тәуелдік жалғауының II жағы – II shaxs egalik shakli					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Тәуелдік формасының II жағының жалғаулары Қарапайым түрі: -ң, -ың/-ің. Сыпайы түрі: -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз. Атау септік осы тұлғада болады.			II shaxs egalik qo'shimchalari: Oddiy shakli: -ng, -ing. Hurmat shakli: -ngiz, -ingiz. Bosh kelishik shu ko'rinishda bo'ladi.		
<i>Септік</i>	<i>Жекеше түрі</i>	<i>Көпше түрі</i>	<i>Kelishik</i>	<i>Birlik</i>	<i>Ko'plik</i>
Атау	балаң қолың үйің балаңыз қолыңыз үйіңіз	балаларың қолдарың үйлерің балаларыңыз қолдарыңыз үйлеріңіз	Bosh	bolang qo'ling uying bolangiz qo'lingiz uyingiz	bolalaring qo'llaring uylaring bolalaringiz qo'llaringiz uylaringiz
Ілік	балаң+ның қолың+ның үйің+нің балаңыз+дың қолыңыз+дың үйіңіз+дің	балаларың+ ның қолдарың+ ның үйлерің+нің балаларыңыз+ дың қолдарыңыз+ дың үйлеріңіз+дің	Qarat- qich	bolang+ning qo'ling+ ning uying+ning bolangiz+ ning qo'lingiz+ ning uyingiz+ ning	bolalaring+ ning qo'llaring+ ning uylaring+ ning bolalaringiz+ ning qo'llaringiz+ ning uylaringiz+ ning
Барыс	балаң+а қолың+а үйің+е балаңыз+ға қолыңыз+ға үйіңіз+ге	балаларың+а қолдарың+а үйлерің+е балаларыңыз+ ға қолдарыңыз+ ға үйлеріңіз+ге	Jo'nalish	bolang+ga qo'ling+ga uying+ga bolangiz+ga qo'lingiz+ga uyingiz+ga	bolalaring+ga qo'llaring+ga uylaring+ga bolalaringiz+ ga qo'llaringiz+ ga uylaringiz+ga

17-кестенің жалғасы

Табыс	балаң+ды қолың+ды үйің+ді балаңыз+ды қолыңыз+ды үйіңіз+ді	балаларың+ ды қолдарың+ды үйлерің+ді балаларыңыз+ ды қолдарыңыз+ ды үйлеріңіз+ді	Tushum	bolang+ni qo'ling+ni uying+ni bolangiz+ni qo'lingiz+ni uyingiz+ni	bolalaring+ni qo'llaring+ni uylaring+ni bolalaringiz+ ni qo'llaringiz+ ni uylaringiz+ni
Жатыс	балаң+да қолың+да үйің+де балаңыз+да қолыңыз+да үйіңіз+де	балаларың+да қолдарың+да үйлерің+де балаларыңыз+ да қолдарыңыз+ да үйлеріңіз+де	O'rin- payt	bolang+da qo'ling+da uying+da bolangiz+da qo'lingiz+da uuyingiz+da	bolalaring+da qo'llaring+da uylaring+da bolalaringiz+ da qo'llaringiz+ da uylaringiz+da
Шығыс	балаң+нан қолың+нан үйің+нен балаңыз+дан қолыңыз+дан үйіңіз+ден	балаларың+ нан қолдарың+ нан үйлерің+нен балаларыңыз+ дан қолдарыңыз+ дан үйлеріңіз+ден	Chiqish	bolangdan qo'lingdan uyingdan bolangizdan qo'lingizdan uyingizda	bolalaring+ dan qo'llaring+ dan uylaring+dan bolalaringiz+ dan qo'llaringiz+ dan uylaringiz+ dan
Көмек- тес	балаң+мен қолың+мен үйің+мен балаңыз+бен қолыңыз+бен үйіңіз+бен	балаларың+ мен қолдарың+ мен үйлерің+мен балаларыңыз+ бен қолдарыңыз+ бен үйлеріңіз+бен	<p>ø ø ø</p> <p>Өзбек тілінде көмектес септігі қолданылмайды. O'zbek tilida bu kelishik qo'llanilmaydi.</p>		

Тәуелдік жалғауының III жағындағы зат есімдердің септелуі
Otlarning III shaxs egalik qo'shimchalari bilan turlanishi

Тәуелдік жалғауының III жағы – III shaxs egalik shakli					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Тәуелдік формасының III жағының жалғаулары: -ы/-і, -сы/-сі. Атау септік осы тұлғада болады.			III shaxs egalik qo'shimchalari: -i, -si. Bosh kelishik shu ko'rinishda bo'ladi.		
<i>Септік</i>	<i>Жекеше түрі</i>	<i>Көпше түрі</i>	<i>Kelishiklar</i>	<i>Birlik</i>	<i>Ko'plik</i>
Атау	баласы қолы үйі	балалары қолдары үйлері	Bosh	bolasi qo'li uyi	bolalari qo'llari uylari
Ілік	баласы+ның қолы+ның үйі+нің	балалары+ ның қолдары+ ның үйлері+нің	Qaratqich	bolasi+ning qo'li+ning uyi+ning	bolalari+ ning qo'llari+ ning uylari+ning
Барыс	баласы+на қолы+на үйі+не	балалары+на қолдары+на үйлері+не	Jo'nalish	bolasi+ga qo'li+ga uyi+ga	bolalari+ga bolalari+ga uylari+ga
Табыс	баласы+н қолы+н үйі+н	балалары+н қолдары+н үйлері+н	Tushum	bolasi+ni qo'li+ni uyi+ni	bolalari+ni qo'llari+ni uylari+ni
Жатыс	баласы+нда қолы+нда үйі+нде	балалары+ нда қолдары+ нда үйлері+нде	Orin-payt	bolasi+da qoli+da uyi+da	bolalari+da qo'llari+da uylari+da
Шығыс	баласы+нан қолы+нан үйі+нен	балалары+ нан қолдары+ нан үйлері+нен	Chiqish	bolasi+dan qoli+dan uyi+dan	bolalari+dan qo'llari+dan uylari+dan
Көмек- тес	баласы+мен қолы+мен үйі+мен	балалары+ мен қолдары+ мен үйлері+мен	ø	ø	ø

Иеленуші және иеленетін нысан көп болған жағдайдағы тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септелуі
Qaratqich va qaralmish ko'plik shaklida bo'lganda egalik qo'shimchali otlarning turlanishi

Иеленуші және иеленетін нысан көп болған жағдайдағы тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септік жалғаулары Narsa va predmetlarning ko'plikda egalik qo'shimchalari bilan turlanishi				
Иеленуші біреу, иеленетін зат көп – Qaratqich birlikda, qaralmish ko'plikda				
Қаз.т. O'zb.т.	Септіктер Kelishiklar	Тәуелдік жалғаулы зат есімдер Egalik qo'shimchali otlar		
		I жақ I shaxs	I жақ II shaxs	III жақ III shaxs
Қаз.т. O'zb.т.	Атау Bosh	менің балаларым mening bolalarim	сенің балаларың sening bolalaring	оның балалары uning bolalari
Қаз.т. O'zb.т.	Ілік Qaratqich	балаларым+ның bolalarim+ning	балаларың+ның bolalaring+ning	балалары+ның bolalari+ning
Қаз. O'zb.т.	Барыс Jo'nalish	балаларым+а bolalarim+ga	балаларың+а bolalaring+ga	балалары+на bolalari+ga
Қаз.т. O'zb.т.	Табыс Tushum	балаларым+ды bolalarim+ni	балаларың+ды bolalaring+ni	балалары+н bolalari+ni
Қаз.т. O'zb.т.	Жатыс O'rin-payt	балаларым+да bolalarim+da	балаларың+да bolalaring+da	балалары+нда bolalari+da
Қаз.т. O'zb.т.	Шығыс Chiqish	балаларым+нан bolalarim+dan	балаларың+нан bolalaring+dan	балалары+нан bolalari+dan
Қаз.т.	Көмектес ø	балаларым+мен ø	балаларың+мен ø	балаларымен ø
Иеленуші де, иеленетін зат та көп – Qaratqich ham, qaralmish ham ko'plikda				
Қаз.т. O'zb.т.	Септіктер Kelishiklar	Тәуелдік жалғаулы зат есімдер Egalik qo'shimchali otlar		
		I жақ I shaxs	II жақ II shaxs	III жақ III shaxs
Қаз.т. O'zb.т.	Атау Bosh	біздің балаларымыз bizlarning bolalar- imiz	сендердің балаларың sizlarning bolalar- ingiz	олардың балалары ularning bo- lalari

19-кестенің жалғасы

Қаз.т. О'zb.т.	Ілік Qaratqich	балаларымыз+дың bolalarimiz+ning	балалар+ың bolalaringiz+ning	балалары+ның bolalari+ning
Қаз.т. О'zb.т.	Барыс Jo'nalish	балаларымыз+ға bolalarimiz+ga	балаларың+а bolalaringiz+ga	балалары+на bolalari+ga
Қаз.т. О'zb.т.	Табыс Tushum	балаларымыз+ды bolalarimiz+ni	балаларыңыз+ды bolalaringiz+ni	балалары+н bolalari+ni
Қаз.т. О'zb.т.	Жатыс O'gin-payt	балаларымыз+да bolalarimiz+da	балаларың+да bolalaringiz+da	балалары+нда bolalari+da
Қаз.т. О'zb.т.	Шығыс Chiqish	балаларымыз+дан bolalarimiz+dan	балаларың+нан балаларыңыз-дан bolalaringiz+dan	балалары+нан балалары+на bolalari+dan
Қаз.т. О'zb.т.	Көмектес ø	балаларымыз+бен ø	балаларың+мен балаларыңыз+бен ø	балалары+мен ø

Түркі тілдеріне тән агглютинативті жүйенің заңдылықтарына сәйкес зат есімге бірінші көптік жалғауы, екінші тәуелдік категориясының көрсеткіші, одан кейін септік жалғауы жалғанады.

§ 9. ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫ

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктік категориясы бойынша түрленуі. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің синтаксистік қарам-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді²⁴.

Қазақ және өзбек тілдерінде де зат есімдердің жіктік мағынасы жіктік жалғаулары арқылы беріледі. Жаққа қатысты үш түрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді.

²⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 448-б.

Қазақ және өзбек тілдерінде зат есімдер баяндауыш қызметін де атқарады. Зат есімдердің баяндауыш сапасында жұмсалуды синтетикалық жолмен де, аналитикалық жолмен де беріледі. Бұл жағдайда жіктеу есімдіктерінің қатысуы (айтылуы) да, жасырын (айтылмауы) қалуы да мүмкін: *оқытушымын = мен оқытушымын – o'qituvchiman = men o'qituvchiman*. Жіктік категориясының III жағының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ; ол оқытушы – *u o'qituvchi*.

Жіктік тұлғадағы зат есімдер жекеше және көпше мәнді де айқындайды: *мен жұмысшымын = мен – жұмысшы = жұмысшымын – men ishchiman = men ishchi = ishchiman; біз жұмысшымыз = жұмысшымыз = жұмысшылармыз – biz ishchimiz = ishchimiz = ishchilarmiz*.

Жіктік категориясының болымсыз түрі қазақ, өзбек тілдерінде *емес/emas* сөзі арқылы жасалады. Жіктік жалғаулары зат есімдерге емес, болымсыздық, терістеу мәнін беретін *емес* сөзіне жалғанады: *мен оқытушы емеспін – men o'qituvchi emasman*.

Қазақ тілінде II жақтың сен, сендер есімдігімен тіркесетін қарапайым және сіз, сіздер есімдігіне сәйкес сыпайы формалары қолданылады: сен оқытушысың/сіз оқытушысыз.

20-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі зат есімдердің жіктік категориясымен түрленуі (болымды түрі)

Qozoq-o'zbek tillarida otlarning shaxs-son kategoriyasi (bo'lishli shakli)

Жіктік жалғаулары — Shaxs-son qo'shimchalari					
Болымды түрі			Bo'lishli shakli		
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Ж е к е ш е – B i r l i k					
Жақ	Жалғаулар	Мысалдар	Shaxs	Qo'shim-chalar	Misollar
I	-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін	(мен) оқытушы- мын (мен) маман мын (мен) жыршы мын (мен) әнші мін (мен) қыз бын (мен) ұшқыш пын	I	-man	(men) o'qituvchiman (men) tikuvchiman (men) direktorman (men) qizman (men) talabaman (men) mutaxassis- man

20-кестенің жалғасы

II	-сын/-сің, -сыз/-сіз	(сен) оқытушы сың (сен) маман сың (сен) жыршы сың (сен) әнші сің (сіз) маман сыз (сіз) әнші сіз	II	-san	(sen) o'qituvchisan (sen) tikuvchisan (sen) direktorsan (sen) qizsan (sen) talabasan (sen) mutaxassissan
III	∅	(ол) оқытушы (ол) маман (ол) жыршы (ол) әнші	III	∅	(u) o'qituvchi (u) tikuvchi (u) direktor (u) qiz (u) talaba (u) mutaxassis
К ө п ш е – К о' p l i k					
<i>Жақ</i>	<i>Жалғаулар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Shaxs</i>	<i>Qo'simchalar</i>	<i>Misollar</i>
I	-мыз/-міз, -быз/біз, -пыз/-піз	(біз) оқушы мыз (біз) маман быз (біз) жыршы мыз (біз) әнші міз (біз) ұшқыш пыз (біз) туысқан быз	I	-miz	(biz) o'qituvchimiz, (biz) tikuvchimiz (biz) direktormiz (biz) talabamiz (biz) qarindoshmiz
II	-сыңдар/ -сіңдер, -сыздар/ -сіздер	(сеңдер) оқушы- сыңдар (сеңдер) маман- сыңдар (сіздер) маман сы- здар (сеңдер) әнші- сіңдер (сіздер) әнші сіздер	II	-siz	(siz) o'qituvchisiz (siz) tikuvchisiz (siz) direktorsiz (siz) talabasiz (siz) qarindoshsiz
III	∅	(олар) оқушы (олар) маман (олар) жыршы (олар) әнші	III	∅	(ular) o'qituvchi (ular) tikuvchi (ular) olim (ular) qarindosh

Қазақ-өзбек тілдеріндегі зат есімдердің жіктік категориясымен түрленуі (болымсыз түрі)
Qozoq-o'zbek tillarida otlarning shaxs-son kategoriyasi (bo'lishsiz shakli)

Жіктік жалғаулары – Shaxs-son qo'shimchalari					
Болымсыз түрі			Bo'lishsiz shakli		
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Ж е к е ш е			B i r l i k		
Жақ	Жалғаулар	Мысалдар	Shaxs	Qo'shimchalar	Misollar
I	-пін	(мен) директор емеспін (мен) маман емеспін (мен) жыршы емеспін	I	-man	(men) direktor emasman (men) tikuvchi emasman (men) olim emasman
II	-сің, -сіз	(сен) директор емессің (сен) маман емессің (сен) жыршы емессің (сіз) жыршы емессіз	II	-san	(sen) direktor emassan (sen) tikuvchi emassan (sen) san'atkor emassan
III	∅	(ол) директор емес (ол) маман емес (ол) жыршы емес (ол) әнші емес	III	∅	(u) direktor emas (u) tikuvchi emas (u) olim emas (u) san'atkor emas
К ө п ш е – К о' p l i k					
Жақ	Жалғаулар	Мысалдар	Shaxs	Qo'shimchalar	Misollar
I	-піз	(біз) директор емеспіз (біз) маман емеспіз (біз) жыршы емеспіз	I	-miz	(biz) o'quvchi emasmiz (biz) tikuvchi emasmiz (biz) olim emasmiz

21-кестенің жалғасы

II	-сіңдер, -сіздер	(сендер) дирек- тор емессіңдер (сендер) маман емессіңдер (сендер) жыршы емессіңдер (сіздер) жыршы емессіздер	II	-siz	(siz) direktor emassiz (siz) tikuvchi emassiz (siz) olim emassiz (siz) san'atkor emassiz
III	∅	(олар) директор емес (олар) маман емес (олар) жыршы емес	III	∅	(ular) direktor emas (ular) tikuvchi emas (ular) olim emas (ular) san'atkor emas

22-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі зат есімдердің құрылымы
Qozoq va o'zbek tillarida otlarning tuzilishi

Зат есімдердің құрылымы – Otlarning tuzilishi							
Қазақ тілінде				O'zbek tilida			
№	Құры- лымы бойынша:	Жасалу жолдары	Мысалдар	№	Tuzilishi ko'ra:	Yasalish usullari	Misollar
I. Дара зат есімдер – Sodda otlar							
1	Түбір (түбір- негіз)	Түбір (түбір- негіз) сөзден ғана тұрады.	ай бас ағаш үн жел	1	Tub	Asos bir so'zdan Iborat.	oy bosh yog'och- kun shamol
2	Туынды (туынды негіз)	Сөзжасам жұрнақ- тары арқылы жасалады.	жұмыс- шы оқытушы оқушы аңшы	2	Yasama	So'z yasovchi qo'shim- chalar orqali yasaladi.	baliqchi o'quvchi ishchi ovchi

22-кестенің жалғасы

II. Күрделі зат есімдер – Qo’shma otlar							
1	Біріккен күрделі зат есімдер	Сөздердің бірігуі арқылы жасалады, сыңарлары тұлғасын өзгертпейді.	аққу теміржол пашбау әнұран баспасөз	1	Qo’shma otlar	Mustaqil asoslarning qo’shiluvidan hosil bo’ladi.	oqqush temiryo’l belbog’ atirgul qo’lqop
2	Кіріккен күрделі зат есімдер	Сөздердің бірігуі арқылы жасалады, сыңарлары тұлғасын өзгертіп, кірігіп кетеді.	білезік (білек+ жүзік) белбеу (бел+бау) ышқыр (іш+құр) қолғап (қол+қап)	2	Birikmali otlar	Ikki yoki undan ortiq asosdan tashkil topib, bir umumiy tushunchani ifodalaydi.	O’rta Osiyo, Oliy Majlis, Katta Farg’ona kanali, Janubiy Koreya
3	Тіркесті күрделі зат есімдер	Сөздердің тіркесуі арқылы жасалады	бас маман көркем әдебиет күйеу бала қайын аға бел омыртқа күре тамыр	3	Juft otlar	Bir-biriga yaqin yoki qarama-qarshi ma’noli so’zlarni juftlash orqali hosil qilinadi.	do’st-yor, ota-ona, bola-chaqa qovun-tarvuz, qozon-tovoq
4	Қосарлы күрделі зат есімдер	Сөздердің қосарлануы арқылы жасалады.	дос-жаран ас-су ата-ана бала-шаға қыз-қырқын	4	Takroriy otlar	Bir asosning tovush o’zgarishi bilan takrorlash orqali hosil qilinadi.	non-pon, choy-poy, choynak-poynak, kitob-sitob

22-кестенің жалғасы

5	Қысқарған күрделі зат есім	Күрделі сөздер құрамындағы дара сөздерді қысқарту арқылы жасалады.	ЕҰУ – Еуразия ұлттық университеті, ҚР – Қазақстан Республикасы	5	Qisqartma otlar	So'zlarni qisqartirish orqali hosil bo'ladi.	O'zMU-O'zbekiston Milliy universiteti, O'zR-O'zbekiston Respublikasi
---	-----------------------------------	--	--	---	------------------------	--	--

* Қазақ және өзбек тілдеріндегі күрделі зат есімдерді құрылымына қарай жіктеудің өзіндік ерекшеліктері бар, екі тілдегі күрделі зат есімдердің құрылымдық топтары сәйкес келе бермейді.

§ 10. ЕСІМДІК

Есімдіктерді дербес сөз табы ретінде тануда негізінен лексика-семантикалық принцип негізге алынады. Себебі есімдіктердің мағыналары басқа сөз таптарының мағыналарынан өзгешеленіп, оқшауланып тұрады. Есімдік сөздер сөйлемнен тыс жеке-дара тұрғанда да, сөйлем ішінде қолданылғанда да мағыналары нақтылы емес жалпылама қалыпта болып олтырады. «Есімдіктердің жалпы мағынада қолданылуын олардың реалды нақтылықтан қаншалық алшақтап, қаншалық абстракциялану дәрежесіне жету шегінің көрінісі деп ұғынған жөн»²⁵. Түркі тілдеріндегі айрықша грамматикалық топ ретінде танылатын есімдіктердің негізгі ерекшеліктері: өзіне тән сөзжасам жүйесі жоқ; есімдіктер тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды, септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы түрленеді; тек есімдіктерге ғана тән грамматикалық, категориялар жүйесі жоқ.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі есімдіктердің жалпы сипаты бірдей болғанымен, олардың мағыналық топтарында ерекшеліктер бар.

Қазақ тілінде есімдіктер жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер тобы,

²⁵ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. 480-б.

жіктеу есімдіктері үнемі адаммен, яғни сөлеуші, тыңдаушы және бейтарап бөгде кісіге қатысты қолданылады. II жақ жіктеу есімдігі сілтеу есімдігінің қызметінде де жиі қолданылады; 2) сілтеу есімдіктері – сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың әралуан жақын немесе алыстық тәрізді аралық қатынастырын білдіретін есімдіктер. Сілтеу есімдіктерінің саны аз, олар септік тұлғаларын қабылдауы арқылы мағыналық аясын кеңейтіп отырады; 3) өздік есімдігі – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан ажыратып, даралап көрсетуші сөздер. Өздік есімдіктер септік, жіктік, тәуелдік және көптік жалғауларымен түрленеді; 4) сұрау есімдіктері – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, т.б. білу мақсатында қолданылатын сұрау мәнді сөздер тобы. Сұрау есімдіктерінің субстантивтік (кім? не?) және атрибутивтік (қай? қайсы?) болып бөлінуі заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтарға және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтарға қатысты қалыптасқан; 5) белгісіздік есімдігі – заттар мен құбылыстарды, олардың сан, сапа белгілерін, мекенін тұспалдап көрсететін, мағыналары нақтылы емес, белгісіз мәнде айтылатын сөздер тобы; 6) болымсыздық есімдігі – болымды мағыналарға қарама-қарсы болымсыз мәнде қолданылатын сөздер; 7) жалпылау есімдігі – белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына қатысты айтылатын жинақтық және жалпылау мәнді сөздер.

Өзбек тілінде есімдіктер `olmoshlar` жети топқа бөлінеді: 1) *kishilik olmoshlari* – қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктеріне сәйкес келеді: *men* `мен`, *sen* `сен`, *u* `ол`, *biz* `біз`, *siz* `сендер/сіздер`, *ular* `олар`; 2) *ko'rsatish olmoshlari* – қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері: *bu* `бұл`, *o'sha* `осы`, *shu* `сол`, *ana* `ана/анау`, *ana u* `анау`, *u* `ол`, *tana bu* `мынау`, *shunday* `былай`, *bunday* `мұнадай/ мұндай/ бұндай`, *unday* `ондай`, *o'shanday* `анадай (анау сияқты)`; 3) *so'roq olmoshlari* – қазақ тіліндегі сұрау есімдігі: *kim* `кім`, *nima* `не`, *qanday* `қандай, нендей`, *qancha, necha* `қанша, неше`, *qanaqa* `қалай, нешік`, *qaysi* `қай, қайсы`, *qachon* `қашан`, *qayer* `қайда`; 4) *o'zlik olmoshlari* – қазақ тіліндегі өздік есімдіктері: *o'zim* `өзім`, *o'zing* `өзің`, *o'zi* `өзі`; 5) *belgilash (jamlash) olmoshlari* – қазақ тіліндегі нақтылы бір есімдік түрімен сәйкес келмейді, кейбір белгісіздік, жалпылау есімдіктерін, сондай-ақ қазақ тіліндегі есімдіктер құрамында қарастырылмайтын

кейбір сөздерді қамтиды: *har nima, har kim, har bir* `әр не, әркім, әрбірі, әрбір`, *hamma, barcha, bari*; 6) *gumon olmoshlari* – қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктеріне сәйкес келеді: *kimdir* `біреу, әлдекім`, *кимиси, allakim* `әлдекім, *allanima, allaqaysi, birov* `әлдене`; 7) *bo'lishsizlik olmoshlari* – қазақ тіліндегі болымсыздық есімдіктері: *hech kim* `ешкім`, *hech narsa* `ешнәрсе, ештеңе`, *hech qanday* `ешқандай`, `ешбір, ешқандай`, *hech qachon* `ешқашан`, *hech qayerda* `еш жерде, ешқайда`, *hech nima* `ештеңе/ештеме, ешнәрсе`;

Қазақ-өзбек тілдеріндегі жіктеу есімдіктері/*kishilik olmoshlari*, сілтеу/*ko'rsatish*, белгісіздік/*bo'lishsizlik* есімдіктерінің біразы, қазақ тіліндегі өздік, жалпылау есімдіктері септеледі. Есімдіктердің біразы көптік, жіктік, тәуелдік категорияларының көрсеткіштерімен түрленеді.

Қазақ тіліндегі *мен, сен, ол, бұл, сол* есімдіктері септелу барысында тұлғасын өзгертеді. Қазақ тіліндегі *мен* есімдігі **ma/*me*, *сен* есімдігі **sa/*se* тұлғаларында, *барыс, табыс* септіктері жалғауларын қабылдайды: *маған қара, мені ұнатады*. Басқа септіктерде толық тұлғасын өзгеріссіз сақтайды. III жақты білдіретін *ол* есімдігі атау септігінен басқа септіктердің бәрінде **o* тұлғасы сақталады: *олардың* (*о* – түбір, *-лар* – көптік жалғауы, *дың* – ілік септігі жалғауы). Сілтеу есімдіктері *бұл, сол* лексемалары да атау/төп септігінен басқа септік жалғауларын **bұ/*mұ/*by* тұлғасында қабылдайды: *бұның/мұның*. Қазақ тілі грамматикасында жіктеу есімдіктерінің түбірін сақтамай септелу үлгісі қопармалы септелу терминімен аталады.

Өзбек тіліндегі *men, sen* есімдігіне ілік септіктің (*-ning*) және табыс септігі (*-ni*), сондай-ақ тәуелділік мағынадағы (*-niki*) қосымшалары жалғанғанда түбірдегі бір *n* дыбысы түсіріледі: *meni yaxshi ko`radi* (*мені жақсы көреді*), *seni sevaman* (*сені сүйемін*), *kitob meniki* (*кітап менікі*). Басқа септіктерде толық тұлғасын өзгеріссіз сақтайды. *U, bu, shu, o`sha* сілтеу есімдігіне *барыс* септігі (*-ga*), *жатыс* септігі (*-da*), *шығыс* септігі (*-dan*) қосымшалары жалғанғанда түбірде бір *n* дыбысы қосылады: *ugan* (*оган*), *bunda* (*бұнда*), *shundan* (*сонан*) және т.б.

Тәуелдік жалғауларын сілтеу/*ko'rsatish* есімдіктері (*бұнысы/мұнысы* – *bunisi*, *бұлары* – *bulari*, *сондайы* – *shundayi*), белгісіздік/*gumon* есімдіктері (*кейбірі* – *birov*), болымсыздық/*bo'lishsizlik* (*ешкімім* – *hech kimim*), қазақ тіліндегі өздік, жалпылау, өзбек тіліндегі *o'zlik* (*өзім* – *o'zim*, *өзіміз* – *o'zimiz*, *өзі* – *o'zi*, т.б.) қабылдайды.

Жіктік жалғауларымен сілтеу/*ko'rsatish* есімдіктері (*бұлай – bunday, осылай – o'shanday, бұлай – shunday, осылай – shunday*), белгісіздік/*gumon* есімдіктері (*әлдекім – allakim, әлдеқандай – allaqanday*), өздік есімдігі (*өзіммін – o'zimman, өзімсің – o'zimsan, өзім – o'zim*) түрленеді.

Сілтеу/*ko'rsatish* есімдіктері (*мұндай – bunday, осындай – o'shanday, анадай – unday, сондай – shunday, ондай – unday*) зат есімдермен тіркесіп сын есім орнына жұмсалады: *ондай адам жоғалып кетпейді – unday odam yo'qolib ketmaydi*. Сілтеу есімдіктері үстеудің орнына да қолданылады: *солай істе – shunday qil*. Сөйлемде бастауыш: *бұл – жақсы зат – bu yaxshi narsa*; баяндауыш: *бұл кісі – сол – maqsadim – shu*; толықтауыш: *мұны ол ұнатады – u buni yoqtiradi*; анықтауыш: *бұл жырды мен білемін – bu she'rni o'qiganman* сапасында қолданылады. Сілтеу есімдіктері зат есімдерсіз қолданылғанда зат есімдердің орнына жұмсалып, көптік, септік жалғауларын қабылдайды: *Бұларға не болған? – Bularga nima bo'lgan?*

Жіктеу/зат есімдіктері атау тұлғада тұрып, бастауыш, баяндауыш қызметін атқарады: *мен ертең ерте тұрамын – men ertaga erta turaman, жақсы кісі – ол – yaxshi odam – u*.

Сұрау/*so'roq* есімдіктері сөйлемде бастауыш (*кім келді? – kim keldi?*), анықтауыш (*бүгін қандай күн? – bugun qanday kun?*), толықтауыш (*бүгін кімді кездестірдің (ұшыраттың)? – bugun kimni uchratdingiz?*) ретінде қолданылады. Күрделі баяндауыштар құрамында қолданылады (*ол кім болып кеткен? – u kim bo'lib ketgan?*) т.б. Сұрау есімдіктері *кім?/кем? не?/нимә?* зат есімдері сияқты септеледі, *қандай?/qanday?* есімдіктері зат есімдердің алдында анықтауыштық сапада тұрғанда түрленбейді, *қанша?/неше?/нисе?* есімдіктері де зат есімдердің алдында тұрғанда септелмейді: *Неше кіман? – Nechta kitob?; Неше кімантың беті жоқ – Nechta kitobning beti yo'q?*

Қазақ тіліндегі жалпылау, өзбек тіліндегі *belgilash-jamlash* есімдіктері сөйлемде анықтауыш: *бізге әр күн қоңырау (телефон) шалады – bizga har kuni qo'ng'iroq qiladi*; толықтауыш: *бұл хабар бәрімізді қуандырды – bu xabar barchamizni qivontirdi* сапасында жұмсалады. Зат есімдердің алдында анықтауыш қызметіндегі *әр – har, бүтін – butun, барша – barcha, барлық – bari, хәмме – hamma* есімдіктері септік категориясының көрсеткіштерімен түрленбейді. Зат есімдерсіз дербес қолданылған жағдайда тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді: *бүтінімізге (бәрімізге) – barchamizga, hamtamizga*.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі белгісіздік/gumon есімдіктері сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, анықтауыш сапасында қолданылады: *біреу келді – birov keldi, біреулерге келді – allakimlar kelishdi, алденендей түс көрдім – allaqanday yomon tush ko’rdim*. Қазақ-өзбек тілдеріндегі *ешкім – hech kim, ештеңе – hech nima, ешқандай – hech qanday* тәрізді болымсыздық/bo’lishsizlik есімдіктері тәуелдік жалғауларымен түрленеді: *менің ешкімім жоқ – mening hech kimim yo’q*.

23-кесте

**Қазақ және өзбек тілдеріндегі есімдіктердің
лексика-семантикалық топтары**
Qozoq va o’zbek tillarida olmoshlarning leksik-semantik guruhlari

Есімдік – Olmosh					
Қазақ тілінде			O’zbek tilida		
№	Есімдіктің түрлері	Мысалдар	№	Olmoshning turlari	Misollar
1	Жіктеу есімдіктері	мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар	1	Kishilik olmoshi	men, sen, u, biz, siz, sizlar, ular
2	Сілтеу есімдіктері	бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне	2	Ko’rsatish olmoshi	u, bu, shu, o’sha ana u, mana bu, anavi, manavi bunday, shunday bunaqa, shunaqa
3	Сұрау есімдіктері	кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан?	3	So’roq olmoshi	kim? nima? qayer? qanday? qanaqa? qaysi? nechta? qancha? nechanchi? nega? qachon?
4	Өздік есімдігі	өз (өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздерің, өздеріңіз, өздері)	4	O’zlik olmoshi	o’z (o’zim, o’zing, o’zi, o’zimiz, o’zingiz, o’zlariningiz, o’zlari)

23-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
№	Есімдіктің түрлері	Мысалдар	№	Olmoshning turlari	Misollar
5	Ø	ø	5	Belgilash – jamlash olmoshi	har kim, har bir, har nima, har qaysi, hamma, barcha, bari, butun
6	Белгісіздік есімдігі	біреу, кейбір, қайбір, әрбір, бірнеше, біраз, бір, әр, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлденеше, әлдеқалай, кімдекім	6	Gumon olmoshi	birov, kimdir, nimadir, qachondir, qaysidir, qandaydir, allakim, allanarsa, allaqanday, allaqaysi, allaqancha, allaqayer
7	Болымсыздық есімдігі	еш, ешкім, ештеңе, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы, дәнеңе	7	Bo'lishsizlik olmoshi	hech nima, hech bir, hech kim, hech narsa, hech qachon
8	Жалпылау есімдігі	бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, бүтін, түгел, тегіс	8	Ø	ø

24-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі есімдіктердің сөйлемдегі қолданысы
Qozoq-o'zbek tillaridagi olmoshlarning gapda qo'llanilishi

Есімдіктердің қолданысы – Olmoshlarning qo'llanilishi					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Есімдіктер	Мысалдар	Сөйлемдегі қызметі	Olmoshlar	Misollar	Gapdagi vazifasi
Жіктеу есімдігі	Мен ерте тұрамын. Жақсы кісі – ол.	бастауыш баяндауыш толықтауыш анықтауыш	Kishilik olmoshi	Men keldim. Yaxshi inson – u. U seni ko'rmoqchi.	ega kesim to'ldiruvchi aniqllovchi

24-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Есімдіктер	Мысалдар	Сөйлемдегі қызметі	Olmoshlar	Misollar	Gapdagi vazifasi
Сітеу есімдігі	Бұл – жақсы зат. Ол мұны ұнатады. Бұл зат – сол. Бұл жырды мен білемін.	бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш	Ko'rsatish olmoshi	Mana bu – maktab. U shuni yoqtiradi. Niyatim – shu. Bu qo'shiqning sehri bor.	ega kesim aniqlovchi to'ldiruvchi
Сұрау есімдігі	Кім келді? Кімді көрдің? Ол кім болып кеткен? Бүгін қандай күн?	бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш	So'roq olmoshi	Kim keldi? Sen nima olding? Sen qanday kitob o'qid-ing? Sen kimsan?	ega kesim aniqlovchi to'ldiruvchi
Өздік есімдігі	Өзім келдім. Мен өзіңді көрдім. Бәрін істеген – өзі. Өзіңнің балаңа айт.	бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш	O'zlik olmoshi	O'zim keldim. O'zingni himoya qil. Bu ishlarni qilgan – o'zi. O'zining maqsading nima?	ega kesim aniqlovchi to'ldiruvchi
∅	∅	∅	Belgilash olmoshi	Hamma keldi. Har bir aytgan gapi to'g'ri. Hammani tabrikladi.	ega aniqlovchi to'ldiruvchi
Белгісіздік есімдігі	Әлдекім келді. Біреуге келді. Келген кісі – әлдебіреу. Бір түс көрдім.	бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш	Gumon olmoshi	Uyga birov keldi. Allakimni so'radi. Hofiz allaqaysi kuyni kuy-lardi.	ega aniqlovchi to'ldiruvchi

24-кестенің жалғасы

Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Есімдік-тер	Мысалдар	Сөйлемдегі қызметі	Olmoshlar	Misollar	Gapdagi vazifasi
Болымсыздық есімдігі	Ешкім білмейді. Ешкімді білмеймін.	бастауыш толықтауыш	Bo'lishsizlik olmoshi	Hech kim hech nima demadi. Bu ishda hech kimning aybi yo'q. Hech qachon kelmaydi.	Ega aniqlovchi hol
Жалпылау есімдігі	Бүкіл халық жиналды. Баршамыз естідік. Мен бәрін аламын.	анықтауыш бастауыш толықтауыш	Ø	ø	ø

25-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің септелуі
Ozoq-o'zbek tillarida kishilik olmoshlarining turlanishi

Жіктеу есімдіктерінің септелуі Kishilik olmoshlarining turlanishi							
Қазақ тілінде				O'zbek tilida			
Ж е к е ш е – B и р л и к							
Септік	Есімдіктер			Kelishik	Olmoshlar		
Атау	мен	сен сіз	ол	Bosh	men	sen	u
Ілік	менің	сенің сіздің	оның	Qaratqich	mening	sening	uning
Барыс	маған	саған сізге	оған	Jo'nalish	menga	senga	unga
Табыс	мені	сені сізді	оны	Tushum	meni	seni	uni

25-кестенің жалғасы

<i>Септік</i>	<i>Есімдіктер</i>			<i>Kelishik</i>	<i>Olmoshlar</i>		
Жатыс	менде	сенде сізде	ода/ онда	O'rin-payt	menda	senda	unda
Шығыс	менен	сенен сізден	одан	Chiqish	mendan	sendan	undan
Көмек- тес	мені- мен	сенімен сізбен	онымен	Ø	ø	ø	ø
К ө п ш е – К о'р л и к							
Атау	біз	сендер сіздер	олар	Bosh	biz	siz	ular
Ілік	біздің	сендердің сіздердің	олардың	Qaratqich	bizning	sizning	ularning
Барыс	бізге	сендерге сіздерге	оларға	Jo'nalish	bizga	sizga	ularga
Табыс	бізді	сендерді сіздерді	оларды	Tushum	bizni	sizni	ularni
Жатыс	бізде	сендерде сіздерде	оларда	O'rin-payt	bizda	sizda	ularda
Шығыс	бізден	сендерден сіздерден	олардан	Chiqish	bizdan	sizdan	ularda
Көмек- тес	бізбен	сендермен сіздермен	олармен	Ø	ø	ø	ø

26-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сілтеу есімдіктерінің септелуі
Qozoq-o'zbek tillarida ko'rsatish olmoshlarining turlanishi

Сілтеу есімдіктерінің септелуі Ko'rsatish olmoshlarining turlanishi			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Ж е к е ш е – B i r l i k			
<i>Септіктер</i>	<i>Есімдіктер</i>	<i>Kelishiklar</i>	<i>Olmoshlar</i>
Атау септік	бұл/мына/мынау осы сол ана/анау	Bosh kelishik	u bu shu o'sha

26-кестенің жалғасы

<i>Септіктер</i>	<i>Есімдіктер</i>	<i>Kelishiklar</i>	<i>Olmoshlar</i>
Ілік септік	бұның/мұның осының соның ананың	Qaratqich kelishigi	uning buning shuning o'shaning
Барыс септік	бұған/мынаған осыған соған анаған	Jo'nalish kelishigi	unga bunga shunga o'shanga
Табыс септік	бұны/мұны/мынаны осыны соны ананы	Tushum kelishigi	uni buni shuni o'shani
Жатыс септік	бұнда/мұнда/ мынада осында соңда аңда	O'rin-payt kelishigi	unda bunda shunda o'shanda
Шығыс септік	бұдан/мұнан осыдан содан анадан	Chiqish kelishigi	undan bundan shundan o'shandan
Көмектес септік	бұнымен/мұнымен мынамен осымен сонымен анамен	Ø	ø
К ө п ш е – К о' p l i k			
Атау септік	бұлар/мыналар осылар солар аналар	Bosh kelishik	ular bular shular o'shalar
Ілік септік	бұлардың осылардың солардың аналардың	Qaratqich kelishigi	ularning bularning shularning o'shalarning

26-кестенің жалғасы

<i>Септіктер</i>	<i>Есімдіктер</i>	<i>Kelishiklar</i>	<i>Olmoshlar</i>
Барыс септік	бұларға осыларға соларға аналарға	Jo'naalish kelishigi	ularga bularga shularga o'shalarga
Табыс септік	бұларды мыналарды осыларды соларды аналарды	Tushum kelishigi	ularni bularni shularni o'shalarni
Жатыс септік	бұларда/мыналарда осыларда соларда аналарда	O'rin-payt kelishigi	ularda bularda shularda o'shalarda
Шығыс септік	бұлардан/ мыналардан осылардан солардан аналардан	Chiqish kelishigi	ulardan bulardan shulardan o'shalardan
Көмектес септік	бұлармен мыналармен осылармен солармен аналармен	Ø	ø

27-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі белгісіздік есімдіктерінің септелуі
Qozoq-o'zbek tillarida gumon olmoshlarining turlanishi

Белгісіздік есімдігінің септелуі Gumon olmoshlarining turlanishi					
Қазақ тілі			O'zbek tili		
Ж е к е ш е – B i r l i k					
<i>Септік</i>	<i>Есімдіктер</i>		<i>Kelishik</i>	<i>Olmoshlar</i>	
Атау	біреу әлдекім	бірдеңе бір нәрсе	Bosh	birov allakim	nimadir bir narsa
Ілік	біреудің әлдекімнің	бірдеңенің бір нәрсенің	Qa- ratqich	birovning allakimning	nimaningdir bir narsaning

27-кестенің жалғасы

<i>Септік</i>	<i>Есімдіктер</i>		<i>Kelishik</i>	<i>Olmoshlar</i>	
Барыс	біреуге әлдекімге	бірдеңеге бір нәрсеге	Jo'nalish	birovga allakimga	nimagadir bir narsaga
Табыс	біреуді әлдекімді	бірдеңені бір нәрсені	Tushum	birovni allakimni	nimanidir bir narsani
Жатыс	біреуде әлдекімде	бірдеңеде бір нәрседә	O'rin- payt	birovda allakimda	nimadadir bir narsada
Шығыс	біреуден әлдекімнен	бірдеңеден бір нәрседен	Chiqish	birovdan allakimdan	nimadandir bir narsadan
Көмек- тес	біреумен әлдекіммен	бірдеңе бірнәрсе	Ø	ø	ø
К ө п ш е – К о ' п л и к					
Атау	біреулер әлдекімдер	бірдеңелер бір нәрселер	Bosh	birovlar allakimlar	nimalardir bir narsalar
Ілік	біреулердің әлдекімдер- дің	бірдеңелердің бір нәрселердің	Qa- ratqich	birovlarning allakimlar ning	nimalar- ningdir bir narsalar- ning
Барыс	біреулерге әлдекімдер- ге	бірдеңелерге бір нәрселерге	Jo'nalish	birovlarga allakimlarga	nimalargadir bir narsalarga
Табыс	біреу әлдекім	бірдеңелерді бір нәрселерді	Tushum	birovlarni allakimlarni	nimalarnidir bir narsalarni
Жатыс	біреу әлдекім	бірдеңелерде бір нәрселерде	O'rin- payt	birovlarda allakimlarda	nimalardadir bir narsalarda
Шығыс	біреу әлдекім	бірдеңелерден бір нәрселер- ден	Chiqish	birovlardan allakimlar- dan	nimalardan- dir bir narsalar- dan
Көмек- тес	біреулер- мен әлдекімдер- мен	бірдеңелермен бір нәрселер- мен	Ø	ø	ø

§ 11. СЫН ЕСІМ

Сын есім – мазмұндық-семантикалық жағынан да, сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесімділігі тұрғысынан да өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Сөз таптары жүйесіндегі сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әртүрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және белгілі бір басқа затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, иісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді²⁶. Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы тым шағын. Шырай категориясы сын есімдерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана тобына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады. Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, ақ – түр-түсті білдіретін сын есім, ақ – сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; көк – түр-түсті білдіретін сын есім, көк – аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім.

Түркі тілдері құрамындағы сын есімдер негізгі үш түрлі жолмен қалыптасады: есімдердің (зат есімдер де, қимыл есімдері

²⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 460-б.

де) контексте қолданылу барысында трансформацияланып, сын есімге айналады; дербес сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы күрделі сын есімдер туындайды; сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады.

Қыпшақ және қарлұқ топтарына жататын қазіргі қазақ және өзбек тілдеріндегі сын есімдер/sifatlar морфологиялық құрамы жағынан негізгі түбір/tub, туынды/uasama, күрделі/qo'shma болып бөлінеді. 1) Синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін бір сөзден тұратын негізгі түбірлер/tub: сұлу – *go'zal*, ақ – *oq*, сары – *sariq*, қара – *qora*, биік – *baland*, ауыр – *og'ir*, т.б. 2) Туынды/uasama сын есімдер/sifatlar сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: ақылды – *aqlli*, белгісіз – *belgisiz*, сүтсіз – *sutsiz*, күншіл – *kiyunchak*, т.б. 3) Күрделі/qo'shma сын есімдер/sifatlar ең кемі екі не одан көп сөздерден жасалып, біртұтас сындық мағына білдіреді.

Күрделі сын есімдер қазақ тілінде үш түрлі жолмен жасалады: а) сөздердің бірігуі арқылы жасалған біріккен күрделі сын есімдер: аққұба, қараторы, етжеңді, біртоға, көнетоз, қонақжай, т.б.; ә) сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қос сөзді күрделі сын есімдер: ақты-қаралы, қызылды-жасылды, ұзынды-қысқалы, ағал-жағал, кедір-бұдыр, биік-биік, ұсақ-түйек, т.б.; б) сөздердің тіркесуі арқылы жасалған тіркесті сын есімдер: қоңыр салқын, көк долы, теңбіл көк, томага түйық, т.б. Өзбек тілінде күрделі сын есімдер үш түрлі жолмен жасалады: а) дара сөздердің қосылуы арқылы жасалған күрделі сын есімдер: *ochko'z* (ашкөз), *mehtonodo'st* (меймандос), т.б.; в) мәндес және қарама-қарсы мағыналы сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қос сөздер: *qing'ir-qiyshiq* (қыңыр-қисық), *g'adir-budir* (кедір-бұдыр), *egri-bugri* (түзу-қисық), *yosh-qari* (кәрі-жас), *katta-kichik* (үлкен-кіші), т.б.; г) сөздердің қайталануы арқылы жасалған қайталама сөздер: *baland-baland* (биік-биік), *qiziq-qiziq* (қызық-қызық), *orroq-orroq* (аппақ-аппақ), *yangi-yangi* (жаңа-жаңа), *achchiq-achchiq* (ащы-ащы), т.б.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сын есімдер семантикалық жағынан екі топқа бөлінеді: сапалық/asliу және қатыстық/nisbiу болып бөлінеді. Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді: үлкен бөлме – *katta xona*, жас кісі – *yosh odam*, ақ гүл – *oq gul*, көк шөп – *ko'k o't*, т.б. Сапалық сын есімдер шырай тұлғаларымен түрленеді. Қатыстық сын есімдер бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл, іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіреді.

Шырай категориясымен сын есімнің бәрі түрлене бермейді, яғни сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдер ғана шырай түрлерін жасай алады. Шырай категориясы затқа, құбылысқа байланысты біртектес, бірыңғайлас сынның, сапалық белгінің, түр-түстің т.б. сапалық сипаттың артық-кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі бір қосымшалар үстелу немесе басқа тәсілдердің жүйелі жолдары арқылы жасалатын сапалық сын есімнің парадигмалық түрі²⁷.

Қазақ тілінің академиялық грамматикасы бойынша қазіргі қазақ тілінде екі түрлі шырай формасы бар: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай. Сапалық етістіктердің негізгі тұлғасына сәйкес келетін жай шырай және күшейтпелі шыраймен мәндес асырмалы шырай дербес шырай формасы ретінде қарастырылмайды.

Өзбек тілінде шырай/daraja категориясының төрт түрі көрсетіледі: 1) oddiy `жай`: oq – ақ, qora – қара, yashil – жасыл, qattiq – қатты, т.б.; 2) qiyosiy `салыстырмалы`: qisqaroq – қысқарақ, uzunroq – ұзынрақ; iliqroq – жылырақ, т.б.; 3) orttirma `күшейтпелі`: qip-qizil – қып-қызыл, qip-qiriq – құп-құрғақ, qor-qora – қап-қара, juda chiroyli – сұп-сұлу, т.б.; 4) ozaytirma `(солғындату мәнді) салыстырмалы`: qizg'ish/qizilimtir – қызғыш/қызғылтым, sarg'ish/sarg'imtir – сарғыш/сарғылтым, ko'kish/ko'kimtir – көгілдір, т.б.

Сындық белгіні білдіретін сөздердің сөйлеу үдерісінің қажеттілігіне байланысты заттық ұғымда қолданылуы, яғни субстантивтенуі жиі кездеседі. Бұл сын есімдердің көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуіне, бастауыш қызметінде жұмсалуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ зат есімдердің сын есімдерге ауысып адъективтенуі де түркі тілдеріне тән құбылыс, мысалы: *kipniş yü – temir qoshiq, altın sağat – oltin soat, sport kuimi – sport kiyimi*, т.б.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі сын есімдердің сөйлемдегі негізгі қызметі анықтауыш/aniqlovchi: *biz jaña yüge köşmitik – biz yangi uyimizga ko'chib o'tdik*.

Сын есімдер сөйлемде баяндауыш/kesim: *jaña kelgen oқытушы өте жақсы – yangi kelgan o'qituvchimiz juda bilimdon; биздің үй – жаңа – bizning uyimiz – yangi; бастауыш/ega: білімділер келді – bilimdonlar keldi; толықтауыш/to'ldiruvchi: ол білімдіні жақсы көреді – u bilimdonlarni yaxshi ko'radi; пысықтауыш/hol: мен жақсы білемін – men yaxshi bilaman.*

²⁷ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 464-б.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сын есімдер
Qozoq-o'zbek tillaridagi sifatlar

Сын есім – Sifat			
Сын есімдердің құрылымы – Sifatlarning tarkibi			
Қазақ тілінде		О'zbek tilida	
<i>Сын есімдердің құрылымдық түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Sifatlarning yasalishi</i>	<i>Misollar</i>
Түбір (түбір-негіз)	ақ сұлу зор сары қатты	Tub	oq go'zal zo'r sariq qattiq
Туынды	ақыл+ды білім+ді тұз+ды балық+ты (көл) жылау+ық ақы+лы ғылым+и	Yasama	aql+li bilim+li tuz+li baliq+li (ko'l) yig'la+qi tarbiya+viy ilm+iy
Күрделі		Qo'shma sifatlar	
Тіркесті күрделі сын есімдер	қою сары күрең қызыл қою қара қою жасыл	Qo'shma sifatlar	oqko'ngil shirins'o'z devqomat sheryurak bodomqovoq qirg'iyko'z mehmondo'st
Біріккен күрделі сын есімдер	біртоға қонақжай балажан етжеңді		
Қос сөзді күрделі сын есім	ақты-қаралы дәмді-тәтті келген-кеткен ата-аналы әдемі-әдемі күшті-күшті	Juft sifatlar	yaxshi-yomon baland-past esli-hushli alg'ov-dalg'ov g'adir-budur katta-kichik

28-кестенің жалғасы

Сын есімдердің мағыналық топтары – Sifatlarning ma'nosigako'ra turlari			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Сын есім түрлері	Мысалдар	Sifatlarning turlari	Misollar
Сапалық сын есімдер	ақ гүл қызыл жаулық сұлу қыз ыстық су көк көйлек күшті жігіт	Asliy sifat	oq gul qizil ko'yulak chiroyli qiz issiq suv ko'k osmon kuchli yigit
Қатыстық сын есімдер	жазғы киім қысқы күн үйдегі кісілер	Nisbiy sifat	yozgi kiyim qishki sovuq devordagi rasm
Сын есімнің шырайлары – Sifatdarajalari			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Шырай түрлері	Мысалдар	Daraja turlari	Misollar
Жай шырай	ақ жаулық сұлу қыз жаңа ай ашық күн	Oddiy daraja	oq ko'yulak go'zal qiz yangi uy ochiq eshik
Салыстыр-малы шырай	менен күштірек алма дәмдірек күн жылырақ қызғылт сарғыш қоңырқай	Qiyosiy daraja	mendan kuchliroq olma mazaliroq havo iliqroq qizg'ish sarg'ish mallaroq
Күшейтпелі шырай	аппақ мата жеп-жеңіл жұмыс өте таныс кісі ең ұзын өзен тым қысқа көйлек тап-таза үй шым қара етік дөп-дөңгелек ай	Orttirma daraja	oppoq mato eng chiroyli qiz qip-qizil ko'yulak ko'm-ko'k olma g'oyat shirin taom top-toza uy eng uzun daryo eng baland tog'

28-кестенің жалғасы

Ø	ø	Ozaytirma daraja	sarg'ish qizg'ish ko'kimtir sal shirin qoramtir och qizil
Қолданысы – Qo'llanilishi			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<i>Сөйлем мүшесі</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Gap bo'laklari</i>	<i>Misollar</i>
Анықтауыш	Жақсы адамдар көп.	Aniqlovchi	Yaxshi odamlar ko'p.
Баяндауыш	Балалар бәрінен жақсы.	Kesim	Bolalar yaxshi.
Хәл	Мен жақсы білемін.	Hol	Men yaxshi bilaman.
Бастауыш	Білімділер келді.	Ega	Bilimlilar keldi.
Толықтауыш	Ол білімдіні жақсы көреді.	To'ldiruvchi	U bilimdonlarni yaxshi ko'radi.

29-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сын есімнің шырай формаларының жасалуы
Qozoq-o'zbek tillarida sifat darajalarining yasalishi

Сын есімнің шырайлары – Sifat darajalari					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
<i>Жасалуы</i>	<i>Мағынасы</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Yasalishi</i>	<i>Ma'nosi</i>	<i>Misollar</i>
Жай шырай – Oddiy daraja					
Сапалық сын есімнің негізгі тұлғасы	Заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді	ақ гүл қара жіп жасыл жапырақ	belgining ortiq-kamlik belgisini ifodalamaydi, maxsus qo'shimchasiz bo'ladi	har bir pred-metning konkret belgisini ko'rsatadi	oq gul chiroyli qiz katta uy ko'k ko'yлак

29-кестенің жалғасы

Салыстырмалы шырай – Qiyosiy daraja					
-рақ/-рек, -ырақ/-ірек; -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу; -ғыл/-гіл, -ғылт/-қылт, -ғылым/ -қылым; -шыл/-шіл, -шылым/ -шілім; -ғыш, -ілдір; -аң,-қай; -ша/-ше	Біртектес заттардың түрлі белгілерін, сынын, сипатын салыстырып, бір-бірінен артық-кемін білдіреді.	қысқарақ ұзынырақ жылырақ күштірек дәмдірек жалпақтау жіңішкеуе бозғылт көкшілтім ақшыл көгілдір сарғыш қоңырқай дөңгелекше сопақша	-гоқ	Belgining me'yor-dan biroz kam yoki ortiq ekanini qiyosan ifodalaydi.	qisqaroq uzunroq iliqroq kuchliroq mazaliroq tekisroq semizroq yaxshiroq issiqroq
Күшейтпелі шырай – Orttirma daraja					
Негізгі сын есімнің бірінші буынына <i>n</i> дыбысы қосылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жасалады;	Заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетеді.	күп-күрғақ қап-қара жап-жасыл тап-тақыр аппақ жеп-жеңіл сап-сары қып-қызыл жап-жақсы кіп-кішкене	Sifat tarkibidagi birinchi unliga <i>p, m, s</i> tovushlarini qo'shib takrorlash orqali hosil qilinadi.	Belgining me'yor-dan ortiq ekanligini bildiradi.	qup-quruq qop-qora yam-yashil oppoq qip-qizil top-toza sap-sariq kap-katta to'ppa- to'g'ri ko'm-ko'k bus-butun
Күшейтпелі үстеулер: өте, аса, тым, ең, тіпті арқылы жасалады.		өте әдемі аса үлкен ең ұзын тым алыс өте қараңғы тіпті жат (жер) өте ыстық ең күшті	Oddiy darajadagi sifat oldidan eng, juda, g'oyat, nihoyatda, bag'oyat so'z-lari keltirish orqali yasaladi. Oddiy darajadagi sifat oldidan eng, juda, g'oyat, nihoyatda, bag'oyat so'z-lari keltirish orqali yasaladi.		eng go'zal, juda aqlli, juda hazilkash, g'oyat shirin, bag'oyat go'zal, nihoyatda ko'rkam

29-кестенің жалғасы

Ø (қазақ тілінде дербес шырай түрінде қарастырылмайды)			O z a y t i r m a d a r a j a		
Ø	Ø	Ø	Rang-tus sifatariga -mtir, -imtir -sh, -ish qo'shimchalarini qo'shish yoki oddiy darajadagi sifat oldidan sal, biroz, picha, xiyla nim so'zlarini keltirish orqali hosil qilinadi.	Ozaytirma daraja belgining me'yordan kam ekanligini ko'rsatadi.	ko'kimtir oqish och qizil sal katta sarg'ish qoramtir ko'kish nim pushti nim qorong'i, picha taxir

30-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сын есімнің сөзжасам жұрнақтары
Qozoq-o'zbek tillarida sifat yasovchi qo'shimchalar

Сын есімнің сөзжасам жұрнақтары Sifat yasovchi qo'shimchalar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Жұрнақтар	Мысалдар	Qo'shimchalari	Misollar
-к/-қ, -ық/-ік, -ақ/-ек	үркек ат үзік жіп ашық есік жылауық бала	-k/-q, -ik/ -iq/ -uq/-oq	chirik, iliq uzik, ochiq, buzuq qochoq
-лы/-лі, -ды/-ді -ты/-ті	сауатты жігіт тәртіпті бала балықты көл келбетті қыз	-li	savodli talaba tartibli bola baliqli ko'l chiroyli qiz
-сыз/-сіз	дәмсіз ас сусыз жер көңілсіз кісі	-siz	mazasiz taom suvsiz yer ko'ngilsiz ish
-ғыр/-гір, -қыр/-кір	тапқыр бала өткір пышақ үшкір тас ұтқыр ой	-gir/ -g'ir, -kir/-qir	sezgir quyon olg'ir lochin keskir pichoq topqir o'quvchi
-шыл/-шіл	күншіл әйел кекшіл кісі ойшыл адам	-chil	xalqchil rahbar

30-кестенің жалғасы

-қы/-кі -ғы/-гі	қысқы киім күзгі күн үйдегі кісілер	-gi/ -ki	kuzgi yaproq qishki kiyim
-ғыш/-гіш -қыш/-кіш -геш	айтқыш адам білгіш бала көргіш кісі сөйлегіш қыз күлегеш қыз	-kun -qin -g'in -g'un	tushkun kayfiyat jo'shqin qalb ozg'in odam turg'un savdo
-шаң/-шең	сөзшең адам бойшаң қыз	-chan	talabchan bola ishchan ayol
-лық/-лік -дық/-дік -тық/-тік	ауылдық жер айлық отын	-lik	shaharlik kelin qishloqlik yigit
-дай/-дей -тай/-тей	алтындай бала таудай талап бармақтай бақ темірдей тәртіп	-day -dek	oynaday ko'l oltinday kuz muzdek suv
-ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	қайырма жаға қызба жігіт аспа шам	-ma	yozma ish qaynatma sho'rva
-м/-ым/-ем	айырым жол көркем қыз	-choq -chak -chiq	maqtanchoq bola kuyunchak kampir qizg'anchiq qiz

§ 12. САН ЕСІМ

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады. Сандық мағынаны білдіретін сөздер қай тілдің болмасын тұрақты қоры, біртұтас құбылыс ретінде танылатын бір белгі – есептік сан есімдер. Бұл жүйенің басқа тілдерден ауысу жолымен қалыптасуы – тілдер тарихында аса сирек ұшырайтын құбылыс, сондықтан есептік сандарды білдіретін сөздердің

төркіндес болып келуі тілдердің өзара жақындығының, генетикалық туыстығының дәлелі.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, мыңдаған жылдық тарихы бар ауыз әдебиеті үлгілерінде – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, ертегілер мен аңыз-әпсаналарда, тұрмыстық жырлар мен дастандарда сандық ұғымды білдіретін лексемалардың жиі қолданылуы, олардың әрқайсысына тән сакралды мән жүктелуі түркі халықтарының сандық жүйені терең меңгергенін, соған сәйкес сан, санақ жайлы ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің де тым ерте кезден қалыптасқанын көрсетеді. Мұның басты дәлелі ретінде мың, түмен сынды көп санды білдіретін лексемалар түркілердің төл сөздерінің құрамында болуын айтуға болады. Әдетте әлем халықтары тіліндегі бірлік, ондық, жүздіктерден кейінгі дөңгелек сандардың көпшілігі кірме элементтер негізінде қалыптасады. Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (qırq eki `42`) және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (eki elik `42`). Қазақ және өзбек тілдерінде бірінші жүйе қолданылады.

Сан есімдер құрылымына қарай дара және күрделі болып келеді, семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше мағыналық топтардан тұрады. Сын есімдердің біразы жіктік, тәуелдік, септік категориясының көрсеткіштерімен түрленеді. Қазақ және өзбек тілдерінде сан есімдер алты мағыналық топқа жіктеледі: 1) **Есептік сан есімдер/Sanoq son:** 1 – *bir/bir*, 2 – *eki/ikki*, 3 – *үш/uch*, 1 000 – *мың/ming*, 1 000 000 – *миллион/million*; 2) **Реттік сан есімдер/Tartib son:** 1-ші – *бірінші/1 – birinchi*, 2-ші – *екінші/2 – ikkinchi*, 100-ші – *жүзінші/100 – yuzinchi*. 3) **Жинақтық сан есімдері/Jamlovchi son:** *біреу/-, екеу/ikkov/ikkala*, *үшеу/uchov/uchala*, *төртеу/to'rtov/to'rtala*, *бесеу/beshov, алтау/oltov, жетеу/yettov*. Қазақ тілінде жинақтық сан есімдері бір мен жеті, өзбек тілінде екі мен жеті аралығындағы сандарды қамтиды. Жинақтық сан есімдер негізінен етістіктермен, сын есімдермен тіркеседі: *бесеуіміз бардық/beshovimiz bordik*, *бесеуі жақсы/beshovi ham yaxshi*; 4) **Топтық сан есімдері/Taqsim son:** *бірден/birdan*, *екіден/ikkidan*, *бестен/beshdan*, *алтыдан/oltidan*, *оннан/o'ndan*, *қырқтан/qirqdan*, *елуден/ellikdan*, *жүзден/yuzdan*, *мыңнан/mingdan*. Топтық сан есімдерінің қайталануы арқылы да күрделі топтық сандар жасалады: *екіден-екіден (екі-екіден)/ikkitadan-ikkitadan*; *үш-үштен (үштен-үштен) uchta-uchtadan*, *он-оннан (оннан-оннан)/o'nta-o'ntadan*; 5) **Болжалдық сан**

есімдері/Chama son: ондаған/o'ntacha, онга жуық/o'nlab, он шамасы/o'nlarcha, он бестей/o'n beshtacha; 6) **Бөлшектік сан есімдері/ Kasr son:** екіден бір/ikkidan bir, оннан бес/o'ndan besh, екі бүтін жетіден екі/ikki butun yettidan ikki, он бүтін бесмен бір/o'n butun beshdan bir т.б. Бөлшектік сан есімдер жарты/yarim, жартысы/yarimtasi, жарым/yarmi, ширек/chorak сөздері арқылы да жасалады: жарты жыл/yarim yil, жарты метр/yarim metr, нанның жартысын ал/olponning yarmini ol, екі метр жарым/ikki yarim metr, бір жарым/bir yarim, ширек em/chorak soat.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі дара/sodda сандарға бір сөзден тұратын 1-ден 10-ға дейінгі бірлік сандар: бір/bir, екі/ikki, үш/uch, төрт/to'rt, бес/besh, алты/olti, жеті/yetti, сегіз/sakkiz, тоғыз/to'qqiz, он/o'n; ондық сандар – 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000: он/o'n, жиырма/yigirma, отыз/o'ttiz, қырқ/qirq, елу/ellik, алтыс/oltmish, жетпіс/yetmish, сексен/sakson, тоқсан/to'qson; жүз/yuz, мың/ming жатады. Қазақ-өзбек тілдерінде мыңнан жоғары дара сандарды атауда халықаралық математикалық терминдер қолданылады: миллион, миллиард, т.б. Сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінде көнетүркілік түмен/tuman лексемасы (10000) сақталған.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі **күрделі/қо'shma** сандар екі не одан да көп дара сан есімдерден жасалады: он бір/o'n bir, он екі/o'n ikki, жиырма бір/yigirma bir, жетпіс бір/yetmish bir, төрт жүз он/to'rt yuz o'n, бір мың тоғыз жүз қырқ алты/bir ming to'qqiz yuz qirq olti, үш мың бір жүз жиырма бес/uch ming bir yuz yigirma besh, қырқ бес мың алты жүз отыз жеті/qirq besh ming olti yuz o'ttiz yetti, т.б.

Сан есімдер заттың құбылыстың сандық белгілерін білдіретіндіктен сөйлемде **анықтауыш/aniqlovchi** қызметінде жиі қолданылады, сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік категориясының көрсеткіштерін қабылдамайды: бес кісі/besh kishi, жиырма екі оқушы/yigirma ikki o'qivchi, он төртінші трамвай/o'n to'rtinchi tramvay. Бүгін аптаның бірінші күні/Bugun haftaning birinchi kuni. Сан есімдер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметінде де қолданылады. Бастауыш/Ега: Кітаптарды орнына қой/Kitoblarni o'rniга қо'у. Екеуі (кітаптардың) еденде жатыр/Kitoblarning ikkitasi stolda turibdi. Ең бірінші болып бізді екеуі құттықтады/Eng birinchi bo'lib bizlarni ikkovi tabrikladi. Ең біріншісі – менің әкем/Eng birinchisi – mening dadam. Баяндауыш/Kesim: Екі жердегі екі – төрт/Ikki karra ikki – to'rt. Толықтауыш/То'ldiruvchi: Оңды екіге бөл/O'nni ikkiga bo'l.

Қазақ-өзбек тілдерінде уақытты көрсету барысында (сағат тіліне қатысты) қолданылатын сөйлемдер де ортақ болып келеді: *сағат бірден он бес минут кетті (бір он бес болды) – soat birdan o'n besh daqiqa o'tdi, сағат бір жарым – soat bir yarim, сағат бес минутсыз екі болды – soat besh minut kam ikki bo'ldi.*

31-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сан есімдер
Qozoq-o'zbek tillarida son

Сан есімдер – Son					
Сан есімдердің құрылымы – Sonlarning tarkibi					
Дара сан есімдер – Sodda sonlar			Күрделі сан есімдер – Qo'shma sonlar		
Сан/ Son	Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Сан/Son	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
1	бір	bir	11	он бір	o'n bir
2	екі	ikki	12	он екі	o'n ikki
3	үш	uch	13	он үш	o'n uch
4	төрт	to'rt	14	он төрт	o'n to'rt
5	бес	besh	15	он бес	o'n besh
6	алты	olti	16	он алты	o'n olti
7	жеті	yetti	17	он жеті	o'n yetti
8	сегіз	sakkiz	18	он сегіз	o'n sakkiz
9	тоғыз	to'qqiz	19	он тоғыз	o'n to'qqiz
10	он	o'n	21	жиырма бір	yigirma bir
20	жиырма	yigirma	22	жиырма екі	yigirma ikki
30	отыз	o'ttiz	23	жиырма үш	yigirma uch
40	қырқ	qirq	24	жиырма төрт	yigirma to'rt
50	елу	ellik	25	жиырма бес	yigirma besh
60	алпыс	oltmish	26	жиырма алты	yigirma olti
70	жетпіс	yetmish	27	жиырма жеті	yigirma yetti

31-кестенің жалғасы

80	сексен	sakson	28	жиырма сегіз	yigirma sakkiz
90	тоқсан	to'qson	29	жиырма тоғыз	yigirma to'qqiz
100	жүз	yuz	112	жүз он екі	bir yuz o'n ikki
1000	мың	ming	2017	екі мың он жеті	ikki ming o'n yeti
10000	түмен	o'n ming	3125	үш мың бір жүз жиырма бес	uch ming bir yuz yigirma besh
Сан есімнің мағыналық топтары – Sonning ma`no turlari					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
I. Есептік сандар – Sanoq sonlar					
1	бір	1	bir		
2	екі	2	ikki		
18	он сегіз	18	o'n sakkiz		
19	он тоғыз	19	o'n to'qqiz		
25	жиырма бес	25	yigirma besh		
26	жиырма алты	26	yigirma olti		
30	отыз	30	o'ttiz		
31	отыз бір	31	o'ttiz bir		
3725	үш мың жеті жүз жиырма бес	3725	uch ming yetti yuz yigirma besh		
II. Реттік сандар – Tartib sonlar					
Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Қазақ тілінде	O'zbek tilida		
бірінші	birinchi	жиырмасыншы	yigirmanchi		
екінші	ikkinchi	отызыншы	o'ttizinchi qirqinchi		
үшінші	uchinchi	қырқыншы	ellikinchi		
төртінші	to'rtinchi	елуінші	oltmishinchi		
бесінші	beshinchi	алпысыншы	yetmishinchi		
алтыншы	oltinchi	жетпісінші	saksoninchi		
жетінші	yettinchi	сексенінші	to'qsoninchi yuzinchi minginchi		
сегізінші	sakkizinchi	тоқсаныншы			
тоғызыншы	to'qqizinchi	жүзінші			
оныншы	o'ninchi	мыңыншы			

31-кестенің жалғасы

III. Топтық сандар – Taqsim sonlar			
Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
бірден екіден үштен	birdan ikkidan uchdan	төрттен бестен алтыдан	to'rt dan beshdan oltidan
IV. Жинақтық сандар – Jamlovchi sonlar			
Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
біреу екеу үшеу төртеу	- ikkov uchov to'rttala	бесеу алтау жетеу -	beshov oltov yettov -
V. Болжалдық сандар – Chama son			
Қазақ тілінде	O'zbek tilida	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
ондаған ондап онға жуық он бестей он бес шақты он бес шамасында	o'nlar cha o'nlab o'n beshtacha o'n beshlab o'n beshga yaqin o'n beshlar atrofida	алпыстаған алпыстай алпыстан аса алпысқа жуық алпыс шамалы алпыс шақты	oltmishtacha oltmishday oltmishga yaqin oltmish chamasi
VI. Бөлшектік сандар – Kasr son			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
оннан бес екі бүтін жетіден екі		o'ndan besh ikki butun o'ndan bir	
Қолданысы – Qo'llanilishi			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<i>Сөйлем мүшесі</i>	<i>Мысалдар</i>		<i>Misollar</i>
Бастауыш	Он бес екіге теңдей бөлінбейді.	Ega	O'n besh ikkiga teng bo'linmaydi.
Баяндауыш	Екі жердегі екі – төрт.	Kesim	Ikki karra ikki – to'rt
Толықтауыш	Оңды екіге бөл.	To'ldiruvchi	O'nni ikkiga bo'l.
Анықтауыш	Бүтін аптаның бірінші күні.	Aniqlovchi	Bugun haftaning birinchi kuni.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі сан есімнің мағыналық топтарының жасалуы
Qozoq-o'zbek tillarida sonning ma'no turlari va ularning yasalishi

		Қазақ тілінде				O'zbek tilida			
Сан есім түрлері және сұрақтары	Мағынасы	Жасалуы	Мысалдар	Son turlari va so'rog'i	Ma'nosi	Yasalishi (qo'shimchalari)	Misolilar		
Есептік Қанша? Неше?	Зат пен құбылыстың нақты санын білдіреді	Дара және күрделі сан есімдердің негізгі тұлғасы	бір екі үш төрт отыз он бес жүз бір екі жүз	Sanoq qancha? necha?	Shaxs, narsa-buyumning son-sanog'ini bildiradi	Sodda va qo'shma sonlarning asos qismidan iborat bo'ladi	bir ikki uch to'rt o'ttiz o'n besh bir yuz ikki yuz		
Реттік Қанша-сыншы? Нешесінші? Нешінші?	Зат пен құбылыс, әрекеттің ретін білдіреді	-ншы/-нші -ыншы/-інші	екінші үшінші бесінші жетінші жиырмасыншы жүзінші	Tartib nechanchi?	Narsa-ho-disalarning ketma-ketligi, tartibini bildiradi	-nchi -inchi	ikkinchi uchinchi beshinchi yettinchi o'ninchi yuzinchi		
Жинақтық Қанша? Неше? Нешеу?	Заттың жинақталған сандық мөлшерін білдіреді	-ау/-еу (1-7 сандарын қамтиды)	екеу үшеу бесеу алтау жетеу ө	Jamlovchi qancha? necha? nechovi?	Narsalarning miqdorini jamlab ko'rsatadi	-ov,-ala -ovlon (ikkidandan yettigacha bo'lgan sonlarga qo'shiladi)	ikkov uchov to'rttala beshov oltovlon		

32-кестенің жалғасы

Топтық Қаншадан? Нешеден?	Бірдей зағтар- дың санын топтап көрсетеді	-нан/-нен -дан/-ден -тан/-тен	Бірден бестен алтыдан жүзден оннан үштен төрттен	Тақсим qancha- dan? necha- dan?	Narsalarning miqdorini taqsimlab ko'rsatadi	-dan -tadan	birdan ikkidan to'rttadan beshtadan oltidan o'tadan
Болжалдық Қанша? Неше? Қай шамалы? Қаншадай? Қанша шама- сында?	Зат пен құбы- лыстың санын дәл емес, шамамен болжап, тұспалдап білдіреді	Синтетикалық тәсіл: -лаған/-леген, -даған/-деген, -таған/-теген; -дай/-дей, -тай/-тей; -лап/-леп, -тап/-теп; -ер.	ондап/ ондаған мыңдап/ мыңдаған жүздеп/ жүздеп/ жетпістей біреп	Chama qancha? necha?	Narsa-ho- disalarning miqdorini chamalan ko'rsatadi. Ikkita sanoq sonni juftlash orqali ham hosil qilina- di.	-tacha -lab -larcha	beshtacha o'nlarcha yuzlab minglab ikki-uch kun besh-olti kishi
Бөлшектік Қанша? Неше?	Зат пен құбылыс- тың бөлшектік санын, үлесін білдіреді.	Аналитикалық тәсіл: сан есімдердің қосарлануы арқылы; шақты, шамалы, жуық, қаралы, астам, тарта, таюу сөздері арқылы	онға жуық/ он шамасы жетпіс шақты/ жетпіс шама- сында елуге жуық/ елуден астам жүз қаралы/ жүзге тарта	Kasr qancha? necha?	Butun miqdorin- ing qismini ifodalovchi sonlar	Analitik usul bilan	o'nga yaqin/ o'n chamasini yetmishga yaqin/yetmish chamasini ellikka yaqin/ellik chamasida/ ellikdan ortiq yuzga yaqin
		Бөлімі шығыс септігі, алымы атау септігі; жарым, жарты, ширек сөздері арқылы жасалады.	екіден бір, он бүтін бестен бір, оннан бес, екі бүтін жетіден екі, тоғыз бүтін бестен үш			yarim chorak nimchorak	ikkidan bir, o'n butun beshdan bir, o'ndan besh, ikki butun yet- tidan ikki, to'qqiz butun beshdan uch

§ 13. ЕТІСТІК

Етістік белгілі бір тілдің өзіндік ерекшеліктерін барынша айқын көрсететін аса маңызды грамматикалық категориялардың – бірі. Түркі тілдеріндегі етістіктердің күрделі табиғаты ұғымды берудегі абстрактылы сипатымен, сөйлем құрамындағы (сөйлеудегі) икемділігімен, іс-әрекет пен күйдің өзгерістерін көрсету мүмкіндігімен, есім негізді түбірлерге қарағанда саны аз болса да, түбір морфема қызметіндегі (сөз тудырудағы) белсенділігімен сипатталады. «Етістік түбірінің дербес сөз ретінде сөз түрлендіру тұлғаларынан тыс қолданылмайтындығы оның өзіндік ерекшелігі, алайда етістік түбірлерді диахрондық зерттеу барысында керісінше жағдайды аңғаруға болады»²⁸. Жалпы табиғаты бойынша түркі тілдеріндегі етістіктер ғасырларға созылған тілдік даму үдерісінде өзінің бастапқы тұлғасы мен мазмұнын мейілінше сақтаған, көп өзгерістерге түспеген әрі морфологиялық тұрғыдан дамыған сөздер жүйесі ретінде қарастырылады²⁹. Сондықтан түркі тілдеріндегі етістік негізді түбір морфемаларды ажыратып, құрылымдық модельдерін жүйелеу, мазмұндық аясы мен түрлену ерекшеліктерін саралау түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтаудағы маңызды мәселе қатарынан орын алады.

Лексика-семантикалық табиғаты мен грамматикалық түрленімі, сөйлем құраудағы, жалпы сөйлеу үдерісіндегі функционалдық әлеуеті тұрғысынан күрделі сөз табы саналатын етістіктердің лингвистикалық сипатын құрамдық-құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мән-мағыналық жіктелісі, қимыл-әрекеттің субъектіге қатысы, қимыл-әрекеттің орындалу амалы сияқты сапалық белгілердің жиынтығынан тұрады.

Етістіктің лексикалық негізі болған түбір тұлғасы етістіктің грамматикалық категориялары саналатын императивтермен, кейбір етіс тұлғаларымен сәйкес келуі түркітануда біраз пікір қайшылығын тудырды. Етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың екінші жағының жекеше тұлғасы жайлы түркі тіл білімінде негізінен екі түрлі көзқарас қалыптасты: 1. Етістіктердің түбір тұлғасында (негізінде) бұйрық мән әрдайым сақталады (Б. Юнусалиев, Н. Оралбаева, т.б.);

²⁸ Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 19-20 б.

²⁹ Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе, 1959. – С. 83-84.

2. Етістіктердің императив тұлғасы олардың түбір тұлғасының бірден-бір баламасы болмайды (А.М. Щербак, С. Исаев, т.б.). Шын мәнінде, етістіктің түбір (негізгі) тұлғасын бұйрық райдың екінші жағы тұлғасымен теңестіруге болмайтынын, олардың шекарасы принципті түрде ажыратылатынын зерттеу нәтижелері көрсетуде: «біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, көсемше, т.б.) жамылып, оның үстіне жіктеліп барып жұмсалады»³⁰.

Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғалардың ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады. Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болатыны; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін бергені; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күңгірттеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналғаны дәйектелуде.

Қазақ тілі мен өзбек тіліндегі етістіктердің де жалпы сипаты, құрылымы, түрлену жолдары, сөйлемдегі қолданысы түркі тілдерінің табиғатына сәйкес өзара ұқсас болып келеді.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі етістіктер морфологиялық құрылымына байланысты үш топқа бөлінеді: 1) түбір етістік/*tub fe'l*: *кел-/kel-*, *кет-/ket-*, *бар/bar-*, *қайт-/qayt-*, т.б.; 2) туынды/*yasama fe'l* сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: *баста-/boshla-* *істе-/ishla*, *орналас-/o'rna*, *сана-/sana-*, *көбей-/ko'ray*, *өткер-/gapir-*, *ағар-/qizar-*, *дipілде-/dirilla*, т.б.; 3) күрделі/*qo'shma fe'l*: *сатып алу/sotib olmoq*, *барып келу/borib kelmoq*, *алып кету/olib ketmoq*, т.б. Етістік тұлғасының құрамындағы сөз санына байланысты жалаң және күрделі етістіктер деп бөлінеді. Бір сөзден тұратын дара (жалаң) етістіктерге түбір (түбір-негіз) және аффикстер арқылы жасалған туынды етістіктер жатады. Құрамы күрделі, қос сөздерден, сөз тіркестерінен жасалған етістіктер күрделі етістіктер ретінде қарастырылады.

³⁰ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 497-б.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі етістіктер лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай негізгі етістіктер және көмекші етістіктер деп жіктеледі. Негізгі етістіктер нақты қимыл-қозғалысты білдіреді және толық мағыналы сөз ретінде дербес сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады, сондай-ақ өзі қатысқан тіркесті күрделі етістіктердің мағынасын айқындайды. Ал көмекші етістіктер өзі қатысқан тіркесті күрделі етістіктердің мағынасын айқындай алмайды.

Қазақ тілінде етістік формалары белгілі бір грамматикалық категорияға қатыстылығы немесе қатыссыздығына қарай екі топқа бөлінеді: функциялық етістіктер және категориялық тұлғалар. Етістіктің функциялық тобына қимыл есімі (тұйық етістік/инфинитив), есімше, көсемше жатады, категориялары қатарына болымды/болымсыз формалар, етіс, рай, шақ, жақ-сан формалары енеді. Объектіге қатыстылығына қарай ажыратылатын салт және сабақты етістіктер лексика-грамматикалық категория ретінде де қарастырылады.

Өзбек тілінде етістік формалары екі топқа бөлініп қарастырылады: *tuslanishli* және *yuslanishsiz* формалары. *Tuslanishli* формаларына: *mayl`рай`*, *zamon`шақ`*, *nisbat`etic`*; *shaxs-son*; *tuslanishsiz* формаларына: *harakat nomi`қимыл есімі`*, *sifatdosh`есімше`*, *ravishdosh`көсемше`* тұлғалары жатады.

Өзбек тіліндегі жақсыз етістік формалары: *harakat nomi`қимыл есім`*: *kulish`күлу`*; *ravishdosh`көсемше`*: *shoshilib yozmoq`асығып жазу`*, *kuylay-kuylay o`tdi`жырлай-жырлай барды`*, *aytмай ketdi`айтпай кетті`*; *sifatdosh`есімше`*: *biladigan odamlar`білген (білетін) кісілер`*, *beradigan pul`беретін ақша`*, *kelar kun`келер күн`*. Ортақ етістіктен басқа жақсыз етістік формалары екі сөз табының белгілерін білдіреді: қимыл есімі – етістік пен зат есімді, есімше – етістік пен сын есімді, көсемше – етістік пен үстеуді. Қазақ тілінде қимыл есімі мен ортақ етістік бір форма ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде де қимыл есімі, есімше, көсемше формалары екі сөз табының белгілерін сипаттайды.

Қазақ тіліндегі есімшелер келер шақ (-р,-ар/ер) мәнін және өткен шақ (-ған/-ген, -қан/-кен) мәнін білдіреді: келер қонақ, келген қонақ.

Өзбек тіліндегі есімшелер/*sifatdosh* үш шақтың да мағынасын бере алады. Осы шақ/қарапайым түрі: *Meni biladigan odamlar ko`p`*, `Мені білетін кісілер көп`; *Men yaxshi ko`rgan odam bor`* Менің ұнатқан кісім бар`; осы шақ/күрделі түрі: *to`qiydigan igna`* – тоқитын ине`. Өткен шақ: *o`qilgan kitob`* оқыған кітап`, *o`tgan yo`l`* өткен жол`. Келер шақ/қарапайым түрі: *o`tadigan yo`l`* өтер жол`; келер шақ/күрделі түрі: *aytar so`z`* айтар сөз`.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі есімшелер сөйлемде сын есім орнына жұмсалып, анықтауыш қызметін атқарады: **Өтер** жол әлі көп – *Yuradigan yo'limiz hali uzoq.*

Қазақ-өзбек тілдеріндегі қимыл есімдері/harakat nomi зат есім орнына жұмсала алады, зат есімдер тәрізді көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларымен түрленеді. Қимыл есімдері сөйлемде бастауыш: **Оқу** – ең ауыр іс – **O'qish** eng og'ir ish; баяндауыш: Ең маңыздысы – дұрысын **айту** – Eng asosiysi – to'g'risini **aytish**; толықтауыш: **Сөйлеуді** тоқтатыңыз! – **Gapirishni** to'xtating!; анықтауыш: Үйірді (табыңды) **суғару** уақыты болды – *Podani sug'orish vaqti bo'ldi* қызметін атқарады.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі көсемшелер/ravishdoshlar тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан өзінен кейін тиянақтаушы, ойды аяқтаушы етістікті қажет етіп тұрады. Көсемшелер үстеулерге ұқсас болғанымен, үстеулерге қарағанда мағынасы да, қызметі де әлдеқайда кең: **жырлай-жырлай барды** – *kuylay-kuylay bordi*, **үйреткенше істе** – *o'rgatgancha ishla*. Көсемшелер болымсыз мәнді қосымшаларды қабылдайды, кейбір түрлері жіктеледі. Көсемшелер сөйлемде пысықтауыш: **Мені шаттанып** қарсы алды – *Meni xursand bo'lib kutib oldi*; баяндауыш: **Түсте** әкем қайтып келді – *Tushda dadam qaytib keldi* қызметін атқарады.

33-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі етістік формалары
Qozoq-o'zbek tillarida fe'l shakllari

Етістік – Fe'l			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Құрылымына қарай: Tuzilishiga ko'ra:			
<i>Етістіктер</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Fe'llar</i>	<i>Misollar</i>
Түбір етістік (түбір-негіз)	жүр- түр- бар- кел-	Tub fe'l	yur- tur- bor- kel -
Туынды етістік	істе- (іс+те) көбей- (көп+ей) қапта- (қап+та) байла- (бай+ла)	Yasama fe'l	ishla- (ish+la) ko'pay-(ko'p+ay) qopla-(qop+la) bog'la-(bog'+la)

33-кестенің жалғасы

Күрделі етістік	барып кел алып кет	Qo'shma fe'lar	borib kel olib ket
Лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай: Leksik-grammatik xususiyatlariga ko'ra:			
Негізгі етістік	Мен хат жаздым. Кереуетте бала жатыр. Ертең ерте тұр.	Mustaqil (yetaq- chi) fe'l	Men xat yozdim. Bola karavotda yotibdi. Ertaga erta tur.
Көмекші етістік	Біреулер келе жатыр. Сен оқи тұр. Мен құлай жаздадым.	Ko'makchi fe'l	Kimlardir kela boshladi. Sen o'qib tur. Men yura bosh- ladim.
Нысанға қатысына қарай:			
Салт етістік	Орындыққа отыр.	-	-
Сабақты етістік	Ұлым, тәртібіңді түзеуге тырыс.	-	-
Функциялық етістіктер Fe' lning vazifado shshakllari			
Тұйық етістік (Қимыл есімі/ Инфинитив)	бару қалу оқу сөйлеу күлу қазу қонбақ таламақ қалмақ келмек өзгеріс	Harakat nomi	borish kelish o'quv so'zlov kulish qazuv o'tirmoq talamoq qolmoq kelmoq o'zgarish
Есімше	қайнаған су сүрілген жер келген адам орылмаған атыз баратын көлік келер/келетін қонақ баратын жер айтатын хабар	Sifatdosh	qaynagan suv haydalğan yer kelgan odam o'rilmagan sholi boradigan yer keladigan mehmon o'qiydigan bola aytadigan xabar

33-кестенің жалғасы

Көсемше	жазып беру оқып беру үйреткенше істе барғалы отыр айтпай кетті Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болу.	Ravishdosh	kulib aytmoq turib gapirmoq o'ylangancha gapir ko'rgani bormoq aytmay ketmoq Toma-toma ko'l bo'lar, yura-yura yo'l unar.
Етістіктің грамматкалық категориялары Fe'ning grammatik kategoriyalari			
Болымды етістік	жаз+a+мын бар+a+мын қара+й+мын атта+й+мын біл+е+мін істе+й+мін	Fe'ning bo'lishli shakli	yoza+a+man bor+a+man qara+y+man o'yna+y+man bil+a+man ishla+y+man
Болымсыз етістік	жазбаймын аттамаймын билемеймін істемеймін	Fe'ning bo'lishsiz shakli	yozmayman bormayman bilmayman ishlamayman
Etic – Nisbat			
Негізгі етіс	хат жазды кітап оқы мақта тер	Aniq nisbat	xat yozdi kitob o'qi paxta ter
Өздік етіс	жуын киінді ауқаттан	O'zlik nisbat	yuvin kiyindi ovqatlan
Ырықсыз етіс	орылды шабылды ашылды жіберілді	Majhul nisbat	o'rildi chopildi ochildi jo'natildi
Ортақ етіс	теріс ойлас көріс салыс	Birgalik nisbat	terishdi o'ynashdi borishdi yozishdi
Өзгелік етіс	алдырды жаздырды жатқыз қызарт	Orttirma nisbat	oldirdi yozdirdi yotqizdi qizartdi

33-кестенің жалғасы

Рай – Mayl			
Ашық рай	білемін барамын бітті алды	Xabar mayli	bilaman boraman bitdi oldi
Бұйрық рай	жаз оқы айтсын жүрсін	Buyruq-istak mayli	yoz o'qi aytsin yurgin boray/borayin keling/kelingiz
Шартты рай	келсе барса алса білсе	Shart mayli	kelsa borsa olsa bilsa
Қалау рай	барайын алайын айтқым келеді барғысы келеді бармақ болды	Ø	ø
Ø	ø	Maqsad mayli	yozmoqchi o'qimoqchi
Шақ – Zamon			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<i>Шақ түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Zamon turlari</i>	<i>Misollar</i>
Осы шақ – Hozirgi zamon			
Ауыспалы осы шақ	Жауабын білемін. Мен оны ұнатамын. Жауабын біледі. Сен оны ұнатасың.	Hozirgi-kelasi zamon	Savolning javobini bilaman. Men uni yoqtiraman. Savolning javobini biladi. Sen uni yoqtirasan.
Нақ осы шақ	Жауабын біліп тұрмын. Мен оны ұнатып отырмын. Кітап оқып жүрмін.	Aniq hozirgi zamon	Savolning javobini bilib turibman. Men kitob o'qib o'tiribman.

33-кестенің жалғасы

Келер шақ – Kelasi zamon			
Ауыспалы келер шақ	Концертке барамыз. Сыйлықты мен өзім тапсырайын.	Aniq kelasi zamon	Tomoshaga boramiz. Mukofotni men topshiraman.
Болжалды келер шақ	Концертке барармыз. Сыйлықты мен өзім тапсырармын.	Kelasi zamon gumon fe'li	Tomoshaga borarmiz. Mukofotni men topshirarman.
Мақсатты келер шақ	Концертке бармақпыз. Сыйлықты мен өзім тапсырмақпын.	Kelasi zamon maqsad fe'li	Tomoshaga bormoqchimiz. Mukofotni men topshirmoqchiman.
Өткен шақ – O'tgan zamon			
Жедел өткен шақ	Мен оны бүгін көрдім. Әсия да көрді.	Aniq o'tgan zamon	Men uni bugun ko'rdim Ra'no ham ko'rdi.
Бұрынғы өткен шақ	Мен оны бүгін көргенмін. Әсия да көрген.	Uzoq o'tgan zamon	Men uni oldin ko'rganman. Ra'no ham ko'rgan.

34-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі етістіктің сөзжасам жұрнақтары
Qozoq-o'zbek tillarida fe'l yasovchi qo'shimchalar

Етістіктің сөзжасам жұрнақтары Fe'l yasovchi qo'shimchalar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<i>Жұрнақтар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Qo'shimchalar</i>	<i>Misollar</i>
I	T(H)E+p+мыз T(H)E+p+міз T(H)E+ap+мыз T(H)E+ep+міз	оқы+p+мыз бар+ap+мыз біл+ep+міз түзе+p+міз	I	T(Y)F+r+miz T(Y)F+ar+miz	o'qi+r+miz bor+ar+miz bil+ar+miz ishla+r+miz
II	T(H)E+p+сың+ дар T(H)E+p+сің+ дер T(H) E+ap+сың+дар T(H)E+ep+сің +дер	оқы+p+сың+ дар бар+ap+сың+ дар біл+ep+сің+дер түзе+p+сің+дер	II	T(Y)F+r+siz T(Y)F+ar+siz	o'qi+r+siz bor+ar+siz bil+ar+siz ishla+r+siz
III	T(H)E+p T(H)E+p T(H)E+ap T(H)E+ep	бар+ap оқы+p біл+ep түзе+p	III	T(Y)F+r+(lar) T(Y)F+ar+(lar)	o'qi+r+(lar) bor+ar+(lar) bil+ar+(lar) ishla+r+(lar)
Болымсыз түрі – Bo'lishsiz shakli					
<p>а) Болымсыз етістікке -с қосымшасы жалғанып, жіктік жалғауымен түрлену арқылы жасалады; ә) I жақ жекеше түрі болымсыз етістікке -н қосымшасы жалғанып та жасалады.</p>			<p>а) Fe'lga -mas qo'shimchasini qo'shish va shaxs-son qo'shimchalari bilan tushlash orqali hosil qilinadi.</p>		
Ж е к е ш е – B i r l i k					
I	T(H)E+ma/-ba/- pa+c+пын T(H)E+ma/-ba/- pa+n T(H)E+me/-be/- pe+c+пін T(H)E+me/-be/- pe+n	бар+ma+c+пын/ бар+ma+n оқы+ma+c+пын/ оқы+ma+n	I	T(Y) F+mas+man	o'qi+mas+man bor+mas+man bil+mas+man ishla+mas+man

51-кестенің жалғасы

II	T(H)E+ма/-ба/-па+с+сың T(H)E+ме/-бе/-пе+с+сің	бар+ма+с+сың оқы+ма+с+сың түзе+ме+с+сің	II	T(Y)F+mas+san	o'qi+mas+san bor+mas+san bil+mas+san ishla+mas+san
III	T(H)E+ма/-ба/-па+с(+ты) T(H)E+ме/-бе/-пе+с(+ті)	бар+ма+с оқы+ма+с түзе+ме+с	III	T(Y)F+mas	o'qi+mas bor+mas bil+mas ishla+mas
К ө п ш е – К о' р л и к					
I	T(H)E+ма/-ба/-па+с+пыз T(H)E+ме/-бе/-пе+с+піз	оқы+ма+с+пыз түзе+ме+с+піз бар+ма+с+пыз	I	T(Y)F+mas+miz	o'qi+mas+miz bor+mas+miz bil+mas+miz ishla+mas+miz
II	T(H)E+ма/-ба/-па+с+сың+дар T(H)E+ме/-бе/-пе+с+сің+дер	бар+ма+с+сың+дар оқы+ма+с+сың+дар	II	T(Y)F+mas+siz	o'qi+mas+siz bor+mas+siz bil+mas+siz ishla+mas+siz
III	T(H)E+ма/-ба/-па+с(+ты) T(H)E+ме/-бе/-пе+с (+ті)	бар+ма+с оқы+ма+с кел+ме+с+ті	III	T(Y)F+mas+(lar)	o'qi+mas+(lar) bor+mas+(lar) bil+mas+(lar) ishla+mas+(lar)

52-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі мақсатты келер шақ
Qozoq va o'zbek tillarida kelasi zamon maqsad fe'li

Жақ Shaxs	Қазақ тілінде	O'zbek tilida
	Мақсатты келер шақ	Kelasi zamon maqsad fe'li
<i>Болымды түрi – Bo'lishli shakli</i>		
	а) Мақсатты келер шақ етістікке (түбір/негіз) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы жасалады.	а) Kelasi zamon maqsad fe'li -moqchi shaklini shaxs-son qo'shimchalari bilan tushlash orqali hosil qilinadi.

52-кестенің жалғасы

	Ж е к е ш е	B i r l i k
I	бар+мақ+пын кел+мек+пін сат+пақ+пын кет+пек+пін жаз+бақ+пын жүз+бек+пін	bor+moqchi+man kel+moqchi+man sot+moqchi+man ket+moqchi+man yoz+moqchi+man yuz+moqchi+man
II	бар+мақ+сың/бар+мақ+сыз кел+мек+сің/кел+мек+сіз сат+пақ+сың/сат+пақ+сыз кет+пек+сің/кет+пек+сіз жаз+бақ+сың/жаз+бақ+сыз жүз+бек+сің/жүз+бек+сіз	bor+moqchi+san/siz kel+moqchi+san/siz sot+moqchi+san/siz ket+moqchi+san/siz yoz+moqchi+san/siz yuz+moqchi+san/siz
III	бар+мақ кел+мек сат+пақ кет+пек жаз+бақ жүз+бек	bor+moqchi kel+moqchi sot+moqchi ket+moqchi yoz+moqchi yuz+moqchi
Жақ	К ө п т і к	К о ' p l i k
I	бар+мақ+пыз кел+мек+піз сат+пақ+пыз кет+пек+піз жаз+бақ+пыз жүз+бек+піз	bor+moqchi+miz kel+moqchi+miz sot+moqchi+miz ket+moqchi+miz yoz+moqchi+miz yuz+moqchi+miz
II	бар+мақ+сың+дар/ бар+мақ+сыз+дар кел+мек+сің+дер/ кел+мек+сіз+дер сат+пақ+сың+дар/ сат+пақ+сыз+дар кет+пек+сің+дер/ кет+пек+сіз+дер жаз+бақ+сың+дар/ жаз+бақ+сыз+дар жүз+бек+сің+дер/ жүз+бек+сіз+дер	bor+moqchi+siz kel+moqchi+siz sot+moqchi+siz ket+moqchi+siz yoz+moqchi+siz yuz+moqchi+siz

52-кестенің жалғасы

III	бар+мақ кел+мек сат+пақ кет+пек жаз+бақ жүз+бек	bor+moqchi+(lar) kel+moqchi+(lar) sot+moqchi+(lar) ket+moqchi+(lar) yoz+moqchi+(lar) yuz+moqchi+(lar)
Болымсыз түрі – Bo'lishsiz shakli		
Жақ Shaxs	<i>-мақ/-мек,-бақ/-бек,-пақ/-пек</i> қосымшалы етістіктерге емес сөзі тіркесуі арқылы жасалады	<i>-moqchi</i> shaklidagi fe'llarga <i>emas</i> so'zini qo'shish va tushlash orqali hosil qilinadi.
	Ж е к е ш е	B i r l i k
I	бар+мақ емес+пін кел+мек емес+пін сат+пақ емес+пін кет+пек емес+пін жаз+бақ емес+пін жүз+бек емес+пін	bor+moqchi emas+man kel+moqchi emas+man sot+moqchi emas+man ket+moqchi emas+man yoz+moqchi emas+man yuz+moqchi emas+man
II	бар+мақ емес+сің кел+мек емес+сің сат+пақ емес+сің кет+пек емес+сің жаз+бақ емес+сің жүз+бек емес+сің	bor+moqchi emas+san kel+moqchi emas+san sot+moqchi emas+san ket+moqchi emas+san yoz+moqchi emas+san yuz+moqchi emas+san
III	бар+мақ емес кел+мек емес сат+пақ емес кет+пек емес жаз+бақ емес жүз+бек емес	bor+moqchi emas kel+moqchi emas sot+moqchi emas ket+moqchi emas yoz+moqchi emas yuz+moqchi emas
Жақ Shaxs	К ө п т і к	K o' p l i k
I	бар+мақ емес+піз кел+мек емес+піз сат+пақ емес+піз кет+пек емес+піз жаз+бақ емес+піз жүз+бек емес+піз	bor+moqchi emas+miz kel+moqchi emas+miz sot+moqchi emas+miz ket+moqchi emas+miz yoz+moqchi emas+miz yuz+moqchi emas+miz

52-кестенің жалғасы

II	бар+мақ емес+сің+дер кел+мек емес+сің+дер сат+пақ емес+сің+дер кет+пек емес+сің+дер жаз+бақ емес+сің+дер жүз+бек емес+сің+дер	bor+moqchi emas+siz kel+moqchi emas+siz sot+moqchi emas+siz ket+moqchi emas+siz yoz+moqchi emas+siz yuz+moqchi emas+siz
III	бар+мақ емес кел+мек емес сат+пақ емес кет+пек емес жаз+бақ емес жүз+бек емес	bor+moqchi emas kel+moqchi emas sot+moqchi emas ket+moqchi emas yoz+moqchi emas yuz+moqchi emas
	ә) Мақсатты келер шақ етістікке (түбір/негіз) <i>-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек</i> қосымшалары, одан соң <i>-шы/-ші</i> қосымшасы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы да жасалады.	Өзбек тілінде етістікке <i>moq+chi</i> қосымшаларының жалғануы мақсатты келер шақ тудырудың негізгі жолы.
Болымды түрі		
I	бар+мақ+шы+мын кел+мек+ші+мін сат+пақ+шы+мын кет+пек+ші+мін жаз+бақ+шы+мын жүз+бек+ші+мін	bor+moqchi+man kel+moqchi+man sot+moqchi+man ket+moqchi+man yoz+moqchi+man yuz+moqchi+man
II	бар+мақ+шы+сың кел+мек+ші+сің сат+пақ+шы+сың кет+пек+ші+сің жаз+бақ+шы+сың жүз+бек+ші+сің	bor+moqchi+san/siz kel+moqchi+san/siz sot+moqchi+san/siz ket+moqchi+san/siz yoz+moqchi+san/siz yuz+moqchi+san/siz
III	бар+мақ+шы кел+мек+ші сат+пақ+шы кет+пек+ші жаз+бақ+шы жүз+бек+ші	bor+moqchi kel+moqchi sot+moqchi ket+moqchi yoz+moqchi yuz+moqchi

52-кестенің жалғасы

Болымсыз түрі		
I	бар+мақ+шы емес+пін кел+мек+ші емес+пін сат+пақ+шы емес+пін кет+пек+ші емес+пін жаз+бақ+шы емес+пін жүз+бек+ші емес+пін	bor+moqchi emas+man kel+moqchi emas+man sot+moqchi emas+man ket+moqchi emas+man yoz+moqchi emas+man yuz+moqchi emas+man
II	бар+мақ+шы емес+сің кел+мек+ші емес+сің сат+пақ+шы емес+сің кет+пек+ші емес+сің жаз+бақ+шы емес+сің жүз+бек+ші емес+сің	bor+moqchi emas+san kel+moqchi emas+san sot+moqchi emas+san ket+moqchi emas+san yoz+moqchi emas+san yuz+moqchi emas+san
III	бар+мақ+шы емес кел+мек+ші емес сат+пақ+шы емес кет+пек+ші емес жаз+бақ+шы емес жүз+бек+ші емес	bor+moqchi emas kel+moqchi emas sot+moqchi emas ket+moqchi emas yoz+moqchi emas yuz+moqchi emas

§ 17. КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР

Түркі тілдерінде етістік қызметі көмекші етістіктермен тығыз байланысты. Көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке өткен, яғни грамматикалану үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылғанымен, олардың басым бөлігі дербес етістіктер ретінде де кеңінен қолданылады. Көмекші етістіктер қимылдың қалай жасалғанын нақтылы сипаттап, дәл көрсетуде ерекше қызмет атқаратындықтан, көмекші етістіктердің қатысынсыз қимыл, іс-әрекеттің ерекшеліктері толық айқындалмайды. Қазақ-өзбек тілдерінде де бірнеше көмекші етістіктер қолданылады.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі көмекші етістіктер
Qozoq-o'zbek tillarida ko'makchi fe'llar

Көмекші етістіктер қызметінде жұмсалатын етістіктер Ko'makchi fellar vazifasini bajaradigan fe'llar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<i>Көмекші етістіктер</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Ko'makchi fe'llar</i>	<i>Misollar</i>
ал-	жүре алу айта алу оқып алып кету істеп алып кету	ol-	yura olmoq ayta olmoq ko'ra olmoq ishlay olmoq
баста-	билей бастау айғайлай бастау үре бастау сөйлей бастау	boshla-	ayta boshlamoq gapira boshlamoq o'qiy boshlamoq
бар-	азайып барады сарғайып барады ескіріп барады кетіп барады кетіп бара жатыр	bor-	kamayib bormoq o'qib bormoq eskira bormoq ketib boradi
бер-	арта беру азая беру/кеми беру үлкея беру нашарлай беру жақсара беру сала беру сөйлей беру ойнай беру оқи беру	ber-	sanay bermoq o'qiy bermoq ayta bermoq gapira bermoq ko'ra bermoq kula bermoq o'ynay bermoq yig'lay bermoq
бол-	жазып болу айтып болу оқып болу сұрап болу істеп болу	bo'l-	ko'rib bo'lmoq aytib bo'lmoq o'qib bo'lmoq so'rab bo'lmoq yozib bo'lmoq
біт-	айтып біту көріп біту оқып біту ішіп біту	bit-	oqib bitmoq yonib bitmoq sinib bitdi yorilib bitdi

53-кестенің жалғасы

жат-/жатыр-	бара жатыр кетіп бара жатыр оқып жатыр ойнап жатыр күліп жатыр	yotmoq-	ishlab yotmoq o'qib o'tirmoq sochilib yotmoq
жібер-	жағып жіберу суытып жіберу жырлап жіберу/ән салып жіберу	yubor-	yoqib yubormoq sug'irib yubor yog'ib yubor kuylab yubor
кел-	шешек атып келеді іс бітіп келеді жасарып келеді	kel-	qo'shiq aytib keldi ish qilib keldi
кет-	аттап кету жүгіріп кету мініп кету алып кету	ket-	yugirib ketmoq olib ketmoq minib ketmoq yurib ketmoq
қал-	келіп қалу алып қалу беріп қалу бітіп қалу	qol-	kelib qolmoq olib qolmoq berib qolmoq aytib qolmoq
қой-	күліп қою қарап қою күрсініп қою айғайлап қою	qo'y-	kulib qo'yumoq qarab qo'yumoq aytib qo'yumoq baqirib qo'yumoq
отыр-	оқып отыр келіп отыр сөйлеп отыр	o'tir-	o'qib o'tirmoq ko'rib o'tirmoq kulib o'tirmoq
сал-	айта салу асай салу кете салу	sol-	quvib solmoq to'kib solmoq ayta solmoq
таста-	айтып тастау жыртып тастау	tashla-	aytib tashlamoq yirtib tashlamoq
тұр-	келіп тұр оқып тұр ойнап тұр	tur-	kelib turmoq o'qib turmoq o'ynab turmoq
шық-	оқып шығу айтып шығу	chiq-	o'qib chiqmoq aytib chiqmoq
бақ-	айтып бақты әректеніп бақты	boq-	tatib boqmoq so'zlab boqmoq

§ 18. ҮСТЕУ

Түркі тілдеріндегі қимыл-әрекеттің жай-күйін, әртүрлі белгілерін, жүзеге асу амалдарын, мекенін, себебін, мезгілін білдіретін сөз табы – үстеулердің табиғаты тым күрделі, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметі де нақтылы сөйлем мүшелеріне байлаулы емес, негізінен етістікпен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарса, кейде заттанып, бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады.

Үстеулер морфологиялық тұлғасын өзгертуге де бейім келеді, яғни есім сөздерге тән қосымшаларды қабылдап түрленеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі үстеулерді кей жағдайда зат есім, сын есімдерден, есімдіктерден ажыратып алу қиындықтар тудырып жатады. «Кейбір сөздерді белгілі бір сөз табына енгізу мүмкін емес, олар екі немесе үш категория арасындағы ауыспалы бірліктер: 1) зат есім – етістік; 2) етістік – зат есім; 3) зат есім – сын есім; 4) сын есім – зат есім; 5) сын есім – үстеу; 6) зат есім – сын есім – үстеу; 7) үстеу – сын есім – зат есім. Барлық жағдайдағы бастапқы нүктесін лексеманың семантикасы айқындайды, ол сөздің грамматикалық дамуы сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметіне байланысты»³². Жалпы сөз таптарын тұрақтандырғыш тетіктер қызметін морфологиялық көрсеткіштер (аффикстер) атқарады, тұрақтанған сөз таптары үш өлшемге – семантикаға, синтаксиске, морфологияға бағынады. Ал үстеу тудыратын қосымша морфемалар кей жағдайда басқа сөз таптарын жасайтын қосымшалармен, септік категорияларымен, көсемшенің, есімшенің жұрнақтарымен сәйкес келіп жатады. «Үстеудің көпшілігі басқа сөз таптарынан әртүрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан сөздер. Елеусіз ғана мағыналық және морфологиялық өзгеріс арқылы сөз табының әрқайсысы үстеуге айналады»³³.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі үстеулердің құрылымы, сөйлемдегі қызметі бірдей болғанымен, оларды лексика-семантикалық тұрғыдан топтау мәселесінде біраз өзгешеліктер бар. Сондай-ақ қазақ тілінде сын есімдер құрамында қарастырылатын кейбір лексемалар өзбек тілінде үстеулерге жатқызылады.

³² Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М.: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 27.

³³ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 181-182 б.

Қазақ-өзбек тілдерінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан түбір (негізгі) үстеулер/*tub ravishlar*, туынды үстеулер/*yasama* және күрделі үстеулер/*qo'shma ravishlar* болып үшке бөлінеді.

Түбір үстеу/Tub ravishlar морфемалық құрамы жағынан бөлшектеуге келмейтін (синхронды тіл білімі бойынша) сөздерден жасалады. Қазақ тіліндегі негізгі үстеулерге *әрең, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен, дереу, кері, нақ, нағыз, дәл, түгел, мүлде*, т.б. сөздері, өзбек тіліндегі *tub ravishlarga hozir, asta, sekin, tez, `mez`, uzoq, yaqin, erta, boya, ko'p, oz, darhol*, т.б. сөздері жатады.

Туынды үстеу/Yasama ravish басқа сөз таптарынан арнайы қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Қазақ-өзбек тілдеріндегі туынды үстеулер кейбір септік жалғауларын қабылдаған сөздердің адвербиалдануы арқылы да жасалады. Қазақ тіліндегі туынды үстеулер: *қатарлай, қазақша, босқа, түнде, баяғыда, қапыда, лезде, шетінен, шалқасынан, қырынан*, т.б. Өзбек тіліндегі *yasama ravishlar erkakcha, tiriklay, yillab, oylab, qahramonlarcha, qisman, mardona*, т.б.

Күрделі үстеу/Qo'shma ravish – екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы қалыптасқан үстеулер. Қазақ тіліндегі күрделі үстеулер үш түрлі жолмен жасалады: 1) Басқа сөз таптарының бірігуі, кірігуі нәтижесінде пайда болған үстеулер: *бүгін, биыл, жаздыгүні, қыстыгүні, ендігәрі*, т.б.; 2) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер: *бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, оқта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапатармағай, аз-аздап, күні-түні*, т.б.; 3) Сөздердің тіркесуі мен идио-маланған тіркестер: *алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ілгері, күн ұзаққа*, т.б.³⁴

Өзбек тілінде күрделі үстеулер жасалу жолына байланысты төмендегі түрге бөлінеді: 1) Сөздердің бірігуі арқылы жасалған үстеулер: *biroz, hamma vaqt, bir zamon*, т.б.; 2) Екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған қосарлы үстеулер (жүп рәуишлер): *asta-sekin, esonoton*, т.б.; 3) Сөздердің қайталануы арқылы пайда болған күрделі үстеулер: *күннен-күнге, өзінен-өзі, қолма-қол*, т.б. Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі: *күні бойы, бір қалыпты*, т.б.

³⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 546-б.

Қазақ тілінде семантикалық жағынан үстеулер сегіз топқа бөлінеді: мезгіл үстеулері, мекен үстеулері, мөлшер үстеулері, сынқимыл (бейне) үстеулері, күшейтпелі үстеулер, мақсат үстеулері, себеп-салдар үстеулері, топтау үстеулері. Өзбек тілінде үстеулер алты семантикалық топқа жіктеледі: уақыт үстеулері (*payt*), орын (*o'rin*), қимыл-бейне (*holat*), мөлшер-дәреже (*miqdor-daraja*), себеп (*sabab*) мақсат (*maqсад*).

Мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерінің кейбірі шырай жұрнақтарын қабылдайды. Шыраймен түрленетін үстеулердің табиғаты сын есімдерге өте жақын болып келеді. Қазақ-өзбек тілдеріндегі үстеулер шырай формасының екі түрімен –салыстырмалы/*qiyosiy* және күшейтпелі/*orttirma* шыраймен түрленеді. Қазақ тіліндегі үстеудің салыстырмалы шырайы *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек* және *-дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу* қосымшалары арқылы, өзбек тілінде *-roq* аффиксі арқылы жасалады: *tezroq o'qi`tezірек оқы`*. Күшейтпелі шырай қазақ тілінде *өте, тым, аса, орасан*, т.б. сөздері арқылы, өзбек тілінде *juda, g'oyat, eng, nihoyatda*, т.б. сөздері негізінде жасалады: *өте тез жүрді – juda tez yurdi*.

Кейбір үстеулер тәуелдік, септік, жіктік жалғауларымен түрленеді. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы негізінен белгілі бір коммуникативтік қызмет өрісінде қолданылады. Қазақ тілінде үстеулер пысықтауыш, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады. *O'zbek tilida – hol: U yaxshi o'qiydi`Ол жақсы оқиды`. `Өте әдемі ән салды`. Biroz ishlab, keyin dam olmoqchi bo'ldim`Біраз жұмыс істеп, демалайық деп шештік`;* баяндауыш қызметінде сирек қолданылады: *Eng uzoq kun – bugun,`Ең ұзақ күн – бүгін`;* бастауыш (зат есім орнына жұмсалғанда): *Oz ko'pga bo'ysunar`Аз көпке бағынар`;* толықтауыш: *Oz ko'pga bo'ysunar,`Аз көпке бағынар`.*

Қазақ және өзбек тілдеріндегі үстеулер қатарына жатқызылатын лексемалар әрдайым сәйкес келе бермейді, өзбек тіліндегі кейбір үстеулер қазақ тілінде сын есімдер қатарында қарастырылады.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі үстеулер
Qozoq-o'zbek tillarida ravishlar

Үстеу – Ravish			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Үстеулердің құрылымы – Ravishlarning tuzilishi			
Түбір/ негіз	жылдам, әрең, әдейі, жорта, әзір, әлі, бұрын, қасақана, ұдайы, ақырын, ерте, кеш, жоғары, төмен, қазір, үнемі, дереу, жаңа, енді, шапшаң, бағана, ілгері, әрі, бері, мана, ылғи, бекер, кері, нағыз, дәл, өте, тым, аса, мүлде, оқыс, түгел, т.б.	Tub	ko'p, tez, hamisha, oz, sekin, aslo, kech, hozir, qo'qqisdan, bexosdan, yayov, piyoda, darhol, bugun, kecha, avval, doim, ancha, picha, sal, atay, ataylab, qasddan va b.
Туынды	ақшалай, қатарлай, қазақша, менше, сенше, түнде, күнде, баяғыда, босқа, артқа, текке, кешке, әзірге, бірге, бекерге, қапыда, лезде, әрмен, бермен, ерекше, шегінен, қырынан, төтеден, шалқасынан, етпетінен, көлденеңінен, ұзынынан, кенеттен, т.б.	Yasama	tiriklay, o'zbekcha, yillab, do'stlarcha, qahramonona, fidokorona, taxminan, majburan, yangicha, eskicha va b.
Күрделі	а) кіріккен және біріккен үстеулер: биыл, бүгін, жаздыгүні, қыстыгүні, ендігәрі, екіталай, т.б.; ә) қосарлы үстеулер: ертелі-кеш, бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, оқта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапа-тармағай, аз-аздап, күні-түні, т.б.; б) сөздердің тіркестері мен идиомаланған тіркестерден жасалған үстеулер: алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ұзаққа, әлі күнге, т.б.	Qo'shma	а) qo'shma ravishlar: birpas, bir yo'la, har doim, har on, biroz, hech qchon, hech vaqt, bir lahza, shu kecha va b. б) juft ravishlar: ahyon-ahyon, qo'lma-qo'l, asta-sekin, ochiq-oydin, eson-omon, uzil-kesil va b. в) takroriy ravishlar: yakkama-yakka, birma-bir, yildan yilga, o'zidan o'zi va b.

54-кестенің жалғасы

Үстеулердің семантикалық топтары – Ravishlarning semantik guruhlari			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Үстеу түрінің аты (сұрақтары)	Мысалдар	Ravish turlari	Misollar
Мезгіл үстеулері қашан? қашаннан?	ала жаздай, бүгін, биыл, ертең, енді, таңертең, кеше, кешке, күндіз, түнде, қыстыгүні, қыстай, жаздай, әуел баста, биылша, бүгінше, әзірше, жазда, қыста, күзде, көктемде, күнде, лезде, ілуде, бағанадан, баяғыдан, ертемен, ертелі-кеш, апақ-сапақта, жазғытұрым, кешқұрым, іңірде, таң сәріде, жаз бойы, т.б.	Payt ravishlari: qachon? qachondan boshlab? qachon-gacha?	bugun, kecha, kech-qurun, keyin, so'ng, endi, hozircha, so'ngra, hanuz, hamisha, doimo, hamon, dastlab, erta-indin, qishin-yozin, kecha-kunduz
Мекен үстеулері: қайда? қайдан?	әрі, бері, әрмен, алға, артқа, артта, тысқары, ішкері, ілгері, төмен, жоғары, ілгері, осында, мұнда, кері, алды-арты, әрі-бері, жолшыбай, жол-жөнекей, т.б.	O'rin ravishlari: qayerga? qayerda? qayerdan?	olg'a, ichkari, tashqari orqaga, yuqoriga
Мөлшер үстеулері: қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша?	сонша, осыншама, мұнша, анағұрлым, сондайлық, бірен-саран, бірлі-жарым, азды-көпті, некен-саяқ, едәуір, бірталай, біраз, бірқыдыру, бірсыпыра, т.б.	Miqdor-daraja ravishlari: qancha? necha? qanchalab? nechalab?	biroz, bir qancha, birmuncha, bir talay, oz, ko'p, sal, picha, xiyol, kam, ancha

54-кестенің жалғасы

Сын-қимыл (бейне) үстеулері: қалай? қайтіп? қалайша? кімше?	ақырын, тез, шапшаң, шалқасынан, әзер, зорға, оқыс, дереу, өзінше, қапыда, лезде, үнемі, бостан-бос, ерекше, емін-еркін, өзгеше, тікелей, ретімен, кезекпен, жайымен, астыртын, жасырын, үстіртін, бірден, біржола, жападан-жалғыз, жайбарақат, беймарал, қолма-қол, тікелей, зым-зия, көйлекшен, ауызша, жазбаша, қазақша, т.б.	Holat ravishlari: qanday? qay tarzda? qanday qilib?	jim, yayov, chindan, qo'qqisdan, to'satdan, piyoda, majburan, tasodifan, astoydil, eskicha, qatorasiga, birma-bir, yakkama-yakka, yonma-yon, bafurja, arang, zo'rg'a, mardlarcha v.b
Күшейтпелі үстеулер	ең, тым, өте, әбден, мүлде, кілең, өңкей, орасан, нағыз, керемет, т.б.	ø	ø
Мақсат үстеулері: не мақсатпен?	арнайы, әдейі, жорта, қасақана, әдейілеп, арнайылап, т.б.	Maqsad ravishlari: nega? nima maqsadda?	atay, ataylab, qasddan, jo'rttaga
Себепсалдар үстеулері: неге? не себепті?	босқа, бекерге, текке, лажсыздан, амалсыздан, құр босқа, шарасыздан, т.б.	Sabab ravishlari: nega? nima sababdan?	noiloj, noilojlikdan, ilojsizdan v.b
Топтау үстеулері: қаншадан? нешеден?	аздап, біреулеп, бір-бірлеп, екеулеп, жекелеп, көптеп, қос-қостап, топтап, жүздеп, мыңдап, т.б.	ø	ø
Үстеулердің шырай жұрнақтарын қабылдауы – Ravish darajalanishi			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<i>Үстеулердің шыраймен түрленуі</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Ravishning darajalanishi</i>	<i>Misollar</i>
Жай шырай	шапшаң жүреді алға шықты тез аттайды	Oddiy daraja	hozir, keyin, ko'p, oz, tez

54-кестенің жалғасы

Салыстыр-малы шырай	шапшаңырақ жүреді алғарақ шықты тезірек аттайды	Qiyosiy daraja	sekinroq, ko'proq, tez-roq, qisqaroq, ilgariroq
Күшейт-пелі шырай	өте шапшаң жүреді ең алға шықты өте тез аттайды	Ortfirma daraja	juda ko'p, go'yat tez, tag'in ko'p, tip-tikka, bab-baravar
Қолданысы – Qo'llanilishi			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Пысықтауыш	Біраз істеп, демалайық деп шештік.	Hol	Biroz ishlab, dam olaylik.
Баяндауыш	Күннің ең әдемісі – бүгін.	Kesim	Kunning eng ahamiyatlisi – bugun.
Бастауыш	Еріншектің ертеңі бітпес.	Ega	Ishyoqmasning ertasi tugamas.
Толықтауыш	Бірталайын бүгін көрдім.	To'ldiruvchi	Bir qanchasini bugun ko'rdim.

§ 19. ШЫЛАУ

Шылау сөздерге ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы төркіндерінен біржола қол үзіп, дербестігінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан көмекші сөздер жатады. Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстейтін, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылауларда аз да болса лексикалық мағынаның нышаны болғанымен, онда қалыптасқан негізгі қасиет – грамматикалық мағыналар. Сол грамматикалық мағыналары өзі үшін емес, өзіне тән формалары арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер ретінде жұмсалады да, сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

Қазақ тіліндегі шылаулар грамматикалық мағыналары мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер.

Өзбек тілінде шылау түрлері көмекші (ko'makchi) сөз таптарына жататын жеке-жеке сөз таптары түрінде қарастырылады: bog'lovchilar `жалғаулықтар`, ko'makchilar `септеуліктер`, yuklamalar `демеуліктер`. Өзбек тіліндегі bog'lovchilar `жалғаулықтар` сөз бен сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етеді. Qo'llanilishiga ko'ra/Құрылымына қарай бөлінуі:

1) yakka bog'lovchilar / дара жалғаулықтар: va `және`, ammo `бірақ`, chunki `себебі`, yo `я, яки, немесе`;

2) takror bog'lovchilar / қайтанатын жалғаулықтар: yo...yo `я... я`, dam... dam `кей-кейде`, goh... goh `ара-арасында`.

Өзбек тіліндегі жалғаулықтар сөйлемде атқаратын қызметтеріне қарай teng bog'lovchilar (салаластырғыштық) және tobe bog'lovchilar (сабақтастырғыштық) болып бөлінеді.

Teng bog'lovchilar (салаластырғыштық) іштей келесі топтарға бөлінеді: а) biriktiruvchi bog'lovchilar (ыңғайластық): va, hamda, ham, bilan, -u, -yu, -da; zidlov bog'lovchilari (қарсылықты): ammo, lekin, biroq, balki, -u, -yu, -da; в) ayiruv bog'lovchilari (талғаулықты): yo, yoki, yo...yo, bir...bir, goh...goh, ba'zan...ba'zan, dam...dam, т.б; г) inkor bog'lovchilar (қарсылықты): na...na.

Ergashtiruvchi bog'lovchilar (сабақтастырғыштық): а) sabab bog'lovchilari: chunki, negaki, zeroki, shuning uchun, shu sababli; б) aniqlov bog'lovchisi: ya'ni, -ki, т.б. в) shart bog'lovchilari: agar, agarda, basharti, mabodo, garchi, gar, т.б.

Өзбек тіліндегі ko'makchilar (септеулік шылаулар) көбінесе көп мағыналы болып келеді. Өзбек тіліндегі септеуліктер келесі топтарға ажыратылады:

а) Атау және ілік септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: bilan `мен`, uchun `үшін`, kabi, yanglig', singari, `сияқты, секілді, тәрізді`, tarzda `сияқты, тәрізді`, orqali `арқылы`, bo'yi, bo'yicha `бойынша, бойында`, sayin, to'g'risida, haqida `жайында, жөнінде` shu singari `бұл секілді`; men kabi `мен сияқты`; sen va onam uchun `сен және апам үшін`;

ә) Барыс септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: tomon `қарай, таман`; yarasha, asosan `сай, сәйкес`, qarab `қарай,

таман`; *qaraganda, qaramasdan* `қарағанда, қарамастан`: *maktabga tomon* `мектепке таман`; *bizga qarab* `бізге қарай`;

б) Шығыс септігіндегі сөздерді басқарып тұратын септеуліктер/ko'makchilar: *keyin, bo'lak, boshqa, o'zga, tashqari, buyon, oldin, boshlab, avval*;

Өзбек тілінде *osti* `асты`, *usti* `үсті`, *bosh* `бас`, *yoni* `жаны`, *yoq* `жақ`, *tashqari* `тыс, ichkari `іш`, *oldi* `алды`, *orasi* `арасы`, *o'rta* `орта`, т.б. уақыт және орын мәнді сөздер септеулік шылаулардың қызметінде жиі қолданылады. Олар тәуелдік жалғауының үшінші жақ көрсеткіштері *-bi, -e, -si, -cu* аффикстерін жалғайды:

Орын мәні/o'rin-joy ma'nosi: *javonning oldiga qo'y* `шкафтың алдына қой`, *javonning oldidan ol* `шкафтың алдынан ал`, *javonning oldida turibdi* `шкафтың алдында жатыр`, *o'yinchoqlar orasida turibdi* `ойыншықтар арасында тұр`, *javonning ortidan izla* `шкафтың артынан ізде`, *javonning ortidan ol* `шкафтың артынан ал`, *javonning ortida turibdi* `шкафтың артында тұр`, *stolning ostiga qo'y* `үстелдің астына қоя сал`, *stolning ostidan ol* `үстелдің астынан ал`, *stolning ostida turibdi* `үстелдің астында жатыр`, *maktabga qarama-qarshi* `мектепке қарама-қарсы`, *stolning ustida* `үстелдің үстінде`, *yo'lning o'rtasidan kelyabdi* `жолдың ортасында келе жатты`, *uyning yonginasida* `үйдің іргесінде`, *uyning ichida* `үйдің ішінде`, *o'rmonning ichida* `орман іші`, *uyning yonidan* `үйдің жанынан`, *uyning yonidan* `үйдің жанында`, *talabalar orasida* `студенттердің арасында`.

Бағыт-бағдар мәні /yo'nalish ma'nosida: *maktabga tomon (qarab, sari) ketdi* `мектепке қарай кетті`; *javonning ichidan ol* `шкафтың ішінен ал`; *javonning ichida turibdi* `шкафтың ішінде жатыр`; *javonning ichiga qo'y* `шкафтың ішіне сал`; *javonning yoniga bor* `шкафтың жанына бар`; *javonning yonidan ket* `шкафтың жанынан кет`.

Уақыт және аралық мән /payt va masofa ma'nosida: *kun bo'yi* `күн бойы` *darsdan so'ng* `дәрістен соң`, *ertalabdan beri* `таңертеңнен бері/азаннан бері`, *kechqurunga tomon* `кешке таман, кешке қарай`. Септеуліктер құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруда да кеңінен қолданылады.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі шылаулардың жіктелуі әрдайым сәйкес келе бермейді. Мысалы, өзбек тілінде шарттылық жалғаулықтар ажыратылмайды, ал қазақ тілінің академиялық грамматикасында қарсылықты /inkor/ жалғаулықтар жеке қарастырылмайды.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі жалғаулықтар
Qozoq-o'zbek tillaridagi bo'g'lovchilar

Жалғаулықтар – Bo'g'lovchilar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
<p>Жалғаулықтар тең дәрежедегі бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстырып, олардың арасындағы әртүрлі қатынастарды білдіреді. Олар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болып, оларды бір-бірімен жалғастыру үшін қолданылады.</p>		<p>Gap bo'laklari va qo'shma gap tarkibidagi sodda gaplarni bir-biriga bog'lash uchun xizmat qiladigan yordamchi so'zlar.</p>	
Жалғаулықтардың құрылымы – Bo'g'lovchilarning tuzilishiga ko'ra turlari			
<i>Жалғаулық шылаулар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Bo'g'lovchilar</i>	<i>Misollar</i>
Дара	және, мен/бен/пен, яғни, себебі, бірде, болмаса, сондықтан, егер, мейлі, бірде, т.б.	Yakka	va, hamda, biroq, ammo, lekin, yoki, chunki, agar, negaki, basharti, mabodo v.b
Күрделі	не болмаса, сол себепті, неге десең, онда да, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, сондықтан да, т.б.	Takror	yo... yo, dam... dam, goh... goh, bir...bir, ba'zan... ba'zan, dam... dam va b.
Жалғаулықтардың түрлері – Bog'lovchilarning turlari			
<i>Жалғаулықтардың түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Bog'lovchilarning turlari</i>	<i>Misollar</i>
Ыңғайластық жалғаулықтар: мен/бен/пен, менен/бенен/пенен, да/де/та/те, және, әрі, һәм	Анасы мен Сәлима ұзақ сөйлесіп отыр.	Biriktiruv bo'g'lovchilari: va, hamda, bilan, ham, -u, -yu, -da v.b.	Onasi bilan Salima uzoq gaplashib o'tirdi.

55-кестенің жалғасы

<p>Қарсылықты жалғаулықтар: яки, бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, әйтпесе, әйткенде, дегенмен, онда да, сонда да, сөйтсе де</p>	<p>Ақшасы жоғын біле тұра, сонда да өзі байқамай қолын қалтасына салды.</p>	<p>Zidlov bog'lovchilari: ammo, lekin, biroq, balki, -u, -yu, -da v.b.</p>	<p>Temirchiman, ammo mohir usta emasman.</p>
<p>Талғаулықты жалғаулықтар: Әлде, біресе, кейде, я, яки, мейлі, бірде, болмаса, не, немесе, болмаса, не болмаса, құй</p>	<p>Біресе мен барамын, біресе ол барады.</p>	<p>Ayiruv bog'lovchilari: yo, yoki, yo...yo, bir...bir, goh...goh, ba'zan...ba'zan, dam...dam va b.</p>	<p>Yo sen borasan, yo men boraman.</p>
<p>Қазақ тілінің академиялық грамматикасында қарсылықты /inkor/ жалғаулықтар жеке қарастырылмайды</p>		<p>Inkor bog'lovchisi: na...na.</p>	<p>Unda na daftar bor, na kitob.</p>
<p>Себептік жалғаулықтар: себебі, өйткені, неге десең</p>	<p>Уақытыңда келе алмадым, себебі жұмыс көп болды.</p>	<p>Sabab bog'lovchilari: chunki, negaki, zeroki</p>	<p>Vaqtida kela olmadim, chunki ishim ko'p edi.</p>
<p>Себеп-салдарлық жалғаулықтар: сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені</p>	<p>Іс көп болды, сондықтан келе алмадым. Іс көп болды сол себепті уақтылы келе алмадым.</p>	<p>Aniqlov bog'lovchilari: ya'ni, -ki, -kim</p>	<p>Bu so'zlar adabiy ilmlarni, ya'ni til va adabiyot bilan bog'liq ilmlarni anglatadi.</p>
<p>Шарттық жалғаулықтар: егер, егерде, алда-жалда, онда</p>	<p>Егер мен келе алмасам, өздерің жалғастырасыңдар.</p>	<p>Shart bog'lovchilari: agar, agarda, basharti, gar, mabodo, garchi</p>	<p>Agar men kele olmasam, o'zlarngiz davom etinglar.</p>

Қазақ-өзбек тілдеріндегі септеуліктер
Qozoq-o'zbek tillaridagi ko'makchilar

Септеуліктер – Ko'makchilar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Септеуліктер сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра байланыстырады, өзі қатысты сөздің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әртүрлі грамматикалық қатынастарды білдіреді.		Ot va otlashgan so'zlardan keyin kelib, ularni boshqa so'zlarga tobelanish yo'li bilan bog'laydigan yordamchi so'zlar.	
Септеуліктердің түрлері – Ko'makchilarning turlari			
Септеуліктердің түрлері	Мысалдар	Ko'makchilar	Misollar
Атау септігін меңгеретін септеуліктер: арқылы, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, сияқты, секілді, бойы, бойда, бойынша, үшін, бойымен, сайын, ғұрлы, шамалы, шақты, қаралы.	Осы сияқты (секілді, тәрізді) Мен сияқты (секілді) Сен және апам үшін	Bosh kelishigidagi so'zlarga qo'shiladigan ko'makchilar: bilan, kabi, singari, uchun, sari, sayin, bo'ylab	shu kabi opam uchun sen ham opam uchun opam haqida
Барыс септігін меңгеретін септеуліктер: дейін, шейін, төмен, қарай, қарап, қарсы, салым, тарта, жуық, таяу.	Мектепке дейін. Бізге қарай.	Jo'nalish kelishigidagi so'zlarga qo'shiladigan ko'makchilar: ko'ra, qaramay, yarasha, asosan, doir, muvofiq	shunga ko'ra yoshiga yarasha ishiga doir
Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер: бері, кейін, соң, бұрын, бетер, гөрі, әрі, бөлек, өзге	Дәрістерден соң. Содан бері. Бұдан бетер. Менен бұрын.	Chiqich kelishigidagi so'zlarga qo'shiladigan ko'makchilar: keyin, bo'lak, boshqa, o'zga, tashqari, buyon, oldin, boshlab, avval	Bir yildan beri. Shundan keyin.
Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер: қатар, бірге, қабат, қоса	Атқарумен қатар. Мұнымен бірге. Оған қоса.	Qaratqich kelishigidagi so'zlarga qo'shiladigan ko'makchilar: old, ost, ust	uyning oldida stolning ostida

Қазақ-өзбек тілдеріндегі демеуліктер
Qozoq-o'zbek tillaridagi yuklamalar

Демеуліктер – Yuklamalar			
Қазақ тілінде		О'zbek tilida	
Демеуліктер өздері тіркесетін сөздерге әртүрлі қосымша мағына (реңк) үстейді.		Yuklamalar so'zga, so'z birikmasiga, gapga har turli qo'shimcha ma'no qo'shib keladi.	
<i>Демеулік түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Yuklamaning turlari</i>	<i>Misollar</i>
Сұраулық демеуліктер: ма/ме, ба/бе, па/пе, ше	Сіз оның ұлысыз ба?	So'roq yuklamalari: -mi, -chi, -a, -ya	Siz uning bolasi-sizmi?
Күшейтпелі демеуліктер: -ақ,-ау, -ай, да, (де, та, те) шы, ші	Біреуі де келмеген.	Kuchaytiriv-ta'kid yuklamalari: hatto, -ku, ham, nahotki, -u (-yu), -da, -oq (-yoq), axir, g'irt	Hatto u ham kelmadi.
Нақтылау демеуліктері: қой /ғой, -ды /-ді, -ты/-ті	Айттым ғой. Айттық қой. Айтты ғой.	-	-
Шектеу демеуліктері: қана (ғана), -ақ, тек	Ол ғана біледі.	Ayriv-chegaralov yuklamalari: faqat, -gina (-kina, -qina), atigi	Bu sirni faqat u biladi.
Болжалдық демеуліктер: -мыс, (-міс), -ау	Ол бұл туралы біледі-ау.	Gumon yuklamasi: -dir	U o'sha sirni bilgandir.
Болымсыздық демеуліктер: түгіл, тұрсын, тұрмақ	Ол түгіл, біз де естімедік. Ол былай тұрсын, сені де көзге ілмеді.	Inkor yuklamalari: hech, sira, na... na	U sira gapirma-di.
Қомсыну мәнді демеулік: екеш	Құс екеш құс та балапанын тастамайды.	O'xshatish-qiyoslash yuklamalari: go'yo, go'yoki, xuddi, naq	U xuddi bizlarga o'xshaydi.

§ 20. МОДАЛЬ СӨЗДЕР

Модаль сөздер тілдегі модальдылық және предикаттық құбылыстармен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынасын білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдық қатынас болады³⁵. Сөйлеушінің хабарды, ақпаратты қалай түсінуі, ақиқат шындыққа деген көзқарасы, өз тарапынан берілген сипаттамасы модальдылық қатынастың мәнін құрайды. Демек, модаль сөздер сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасын сипаттайды.

Модаль сөздер түркі тілдерінде негізінен көмекші сөздер қатарына жатады, қазақ тілінде де көмекші сөздер ретінде қарастырылады. Модаль сөздердің заттық-дербестік мағынасы болмайды, олардың семантикалық сапасы модальдылықты білдіретін грамматикалық мағынамен сабақтасып жатады.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдары: 1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: *қысқасы, ыңғайы*; 2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айырылу нәтижесінде пайда болады: *шын, рас*; 3. Предикаттық функциясынан айырылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: *көрінеді, дейді, деседі, білем*; 4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: *мүмкін*; 5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: *сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті*; 6. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер арқылы жасалады: *бәлки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, лазым, ықтимал, мүмкін, рас*³⁶.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің мағыналық топтары:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар*;

³⁵ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 567-б.

³⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 571-б.

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен *-у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс* аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *дейді*;

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *рас, расында, шынында, анығында*;

5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін)*;

6. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын*;

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: *екен*;

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әрине, әлбетте* ³⁷.

Өзбек тіліндегі модаль сөздер төмендегі топтарға бөлінеді:

1. Айтылған ой-пікірдің анықтығын, дұрыстығын нақтылап, сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *albatta, haqiqatan, shubhasiz, darhaqiqat, rostdan, o'z-o'zidan, so'zsiz: Darhaqiqat, bizlar ko'p yillardan beri qo'shnimiz. `Асылында/шыңдығында, біз көп жылдардан бері көршіміз/ қоңсымыз`.*

2. Күмәнді, сенімсіздікті, дүдәмалдықты, болжамды білдіретін модаль сөздер: *ehtimol, shekilli, balki, aftidan, chamasi, hoynahoy, chog'i: Balki, Zulfiya o'sha mashinada kelar? `Бәлкім, осы машинамен Гүлдан келер?`.*

3. Айтылған пікірге эмоционалды қатынасты үстеуші модаль сөздер: *attang, afsus, baxtinga, baxtga qarshi, xayriyat, afsuski, ajabo*, т.б.

4. Пікірдің тосыннан айтылғанын немесе аяқ астынан еске түскенін білдіретін модаль сөздер: *aytganday, aytmoqchi, zotan: Aytganday, sizga bir iltimosim bor `Айтпақшы, сізден бір өтініш бар`.*

5. Бір пікірді екінші пікірге жалғастыруды негіздейтін модаль сөздер: *masalan, jumladan, chunonchi: Men, masalan, ularga unchalik ishonmauman `Мен, мәселен, оларға сене бермеймін`.*

6. Пікірдің айтылу тәртібін, ізбе-ізділігін, сабақтастығын білдіруші модаль сөздер: *birinchidan, ikkinchidan, avvalo, avvalambor, nihoyat*.

7. Пікір иесінің кім екенін білдіруші модаль сөздер: *menimcha, sizningcha, aytishlaricha, anglashimcha*, т.б.

³⁷ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 577-б.

8. Бір пікірдің екінші пікірге қарама-қарсылығын білдіретін модаль сөздер: *aksincha*, т.б.

9. Нәтижені, тұжырымды, қорытындыны білдіретін модаль сөздер: *demak, xullas, utiman, binobarin, qisqasi*, т.б.

10. Айқындаушы сөздер: *xususan, ayniqsa (әсіресе), asosan (негізінен)*, т.б.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі модаль сөздерді топтастыру, оларға жатқызылатын сөздер толық сәйкес келе бермейді.

58-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі модаль сөздер
Qozoq-o'zbek tillaridagi modal so'zlar

Модаль сөздер – Modal so'zlar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Модаль сөздердің мәні	Мысалдар	Modal so'zlarning ma'nolari	Misollar
Қостау, растау мәнді модаль сөздер	рас, расында, расымен, шынында, шынымен, анығында, т.б.	Fikrning aniqligi, haqiqatligi, to'g'riligini, tastiqlik va ishonch bildiruvchi modal so'zlar	albatta, haqiqatan, shubhasiz, darhaqiqat, rostdan, o'z-o'zidan, so'zsiz
Сенімділік мәнді модаль сөздер	әрине, әлбетте		
Міндеттілік мәнді модаль сөздер	керек, қажет, тиіс, лазым/ләзім	Zarurat ma'nosini bildiradigan modal so'zlar	kerak, lozim, darkor, shart
Болжал мәнді модаль сөздер	сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, бәлки (бәлкім), ықтимал, кәдік, болар, шығар, білем, мүмкін, тәрізі, т.б.	Gumon, taxmin ma'noli modal so'zlar	ehtimol, shekilli, balki, aftidan, chamasi, hoynahoy, chog'i

58-кестенің жалғасы

Тілек, қалау мәнді модаль сөздер	-са/-се +екең, -са/-се+деймін аналитикалық формасы арқылы жасалады: мені шақырса деймін/ екең.	ø	ø
Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер	дейді	Fikrning kimga qarashli ekanligini bildiruvchi modal so'zlar	menimcha, sizningcha, aytishlaricha, anglashimcha
Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер	кім біледі, -ар ма +екең, -са +неғылсын.	ø	ø
Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер	екең	ø	ø
ø	ø	Hissiy munosabat bildiruvchi modal sozlar	attang, afsus, baxtinga, baxtga qarshi, xayriyat, afsuski, ajabo, esiz.
ø	ø	Fikrning dalillanishini bildiruvchi modal so'zlar:	masalan, jumladan, chunonchi
ø	ø	Fikr tartibini bildiradigan modal so'zlar:	avvalo, avvalam- bor, qolaversa,
ø	ø	Fik xulosasi ma'nosini bildiradigan modal so'zlari:	demak, nihoyat, xullas, umuman.

§ 21. ЕЛІКТЕУІШ

Табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе тіршілік иелерінің дыбыстау мүшелерінен шығатын әр қилы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады: *арс, гүрс, сырт, тарс, шарт, дүңк, бырт, шаңқ, жалт-жұлт, арбаң-арбаң, ербелең-ербелең, бүгжең-бүгжең, далаң-далаң, тарбаң-тарбаң, маң-маң, алба-жұлба*, т.б. Қазақ-өзбек тілдерінде еліктеуіштер/*taqlid* жеке сөз табы ретінде қарастырылады.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі еліктеуіш сөздер жеке сөздерден немесе қос сөздерден тұрады, сондықтан еліктеуіштер құрылымына қарай *дара* және *күрделі* болып бөлінеді. Қос сөздерден жасалған еліктеуіштер өзбек тілінде қосарлама еліктеуіш сөздер деп аталады.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: *еліктеуіш* және *бейнелеуіш* сөздер. Еліктеуіш сөздер – табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың, жан-жануарлардың, адамның дыбыстарын сипаттайтын сөздер: *сарт-сұрт, тырс-тырс, қарқ-қарқ, іңгә-іңгә*, т.б. Сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы немесе дауыссыз фонемалардың қатаң не ұяң болып келуі еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, еліктеуіш сөздердің негізіне алынған дыбыстардың сапалық ерекшеліктерін – қарқындылығын, бәсеңділігін, т.б. ажыратуға мүмкіндік береді.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы, қоршаған ортадағы түрлі іс-әрекеттер мен құбылыстардың, заттардың, жан-жануардың, адамның сыртқы көрінісін, келбетін, пішінін және қимыл-қозғалысын бейнелейтін сөздер тобы: *жалп-жалп, жалт-жұлт, қорбаң-қорбаң, былқ-сылқ*, т.б. Қазақ тіліндегі еліктеуіштер дербес сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай атауыш сөздер қатарынан орын алады.

Өзбек тіліндегі еліктеуіштер де семантикалық уәжіне байланысты дыбысқа еліктеуіш сөздер/*tovushga taqlid so'zlar* және көрініске еліктеуіш сөздер/*holatga taqlid so'zlar* болып бөлінеді. *Tovushga taqlid so'zlar*: *gumbur-gumbur, shov-shuv, duv-duv, qars-qars, tap, sharaq, shalop, shitir-shitir, taqir-tuqur, gup, taka-tum-tak, miyov-miyov, shov-shuv*,

taq-tuq т.б. *Holatga taqlid so'zlar: lip-lip, jimir-jimir, yalt-yult, lapang-lapang, dik-dik, g'ir-g'ir, dir-dir, dag'-dag'*, т.б.

Имитатив негізді түбірлер сөзжасам жұрнақтарын белсенді түрде қабылдай отырып, есім сөздер мен етістіктер жасайды, *ет-көмекші* етістігін жалғап күрделі етістіктер тудырады.

59-кесте

Қазақ-өзбек тілдеріндегі еліктеуіштер
Qozoq-o'zbek tillaridagi taqlid so'zlar

Еліктеуіш – Taqlid so'zlar			
Қазақ тілінде		O'zbek tilida	
Еліктеуіштердің құрамы – Taqlid so'zlarning tuzilishi			
Дара (түбір/негіз)	жарқ, жалт, жылт, тарс, дүрс, т.б.	Yakka taqlid so'zlar:	yalt, jilpang, sharaq, yarq v.b
Күрделі / қос сөздер	жарқ-жүрк, тақ-тұқ, тарс-түрс, жалт-жұлт, дүрс-дүрс, тасыр-тұсыр, шарт-шұрт, бүлк-бүлк, шиқ-шиқ, т.б.	Takroriy taqlid so'zlar:	duk-duk, yalt-yult, shov-shuv, taqir-tuqur, duv-duv, gumbur-gumbur
Еліктеуіштердің түрлері – Taqlid so'zlarning ma'no turlari			
Дыбыстық еліктеуіштер	сырт-сырт, шиңк-шиңк, салп-салп, шыр-шыр, пыр-пыр, сарт-сұрт, сақ-сақ, сылқ-сылқ, шаңқ-шұңқ, дар-дар, тарс-түрс, т.б.	Tovushga taqlid so'zlar:	gumbur-gumbur, shov-shuv, qars-qurs, sharaq, shalop, shitir-shitir, taqir-tuqur
Бейнелеуіш сөздер	жарқ-жүрк, жалт-жұлт, жалп-жалп, салп-салп, арбаң-арбаң, едірең-едірең, маң-маң, желп-желп, бүкшең-бүкшең, бұрқ-бұрқ, т.б.	Holatga taqlid so'zlar:	lip-lip, jimir-jimir, yalt-yult, lapang-lapang, dik-dik, g'ir-g'ir, dir-dir, dag'-dag'

§ 22. ОДАҒАЙ

Лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның көңіл күйіне байланысты және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер **одағайлар** деп аталады.

Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан құбылтып, өзгертуге негіз болады. Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай *бір мағыналы* және *көп мәнді* болып бөлінеді. Одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұған одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылардың да ықпалы ерекше.

Одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және заттанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалыуында көмекші етістіктің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі одағайлар семантикалық мәніне байланысты үш топқа бөлінеді: көңіл күй одағайлары – *Алақай! Охо! Пай-пай! Қап!* т.б.; императивтік-ишара одағайлары – *Айда! Тәйт! Сап-сап! Кәне! Жә! (адамға қатысты), Шөре-шөре! Көс-көс! Айтақ-айтақ! Әукім-әукім!* т.б. (малға, үй хайуандарына қатысты); тұрмыс-салт одағайлары – *Хош! Хайыр! Рақмет! Құп! Ассалаумағалейкум! Кеш жарық!*, т.б.

Өзбек тіліндегі undov `одағай` құрылымына қарай sodda `дара` hoу, eu, eh (таңғалуды білдіреді), eh-he, ehe (қуанышты), voy (қорқынышты), uh (өкінішті); bay-bay (таңырқауды білдіреді), т.б.

Қазақ-өзбек тілдерінде жан-жануарлар мен құстардың дыбыстарын, басқа да табиғи дыбыстарды білдіретін еліктеуіштерден жасалған үй құстары мен үй жануарларын шақыруға арналған одағайлар да жиі қолданылады: chip-chip `шіп-шіп` (балапанның дауысына еліктеу, үй құстарын шақыру); pish-pish `міш-міш` (мысықты шақыру), т.б.

Қазақ-өзбек тілдеріндегі одағайлар
Qozoq-o'zbek tillaridagi undov so'zlar

Одағай – Undov			
Қазақ тілінде		О'zbek tilida	
Одағайлардың құрамы – Undovlarning tuzilish turi			
Дара (түбір/ негіз)	А-а-а! Ә-ә-ә! Аһ! Ух! Ой! Пай! Қап! Бәсе! Мә! т.б.	Sodda un- dovlar	hey, tss, oh, uh, e, chu, , voy, iya, xo'sh, kisht, hoy, voh, Hoy! Obbo! Voy!
Күрделі	Мәссаған! Апырым-ай! Әттеген-ай! Бәрекелді!	Takroriy undovlar	chip-chip, pish-pish , Qani! Hormang! Yashang!
Тіркесті а) Одағайлы еркін тіркестер; ә) Одағайлы тұрақты тіркестер.	а) Апыр-ай десейші! Бәсе деймін! Уа деген! ә) Ай-шай деспей, әу десті, ойбай салды, т.б.	Juft undo- vlar	o'h-ho', uh-hu, eh- ha, voy-bo', voy-bo'y, voy-dod, eh-voh, oh-uh
Одағайдың түрлері – Undovlarning ma'no turlari			
Көңіл күй одағайлары	Алақай! Охо! Пай-пай! Қап! А-а-а! Ә-ә-ә! Аһ! Ух! Ой! Пай! Бәсе! Мә! т.б.	His-hayajon undovlari:	Uf, oh, voy, iye, o'h-ho', bay-bay, Iye! Voy! Ho! Oh! ehe! Hay-hay!
Императивтік- ишара одағайлар а) адамға қатысты ә) жан-жануарға қатысты	а) Айда! Тәйт! Сап-сап! Кәне! Жә! ә) Шөре-шөре! Көс-көс! Айтақ-айтақ! Әукім- әукім! т.б.	Buyriq-xi- tob undo- vlari:	Allo! Ey! Marsh! Mosh-mosh! Beh- beh! Hoy! Jim!
Тұрмыс-салт одағайлары	Хош! Хайыр! Рақмет! Құп! Ассалаумағалейкум! Кеш жарық! т.б.	Urf-odat undovlari:	Balli! Qulliq! Hor- mang! Yashang! Assalom-u alaykum! Ofarin!

**ҮШІНШІ
БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ
СИНТАКСИСІ**

§ 1. СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМ

Синтаксис термині тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылады: біріншісі – коммуникация (пікір алысу) үдерісінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі – тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы³⁸. Жалпы тілдің негізгі коммуникативтік қызметі синтаксистік жүйе арқылы жүзеге асатындықтан туыс түркі тілдердің синтаксистік конструкцияларын салыстырмалы тұрғыдан қарастыру жалпытүркілік тілдік құрылымның даму жолын айқындауға септігін тигізетін өзекті мәселелер қатарында. Коммуникация процесіндегі ойды жеткізу немесе сөйлеуді жүзеге асыратын коммуникативтік тілдік тұлғалардың ауқымы әртүрлі болып келеді: қарапайым пікірді айтуға жай сөйлемдер, күрделі ойды жеткізуге құрмалас сөйлемдер қызмет етсе, көлемді ақпаратты беру үшін мәтіндік құрылымдар пайдаланылады. Коммуникативтік сипаттағы тұлғалардың жасалуын құрылымдық компоненттер қамтамасыз етеді. Сөз тіркестері мен сөйлем мүшелері құрылымдық компоненттер құрайды. Сөйлеу үдерісін қамтамасыз ететін құрылымдық компоненттер мен коммуникативтік сипаттағы тілдік құрылымдар синтаксистің негізгі зерттеу нысанына жатады.

Агглютинативті жүйеге негізделген түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын танып-білу синтаксистік формалар мен синтаксистік мағына арасындағы сабақтастыққа негізделеді. Сөз бен сөздің, синтаксистік тұлғалардың арасындағы абстрактылы, жалпылық сипаттағы қатынасты білдіретін синтаксистік мағына –қарым-қатынас үдерісіндегі маңызды лингвистикалық механизмдердің өзегі.

Синтаксистік конструкциялардың жасалуы сөздердің белгілі синтаксистік қатынасқа түсіп, өзара байланысу амалдары: синте-

³⁸ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 581-б.

тикалық, аналитикалық тәсіл арқылы іске асады. Сөздердің аналитикалық жолмен байланысуына грамматикалық категориялар көрсеткіштері қатыспайды, лексемалар логикалық негізде интонация, орын тәртібі принципі арқылы және шылаулар арқылы байланысқа түсіп, сөз тіркестерін құрайды. Ал синтетикалық тәсілмен жасалған сөз тіркестері жалғаулар арқылы байланысқа түсіп, синтаксистік бірлікке айналады. Қазақ-өзбек тілдеріндегі сөз тіркестері етістікті сөз тіркестері және есімді сөз тіркестері деп бөлінеді. Етістікті сөз тіркестері мен есімді сөз тіркестері байланысу тәсілдері мен жасалу ерекшеліктеріне байланысты іштей бірнеше топқа ажыратылып қарастырылады.

§ 2. СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлем құрамындағы өзіндік функционалдық қызметі бар тілдік бірліктерден тұратын сөйлем мүшелері тіл білімінде бес түрге бөлініп қарастырылады: *бастауыш – ega, баяндауыш – kesim, анықтауыш – aniqlovchi, толықтауыш – to'ldiruvchi, пысықтауыш – hol*. Сөйлем құраудағы қызметіне байланысты сөйлем мүшелері екі топқа бөлінеді: *тұрлаулы мүшелер – bosh bo'laklar, тұрлаусыз мүшелер – ikkinchi darajali bo'laklar*. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері – бастауыш пен баяндауыш, тұрлаусыз мүшелері – анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш.

1-кесте

Қазақ және өзбек тілдеріндегі сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері – Gap bo'laklari					
Қазақ тілінде			O'zbek tilida		
Сөйлем мүшелері	Сұрақтары	Мысалдар	Gap bo'laklari	So'roqlari	Misollar
Тұрлаулы мүшелер – Bosh bo'laklar					
Бастауыш	кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі?	Бөлме әдемі етіп жиналған.	Ega	kim? nima? qayer?	Anvar keldi. Bu kitob meniki.

1-кестенің жалғасы

Сөйлем мүшелері	Сұрақтары	Мысалдар	Gap bo`lamlari	So`roqlari	Misollar
Баяндауыш	не істеді?	Біз бүгін таныстық.	Kesim	nima qildi? nima bo`ldi?	Biz bugun tanishdik.
Тұрлаусыз мүшелер – İkkinchi darajali bo`lamlar					
Анықтауыш	қандай? қай? кімнің? ненің? қанша? неше? қаншасыншы?	Бауда өте әдемі ағаш өсіп тұр.	Aniqllovchi	qanday? qanaqa? qaysi? qancha? necha?	Bu qizil gul. Lola a`lochi o`quvchi.
